

Т.Тұрлығұл, Қ.Адамбосынов, М.Райымбекова

ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ

ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАУ

Жалпы білім беретін мектептің
жаратылыстану-математика бағытындағы
11-сынып мұғалімдеріне арналған құрал

Екінші басылым

*Қазақстан Республикасының
Білім және ғылым министрлігі бекіткен*



Алматы «Мектеп» 2011

УДК 373(072)

ББК 74.263.3

T86

Тұрлығұл Т., т. б.

T86 **Қазақстан тарихы: Әдістемелік нұсқау: Жалпы білім беретін мектептің жаратылыштану-математика бағытындағы 11-сынып мұғалімдеріне арналған күрал / Т. Тұрлығұл, Қ. Адамбосынов, М. Райымбекова. 2-бас.— Алматы: Мектеп, 2011. —112 б.**

ISBN 978—601—293—406—9

Т 4306010600—057 95(2) — 11
404(05)—11

УДК 373(072)
ББК 74.263.3

© Тұрлығұл Т., Адамбосынов Қ.,
Райымбекова М., 2007

© Көркем безендірлүй:
«Мектеп» баспасы, 2011
Барлық құқықтары коргалған
Басылымның мұліктік
құқықтары «Мектеп» баспасына
тиесілі

ISBN 978—601—293—406—9

КІРІСПЕ

Қазақстан тарихының аса маңызды кезеңдері мен тұлымды мәселелеріне — қазақ халқының қалыптасуы, Қазақ хандығының құрылуы, Қазақстанның Ресей империясының қол астына еріксіз кіруі, Қазақстан халықтарының этнографиясы, қазақ диаспорасының тарихы, сондай-ақ тәуелсіз Қазақстан Республикасы құрылғаннан бергі уақыт ішіндегі даму кезеңдері жатады.

11-сыныптың жаратылыстану-математика бағытына арналған бұл оқулыққа 34 сағат белінген. Пәннің білімдік маңызы халқымыздың 400 жылға созылған азаттық, тәуелсіздік жолындағы үлт-азаттық күрестін, осы күрестер салдарынан қазақ диаспорасының пайда болып қалыптаса бастағанын, төрт ғасырға созылған күрестің кезеңдік оқиғаларын, сондай-ақ олардың рухтандырушы, жігерледіруші рөлі туралы жан-жақты баяндайды. Осы күрестің нәтижесінде қол жеткізген тәуелсіздіктің тамаша өзгерістерімен таныстырады.

Пәннің тәрбиелік маңызы — туған елінің, оның халықтарының, өз үлттының бақытты болашағы үшін бар күш-жігерін, білімін аямаған, өзінің жеке мұддесінен халық, үлт мұддесін жоғары қойған халқымыздың біртуар қаһарман үл-қыздарының өмірі мен тарихи қызметі оқушылардың көз алдынан өтеді. Осының бәрі оқушыларды отаншылдыққа, жоғары адамгершілікке тәрбиелейді.

КУРСТЫ ОҚЫТУДЫҢ ҒЫЛЫМИ- ӘДІСТЕМЕЛІК МӨСЕЛЕЛЕРИ

Құрметті ұстаздар! Осы тақырыптың кіріспесі ретінде, алдымен, сіздердің назарларыныңды төмендегі жағдайларға аударамыз.

Мектепте оқытылатын қай пәннің болса да оқыту процесі оны оқытудың теориясы мен әдіstemесіне сүйенетіні белгілі. Орта мектеп үшін мұғалімдер даярлайтын жоғары оку орындарының факультеттерінде «Оқыту теориясы мен әдіstemесі» деп аталатын ғылыми-педагогикалық пән бар. Оның мазмұны мен құрылымы өзінің негізін дидактикадан — оқыту теориясынан алады. Қофамда өзгерістер болып, білім беру саласында реформалар қабылданып жатса да жеке пәндерді оқыту әдіstemесі, негізінен, өзінің дәстүрлі мазмұны мен құрылымын сақтап келеді. Бұған сыныптық-сабактық жүйе мысал бола алады.

Бұл жүйенің дүниежүзілік білім беру саласына жаппай енгеніне үш жарым ғасырдан астам уақыт болды. Әйтсе де осы жүйені одан әрі жетілдіруге бағытталған жаңалықтар, бастамалар, ұсыныстар тәжірибеге енгенімен, сыныптық-сабактық жүйе сақталып отыр. Қазіргі кезеңде көп айтылыш жүрген жаңа педагогикалық технологиялар мен ақпараттық технологиялар да дәстүрлі жүйені түбебейлі өзгерткен жок. Оларда сол жаңа оқыту формалары, әдіс-тәсілдері де дәстүрлі сыныптық-сабактық жүйеде қолданылады.

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, «Қазақстан тарихын оқытудың теориясы мен әдіstemесінің» төмендегі мәселелерін шығармашылықпен жүзеге асыру осы курсты оқыту барысында мұғалімдерге нақты көмек болады деп есептейміз.

Курстың әдіснамалық мәселелері. Әдіснамалық түрғыдан қарағанда, ақиқаттық жөнімен шешіліп болмаған, өзінің лайықты бағасын әлі ала алмаған, жете зерттелмеген мәселелер баршылық. Олардың қатарына ұлт-азаттық қозғалыстар тарихын, 1929—1931 жылдардағы қазак шаруаларының қозғалысын, 1940—1989 жылдар аралығында болған бас көтерулердің тарихын жатқызуға болады.

Қазақ диаспорасының тарихы, XX ғасыр басындағы саяси партиялар мен ағымдар, XX ғасырдың 30-жылдарындағы қуғын-сүргін, XIX—XX ғасырлардағы Қазақстандағы

этнодемографиялық ахуал, Тәуелсіз Қазақстанның алғашқы жылдарында орын алған әлеуметтік-экономикалық, мәдениет саласындағы қындықтар мен келенсіздіктер, XX ғасырдағы Қазақстан тарихын кезеңдерге белу мәселелерінің бәрі де әдіснамалық түрғыда дұрыс түсіндіруді, оқиғалар мен құбылыстардың себептерін, олардың арасындағы байланыстары мен нәтижелерін немесе салдарын ашып көрсетуді қажет етеді. Ол үшін, алдымен, оқулықтағы материалдарға, хрестоматиядағы құжаттарға, олардың сонында берілген қосымша деректерге мән бере отырып оку керек.

Пән мазмұнында кездесетін бірқатар ғылыми мәселелерді әдіснамалық түрғыда дұрыс оқыту үшін мұғалім соңғы жылдары жарық көрген еңбектерді басшылыққа алғаны дұрыс. Олардың қатарына 1995 жылдан бастап шыға бастаған «Қазақстан тарихы, көне заманнан бүгінге дейін», 5 томдық (Алматы, Атамұра); «Қазақтар», 1—9-томдар. «Ертеден қазірге дейін» (Алматы, 1998); Козыбаев М. «Жауга шаптым ту байлап» (Алматы, Қазақстан 1994); Қойгелдиев М., Омарбеков Т. «Тарих тағылымы не дейді» (Ана тілі, 1993); Нұрпейісов К. «Алаш һем Алашорда» (Алматы, 1995); Жолдасбеков М., т.б., «Елтұтқа» (Астана, 2002) т.б. Алматы қаласындағы желтоқсан көтерілісінің 20 жылдығы қарсаңында да осы көтеріліс оқиғаларын ақырат түрғысынан баяндайтын мол деректі материалдар жарияланды.

Оқытылатын тақырыптың, сабактың мақсаты мен міндеттерін анықтау. Тарихи материалдың оқыту мақсатын бір тақырып көлемінде анықтағанымыз орынды болмак.

«Тәуелсіз Қазақстан Республикасы 1991—2011 жылдарда» тақырыбын оқытудағы негізгі мақсат: осы уақыт ішінде елімізде болған басты-басты қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық, мәдениет пен сыртқы саясат саласындағы елеулі де маңызды өзгерістерден хабардар ете отырып, тарихи маңызды даталарды, деректер мен оқиғаларды оқушылардың санасында берік қалыптастыруды, оларды сол деректер мен оқиғаларға, жеке қайраткерлердің қызметіне талдау жасап, баға беруге, өздерінше қорытынды жасауға баулу. Оқушыларды қазіргі қоғамның ішкі-сыртқы жағдайларын, оның алдында түрған күрделі міндеттерді жақсы түсініп, сол міндеттерді шешуге белсене араласа алатын дәрежеге жеткізу.

Тарау 4—5 сабакқа жоспарланғандықтан және әр сабакта тарихтың жеке қырлары қарастырылғандықтан сабактың мазмұны оның мақсатына лайықталаынып күрылады. Сабактың мақсатында оның түпкі нәтижесі көрсетіледі де, бүкіл жоспар ойдағыдай іске асады. Сабак жоспарындағы белгіленген нәтижеге жеткендігін анықтау үшін, сабак соңында оқушылармен қысқаша жазба жұмысын жүргізу ұсынылады. Ал тақырыпты оқыту мақсатының орындалу нәтижесі қорытып-қайталау сабағында анықталады. Бұл сабакты сайыс түрінде өткізген дұрыс.

Екінші, үшінші, төртінші тақырыпшалар бойынша жасаған сабак жоспарларында нәтижеге жету жолдары түрлі сұлбалар арқылы көрсетіледі.

Ұсынылып отырған пәннің сабактары тәрбиенің мына бағыттарын: оқушылардың қоршаған ортаға ғылыми көзқарасын қалыптастыруға; адамгершілікке, отаншылдыққа, қаһармандыққа, ұлтжандылыққа, барлық халықтарды құрметтеуге, олармен достық қатынас орнатуға; еңбексүйгіштікке; діннің тарихтағы рөлін дұрыс түсінуге тәрбиелеуді; эстетикалық, экологиялық, экономикалық тәрбие беруді көздейді. Оқушыларға сабак үстінде тәрбие берудің ерекше әдісі — олардың әсерлілігінде, эмоциялышында.

Дамытушылық міндеттердің жүзеге асырылуы, нәтижелі болып аяқталуы бірқатар жағдайларға, алдымен, оқушылардың тиісті тарихи білім мен біліктерді қаншалықты менгергендігіне байланысты. Бұл міндетті жүзеге асыру мұғалімнің оқу материалын түсіндіру барысында тарихи оқиғаның пайда болуы, дамуы, бәсендеуі, аяқталуы, т.б. процесіне байланысты. Ал енді бұларға нелер себеп болды еken? Олардың қайсысы негізгі себептерге жататынын анықтайық деген сияқты қарапайым тәсілдермен оқушылардың ойлау қызметін дамытуға түрткі жасау. Онда әртүрлі тарихи кезендерде болған оқиғалардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын табуға, неліктен ұқсас, неліктен өзгешеліктері болғанын негіздеуге, даму бағыты туралы әртүрлі топтардың көзқарастарының қайсысының дұрыстығын (С.Седуақасов пен Голощекин топтары арасындағы Қазақстанда социализм орнату бағыты туралы пікірталас, т.б.) анықтауға бағытталған сұрақтар мен тапсырмалар беріледі.

Оқыттылатын тақырып пен тақырышаның мазмұнын талдау, қажет болса, құрылымын өзгерту. Әрбір тақырып тарихи деректерден, оқигалардан, құбылыстардан, ұғымдардан құралады. Бұлардың бәрі білім санаттары. Сондыктан тақырыпқа, сабакқа дайындалғанда бұларды оқушылар санасына қалыптастыруға ерекше мән беріледі.

Тақырыптың, сабактың білім мазмұны оқулықта аныкталады. Дейтүрганмен бірқатар үстаздар оқушылардың, сондай-ақ өзінің де мүмкіндіктерін, кабинеттегі оку жабдықтарын, т.б. ескере отырып, баяндау жоспарын өздігінше құрады. Оқулықта берілген материалдың құрылымы, өсіресе педагогикалық технологияларды пайдаланғанда көбірек өзгеріске ұшырайды. Демек, мұғалім оқу материалының құрылымын шығармашылықпен өзгерте алады, бірақ та бағдарлама мен оқулықта көрсетілген негізгі тарихи деректер, оқигалар, құбылыстар, ұғымдар оқушылар санасында берік қалыптасуы керек.

Тарихи білімді менгеру тарихи деректерді оқып-үйренуден басталады. Дерек — тарихта болып еткен оқиға. Деректерді екі топқа болуға болады:

1) жеке оқиғанды білдіретін дерек. Ол тарихта белгілі жерде, белгілі уақытта бір-ақ рет болады. Мәселен, 1986 жылғы 16—18 желтоқсан оқигалары немесе 1991 жылғы 16 желтоқсанда Тәуелсіз Қазақстан Республикасының жариялануы. Бұлардан басқа деректер де оқулықта кездесіп жатады. Олар ірі тарихи деректердің шығу себептерін, барысын, нәтижесін түсіну үшін қажет.

2) ірі тарихи оқигаларды білдіретін деректерді тарихи құбылыстар деп те атайды. Өйткені олар белгілі бір тарихи дәуірдің, кезеңнің сипатты белгілерін білдіреді, бірнеше рет қайталанады. Бұған XIX ғасырдағы Қазақстандағы патша өкіметінің отарлау саясатына қарсы жүргізілген ұлт-азаттық қозғалыстар жатады.

Сөйтіп, әрбір сабак материалында кездесетін негізгі деректер, оқигалар, тарихи құбылыстар, жаңа ұғымдар, терминдер оқушылар санасында берік қалыптасқандағанда үстаз бүгінгі сабактың мақсатында көрсетілген түпкі нәтижеге жеттім дей алады.

Оқытудың ұйымдастыру формаларын таңдау. 11-сыныпқа сабак беретін үстаздарға тарихи деректермен қатар

тарихи түсініктерді, ұғымдарды қалыптастыруға, оған назарын аударуға тура келеді. Бірақ олар ұстаздарға қызындық келтірмейді, оның үстіне бұл сыйыпта жаңа күрделі тарихи ұғымдар өте аз.

Тарих пәнін дәстүрлі оқыту формалары — тарих сабағы, мектептік семинар, мектептік дәріс, практикалық-лабораториялық сабак, практикум, конференция, т.б. Ал тарих сабағының өзінің де дәстүрлі бірнеше типтері (турлери) бар екені белгілі. Олар — оқытудың барлық негізгі элементтері бар немесе аралас сабак, сабактың негізгі бөлігі жаңа тақырыпты оқытып-үйретуге арналған сабак, қайталау сабактары (уш-төрт түрге белінеді), кино сабак, саяхат сабак, т.б. Біздің осы әдістемелік нұсқауымызда көрсетілгендей, тақырыптар мен жеке сабактарды тарих сабактарының қандай типімен немесе оқытудың қандай үйымдастыру формасымен откізем десе мүғалімнің өз еркі. Бірақ та оқыту формасы мен сабак типін таңдағанда алдымен сол сабактың мазмұны, оқушылардың дайындық дәрежесі және тарих кабинетінің оқу-материалдық базасының мүмкіндігі ескеріледі.

Әрбір тарих сабағын қызықты да тартымды, әрі үйымшылдықпен откізіп, сабактың әрбір минутын тиімді пайдалану керек. Мәселен, үйге берілген тапсырманы сұрау кезінде — оқушылардың ауызша жауабы тыңдалады; тарихи және кескін картамен, оқушының дәптерімен жұмыс жүргізіледі; жауап беруге бүкіл сыйып қатыстырылады; білім тест сұрақтарымен тексеріледі; жеке топтардың білімін кеңесшілер тексереді; деректермен, құжаттармен жұмыс; шағын баяндама тыңдау; реферат қорғау; мәтіннің күрделі жоспарын жасау; пікірталас үйымдастыру; дөңгелек үстел откізу; тарихи диктант жаздыру; жазбаша бақылау жұмысын алу; мерзімді баспасөз материалын пайдалану, т.б. жүзеге асады.

Жаңа материалды менгерту барысындағы мүғалім әңгімесі, дәріс оқу, жоспар бойынша жаңа материалды оқушылардың өздігінше оқып-менгеруі, тақырыпты техникалық құралдардың көмегімен түсіндіру, компьютердегі электронды оқулықтағы білім элементтерін (тарихи құжаттарды, түрлі сызба мен кестелерді, жеке қайраткерлер портретін, тарихи карталарды, т.б.) пайдалану, рефераттар,

шағын баяндамалар тындау, тарихи оқиғалар, тарихи қайраткерлердің қызметін оқушыларға бағалату сияқты әдістер оқушыларды жаңа сабакты менгертуге көмектеседі.

Бұгін өтілген материалдың аса қажетті мәселелері бойынша пысықтауды тиімді үйымдастыру және оған оқушылардың көбін, өсіреле, орташа оқытын оқушыларды қатыстыру өте пайдалы. Ол үшін мұғалімнің сұрақтарына оқушылар жауап береді. Олар деректермен, құжаттармен, анықтаушы материалдармен, баспасөз мақалаларымен жұмыс істейді. Термин сөздерді, ұғымдарды, олардың анықтамаларын дәптерлеріне жазып, мазмұнын түсіндіреді. Сұлбалар, кестелер дайындаиды, оларды өздігінше толтырады, карта бойынша жұмыс жүргізеді. Жұмыс дәптеріндегі немесе дидактикалық материалдағы тапсырмаларды орындаиды; оқулықпен жұмыс істейді.

Мұғалім өзінің сабак өткізуден әдістемесінің сапасын немесе сабак мақсатында көрсетілген түпкі нәтижеге қаншалықты жеткендігін анықтау үшін үй тапсырмасын сұраудың орнына кейде жаңа сабакты өтеді де, қалған уақытта осы сабак бойынша жазба жұмысын жүргізеді. Оқушылар 6 топқа бөлініп, әр топқа шамамен 15—20 мин-та жауап беретіндей бір-бір сұрақ қойылады. Осы жұмыстарды үйде тексеріп, қорытындысын мұқият талдаса, ұстаз көп ұтады. Мұндай жұмыс оқушылардың да, тіпті мұғалімнің де онша мән бермейтін мәселелерін анықтап береді. Осындай жұмыс араға 10—15 сабак салып өткізіп отырса пайдалы.

Оқыту әдіс-тәсілдерін іріктеу. Соңғы жылдарда дәстүрден тыс сабак түрлерінің пайда болуына байланысты пікірлесу, баға беру, қорытынды жасау, интерактивті, т.б. әдістер пайда болды, олардың бірқатарын осының алдындағы мәселеде атап өттік. Ал біз әңгіме етіп отырган пәнде мұғалімнің сабакты ауызша баяндау әдістері, тарихи құжаттарды, көркем әдебиетті, мерзімді баспасөзді, оқулық пен хрестоматияны пайдалану және оқытуды қоршаган ортамен, қазіргі кезеңмен байланыстыру әдістері жетекші рөл атқарады.

Оқушыларды жаңа материалды оқып-үйренуге ынталандыру. Алғашқы сабактан бастап мұғалім пәннің ерекшелігімен таныстырады. 11-сыныпта оқушылар Қазақстан тарихының соңғы екі ғасырдағы аса маңызды кезеңдері мен

кейбір гылыми мәселелерін оқып-үйренетініне назар аударады. Мәселен, алғашқы тақырыпты атап, ондағы тарихи оқиғаларды негізгі мектептің 8—9-сыныптарында бөліп-бөліп бес-алты сабак қолемінде откендерін, ал сол тақырып 11-сыныпта он екі сабакқа лайықталып, өлдекайда кеңейтіліп беріліп отырганын хабарлайды. Бұл тақырып біздің халқымыздың ұлт-азаттық, тәуелсіздік жолындағы күресін тұтас қарастыратынын ескертеді. Мұнда бұрын кездеспеген жаңа тарихи оқиғалар, өсіреле XX ғасырдың 40-жылдарының бас кезінен басталған ұлт-азаттық қозғалыс оқиғалары, 1989 жылғы Жаңаөзендеңі қазақ жастарының көтерілісі және олардың басшылары туралы жаңа маңызды деректермен танысадындарын еске салады.

Кезекті сабакты мұғалім — Жұбан Молдағалиевтің «Мен қазақтын — мың өліп, мың тірілген» — деген өлең жолымен бастайды. 150 жылға созылған жонғарлардың шапқышылығымен, 300 жылдай отарлық жағдайда болып, соның салдарынан бірнеше рет ашаршылыққа, қырғынға, құғын-сүргінге ұшырап шетел асқан қазақтарды бүтінгі күні «Қазақ диаспорасы» деп айтады. Бүтінгі сабағымызды «Қазақ диаспорасы» қашан, қалай пайда болған, олардың көбі қай елдерді қоныстанған, шетелдегі қазақтардың өз еліне келуіне нелер кедергі болып отыр, барлық қазақтарды тезірек көшіріп алушың қандай мүмкіндіктері бар, бұл мәселелер жөніндегі сендердің пікірлерің қандай? — деп, мұғалім «Қазақ диаспорасының тарихы» тақырыбын бастап кетеді.

Осылайша курстың кез келген тарауын да, сабағын да тартымды етіп бастап, әрі қарай мұғалім өзі қойған сұрақтарды шешуге оқушыларды қатыстырып отырады.

Сабактастықты, пән, курсаралық байланыстарды жүзеге асыру. Дәл қазіргі уақытта тарих пәнін сапалы оқыту үшін сабактастық қағидасын мықтап ескеру қажет.

Тарих пәнінің сабактастығын тәмендегідей жүзеге асыруға болады. Мұғалім жаңа оку жылында тарих пәнінің жаңа курсын бастайды. Сол жаңа курс өткен жылғы аяқталған курспен, бастауышта алған қоғамдық-тарихи біліммен байланыстырылады.

Бұл курстың мазмұны пәнаралық, курсаралық және курсішілік байланыстарды жүзеге асыруға өте қолайлы және сынып жоғары болғандықтан оның өзі өте қажет. Қазақстан тарихы пәні қоғамтану, экономикалық география,

құқық, әдебиет пәндерімен тығыз байланысты. Сондықтан тарихшы мұғалім атап да пәндер бағдарламаларымен алдын ала танысып, байланыстыру жолдарын қарастыруы тиіс. Курсаралық байланыста дүниежүзі тарихы курсымен, ал курсішлікте осы курстың өзінің үқсас мәселелерімен байланыстырып отыру қарастырылады. Бұлардың бөрінің де екі жақты пайдасы бар. *Біріншіден*, бұрын өтіп кеткен оқу материалы қайта еске түсіріліп, білім тиянақталады. *Екіншіден*, мұндай байланыстар оқушылардың дүниегеғілыми қозқарасын қалыптастыруға үлес қосады.

Пәнаралық, курсаралық, курсішлік байланыстар мынадай үш ретпен жүзеге асырылады. *Бірінші*, өтіліп жатқан екі пәннің үқсас материалы қатар оқытылған жағдайда тікелей байланыстырылады. *Екінші*, өтіп кеткен материалмен байланыстыру. Мәселен, тарих пәнінен өтіліп жатқан тақырып экономикалық географиядан бұрын оқытылып кеткен болса, мұғалім оған сілтеме жасайды. Бұл екі жағдайда да мұғалім оқушыларға сұрақ қойып, пәнаралық, курсаралық байланыстарды табуға, оларды анықтауға оқушылардың өздерін қатыстырады. Пән, курсаралық байланыстардың үшінші жолы тарихтың бүгін оқытылып жатқан материалын текстес пәндердің бірінен келешекте өтілетін материалмен байланыстыру. Мысалы, әңгіме қоғамдағы саяси партиялар туралы болса, олардың қызметі туралы материалды келешекте қоғамтану пәнінен өтесіндер деп ескертеді.

Жаңа оқулықтың ерекшеліктері және оны пайдалану туралы әдістемелік ұсныныстар. Жалпы білім беретін мектептің жаратылыстану-математика бағытындағы 11-сыныбына арналған бұл оқулықтың ерекшеліктері мыналар:

1. Бағдарлама бойынша осы сыныпта «Қазақстан тарихын» оқытуға 34 сағ берілген, ал оқулықтағы мәтін де 34 параграф.

Негізгі мәтін оқулықта жетекші орын алады. Ол дидактикалық, әдістемелік жағынан барынша ойластырылып, жүйелі жазылған. Қосымша мәтінге хрестоматиялық материалдар, тарихи және басқа да құжаттар, көркем шығармалардан, естеліктерден, ғылыми-көпшілік әдебиеттерден алғынған үзінділер енгізілді. Бұл мәтіннің құрамында жеке қайраткерлер туралы өмірбаяндық, сондай-ақ ғылымтану-шылық материалдар да кездеседі.

2. Оқулықтағы 34 параграфтың әрқайсысы бір сабакқа лайықталған, кемі 2—3 сабакты қайталауға қалдыру қажеттігін ескерсек, негізгі мәтіннің өзіне уақыт жеткізу қыныңды туады. Осылан байланысты мынадай әдістемелік ұсыныстарды ескерген дұрыс. *Біріншіден*, жоғары сынып оқушыларының білім деңгейі мен дайындық дәрежесінің жақсы екендігін, *екіншіден*, педагогикалық технологияларды тиімді пайдалана отырып, оқытуудың үйымдастыру формалары мен әдіс-тәсілдерінің ең нәтижелілерін пайдалануға болады. Мәселен, дұрыс үйымдастырылған бір мектептік дәрісте, семинарда 2—3 сабак материалын өтуге болады. Немесе көлемді тақырыпты 7—8 сабак етіп өтпей-ақ, блоктық тақырыптық жүйемен 5—6 сабакта өтуге болады. Осылайша оқулықтың негізгі мәтінін пайдалануға шығармашылықпен қарап, негізгі мәтінді толық өтуге де, қайталау сабактарына да уақыт табуға болады.

3. Ұстаздар оқулықта келтірілген қосымша мәтіндерді, безендіру құралдарын, әрбір параграф пен тақырыпқа қосымша берілген материалдар бойынша қойылатын сұрақтарды оқыту процесінде үнемі пайдалану жолдарын қарастырганы дұрыс. Қосымша материалдың молдығы және сипатының түрліше болуы олардың бірқатарымен оқушылардың сабак үстінде, сабактан тыс уақытта да өздігінше жұмыс орындауына мүмкіндік береді.

4. Оқулықтың құрылымы мен мазмұнын анықтағанда авторлар мектеп оқулықтарына қойылатын талаптарды мүмкіндігінше ескеріп отырды.

Бұл әдістемелік құралдың құрылымы мен мазмұны бұрынғылардан өзгешелуе.

«Кіріспе» белімінің бірінші тақырыпшасында осы курстың мазмұны мен білімдік, тәрбиелік, дамытушылық міндеттері қысқаша ашылып көрсетіледі. Сол әдістемелік ұсыныстармен мұқият танысқаннан кейін кейбір ұстаз сабак жоспарын, оларды үйымдастыру жобаларын шығармашылықпен ойланып басқаша жасауы мүмкін. Осындай жағдайларды ескере отырып, оқулықтағы сегіз тарауды оқытуудың тақырыптық-сабактық үлгі жоспарларын түрлі нұсқалармен ұсынуды жөн көрдік.

Бірінші тақырыптың алғашқы үш сабағын, тақырыпқа берілген кіріспені қоса үш сабакта өткен дұрыс және біз оларды дәстүрлі тарих сабактарының типтерімен өткен

тиімді деп есептейміз. Осы сабактарда ұстаз шәкірттерімен жақынырақ танысады, оларды оқытудың қандай формаларын, әдіс-тәсілдерін қолдайтындығын байқайды, білімі мен біліктілік деңгейлерін де аңгарады. Осыған орай біз уш сабактың қыскартылған сұлбалық жобасын ғана ұсынамыз. Сабактың ішкі құрылымын жобалауды мұғалімнің шығармашылық шеберлігіне қалдырамыз.

Бұнан әрі қарайғы тақырыптардың сабактарын өткізу дін үлгі жоспары түрліше.

Осы алғашқы тақырыптың қалған он сабағын блоктық-тақырыптық тәсілмен жоспарладап, 6—7 сағ-та өтуге болады деп есептейміз.

Қорыта айтқанда, оқулыққа қоса беріліп отырған әдістемелік нұсқау мұғалімдерге нақты көмек беру мақсатын көздейді. әдістемелік нұсқауды барынша тиімді әрі шығармашылықпен пайдалану ұстаздардың әдіскер шеберлігін, оқушылардың білімі мен біліктілігін арттыруға лайықты үлес қосады.

I тарау. ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ XVII—XX ҒАСЫРЛАРДАҒЫ ҮЛТ-АЗАТТЫҚ, ТӘУЕЛСІЗДІК ЖОЛЫНДАҒЫ ҚУРЕСІ

§ 1. XVII — XVIII ҒАСЫРЛАРДАҒЫ ЖОНГАР ШАПҚЫНШЫЛЫҒЫНА ҚАРСЫ АЗАТТЫҚ ҚУРЕС

«Қазақстан тарихының аса маңызды кезеңдері мен ғылыми мәселелері» курсының маңызын, мазмұнын, ерекшелігін ашып көрсете отырып, шәкірттерді осы пәнді оқып-үйренуге ынталандыру; туған жерді сырттан болған шапқыншылықтан қорғаудың аса қасиетті ерлік екенін, оған белсене қатысқан қайраткерлердің қызметтің ашып көрсетеу; шапқыншылықтың жонғарлар тарарапынан әділетсіз, қатыгездік болғанын өшкөрелеу.

Сабакты ойдағыдай өткізуге толық мүмкіндік бар. Бірқатар деректер оқушыларға таныс, қосымша материалдар жеткілікті, олардың көбі әсерлі көрнекі құралдар, карта, сұлба, т.б. бар. Оқушылардың өз бетімен атқаратын жұмыстарының бірнеше түрін ұйымдастыруға болады.

Сабактың маңыстары

Сабак материалы оқушыларды отаншылдық, ұлтжандылық рухта тәрбиелеуге өте қолайлы. Сыртқы жаудан қорғануда ұйымшылдықтың, бірауыздылықтың аса қажеттігі айқын байқалады. Мұғалімнің әңгімесі, орынды пайдаланған көрнекі құралдар мен түрлі қосымша материалдар оқушыларды Отан үшін құрес — ең жоғары адамгершілік қасиет деген қорытындыға әкелуі тиіс.

Жаңа материалды оқыту жоспары

1. Отанды қорғау үшін бүкілхалықтық бірліктің қажеттілігі.
2. Бұлантты бойындағы шайқас.
3. Аңырақай шайқасы.
4. Жонғар шапқыншылығына қарсы күресті женіспен аяқтаудағы Абылайдың қызметі.

Жоспардан көрініп түрғандай жаңа сабак материалын оқыту, оны меңгеру қындық келтірмейді. Жонғар-қазак соғыстары жөнінде хронологиялық кесте толтыруды бастаймыз. Бұл кесте және онымен жүргізілеттін жұмыс осы Отан соғысының негізгі тарихи оқығаларын, олардың болған уақытын оқушылардың есте сақтауына жағдай жасайды.

Осы сабакта Абылай ханның жонғар шапқыншылығына қарсы құресті жеңіспен аяқтауға қосқан үлесін, оның жалпы қазақ халқы тарихындағы орнын жан-жақты ашып көрсету керек. Келесі сабакта басқа да қайраткерлердің қызметі арнайы әнгіме болатындықтан осы сабакта Абылай бейнесіне жан-жақты тоқталған дұрыс. Бұған мүмкіндік мол. Абылай туралы оқушылар бастауыш сыныптардағы ана тілінен бастап, онан кейінгі сыныптарда әдебиет, тарих сабактарынан, сондай-ақ өздігінше оқыған материалдарынан біраз мәлімет альп келеді. Алдымен, оқушылардың сол білімі еске түсіріледі. Сонымен қатар хрестоматияда берілген тарихи құжаттар мен басқа да материалдар пайдаланылады. Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алғаннан бергі Абылай ханға бүкіл халық, мемлекет тарапынан көрсетіліп жатқан құрмет те еске түсіріледі. Осы мәселені оқып-үйрене отырып оқушылар: ол қаһарман, батыл қолбасшы, шебер үйымдастырушы, дарынды мәмілегер (дипломат), ақылды да айлалы, өз елін, туған халқын жан-тәнімен сүйген, өте қабілетті мемлекеттік дәрежедегі ірі қайраткер деген қорытындыға келуі тиіс.

§ 2. ЖОНҒАР ШАПҚЫНШЫЛЫҒЫНА ҚАРСЫ ҚҮРЕСТІҢ КӨШБАСТАУШЫЛАРЫ

Сабактың мақсаты

Жонғар шапқыншылығына қарсы қазақтардың күресі 150 жылдан астам уақытқа созылды, қазақ халқының тен жартысы қырылды. Халықтың тағдыры қыл үстінде тұрды. Олардың жонғарларға бас іш, оның құлдығына түсіп, тарихтан мұлде аты өшүі мүмкін еді немесе тас-түйін больш бірігіп, ақырына дейін шапқыншылармен шайқасуы керек еді. Халық екінші жолды тандады. Сондықтан да сабактың мазмұны мұнан 200—300 жыл бұрын туған елінің қазіргі ұлан-байтак жерін сактап қалу үшін бар күш-жігері мен бүкіл өмірін сарп еткен ардагер ұлдарының қызметін көрсетуге арналады.

Сабактың негізгі мақсаты көрнекті қайраткерлеріміздің елін, Отанын қорғау жолындағы асқан ерліктері мен үйымдастырушылық қабілеттерін нақты деректермен ашып көрсете отырып, оқушыларды олардан үлті алуға тәрбиелу.

Мұғалім сабакты дәстүрлі тарих сабакының уақытының негізгі болігін жаңа сабакты оқып-менгеруге бөлу типімен еткізе отырып әнгімелесу, тарихи құжаттар мен деректер-

ден үзінділер келтіру, тарихи жырлардан үзінділер оку, көрнекі құралдарды — тарихи карта, портреттер, бояулы суреттерді пайдалану әдістерін қатар қолданады. Сабакта әңгіме болатын тарихи қайраткерлердің қызметі туралы оқушылар біраз мәліметтерді біледі, оның үстіне мұғалім кейбір оқушыларға жеке қайраткерлердің қызметі туралы хабар, реферат дайындаған материалдарын сабак үстінде айттып берсе, оқушылардың сабакқа қатысу белсенділігі арта туследі.

Жаңа материалды оқыту жоспары

1. Жонғар шапқыншылығына қарсы соғысты үйымдастырган көрнекті қазақ хандары: Төуке хан, Әбілқайыр хан, Абылай хан.
2. Жонғарларды жеңуде өз үлестерін қосқан көрнекті қазақ батырлары: Қанжығалы Бөгенбай, Қаракерей Қабанбай, Шапырашты Наурызбай.
3. Жонғар шапқыншылығы кезіндегі қазактын көрнекті билері: Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би.
4. Қазақ жерін сыртқы шапқыншылықтан азат етуге атсалыскан қайраткерлер есімі мәнгі ел есінде.

Алғашқы мәселеге тоқталғанда мұғалім көбінese Төуке хан мен Әбілқайыр хандардың қызметіне баса назар аударады.

Екінші мәселеде атақты үш батырдың ерлік істеріне толығырақ тоқталумен қатар, сол кезде батырлардың өте көп болғанына назар аударып, бірқатарының аттарын оқушылардың өздеріне айтқызыған дұрыс. Сонымен қатар кейбір батырлардың есімі енді ғана белгілі бола бастағанын да ескерту қажет. Осыған орай қосымша материал есебінде ұсынылып отырган Ақпан Нұрбайұлы, Әнет баба Қішікүлы туралы келтірілген деректерді де пайдаланған дұрыс. Бұл мәселеге байланысты «Қазақ батырлары» жинағымен «Қазақ батырлары» газетінен көп деректер табылады.

Үшінші мәселені де кеңейтіп айтуға мүмкіндік бар. Бір ғана Н.Төрекұловтың «Қазақтың 100 би» деген еңбегінен біршама деректер алуға болады.

Соңғы мәселеде Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алғаннан бері еліміздің тарихында белгілі орны бар, әсіресе жонғар басқыншылығына қарсы құресті үйымдастыруға үлес қосқан қайраткерлердің қызметін бағалауда зор адамгершілік істер жүзеге асып жатқанына назар аударады. Оқулықта аты аталған қайраткерлерді мәнгі есте қалдыру

үшін қандай іс-шаралар аткарылғанын оқушылардың ездері айтып береді.

Осыларға қоса жонғар шапқыншылығына қатысты аймақта болған оқигаларды назардан тыс қалдымрау керек.

Үшінші сабактың сонында мұғалім жонғар шапқыншылығына қарсы жүргізілген Отан соғысының тарихтан алар орны ерекше екенін, миллиондаған адамдардың жазықсыз қырылғанын, дегенмен кеменгөр тұлғалардың үйымдастыруымен қазақ халқы жұмыла қөтеріліп, жерін қорғап қалды, бұл жеңіс те еліміздің тәуелсіздігіне лайықты үлес қости деген қорытынды жасайды.

§ 3. ҚАЗАҚТАРДЫҢ РЕСЕЙ ИМПЕРИЯСЫНЫҢ ҰСТЕМДІГІНЕ ҚАРСЫ ҰЛТ-АЗАТТЫҚ ҚОЗҒАЛЫСЫ (XVIII—XX ғғ.)

Сабактың мақсаты

Бұл курстың аса маңызды тақырыптарының бірі. Тақырыптың негізгі деректері, оқигаларды оқушыларға таныс, мұғалім оларды қайтадан еске түсіре отырып, оқигалардың алғышарттарын, себеп-салдарларын, шағын деректер мен оқигалардың өзара байланыстарын ашып көрсетуге, негізгі тарихи деректерді есте қалдыруға, әсіресе ұлт-азаттық қозғалыстарды үйымдастырушылардың бастарын бейгеге тігіп қанды-қырғын оқигаларға белсене қатысқан ондаған, жұздеңен қайраткерлердің қаһармандық бейнесін ашып көрсетуге баса назар аударады.

Тақырыптың да, оның жеке сабактарының да мақсаты аталған тарихи деректер мен оқигаларды берік менгерте отырып, оқушыларды сол оқигалардың басы-қасында болған жеке қайраткерлердің отаншылдық, жоғары адамгершілік қасиеттері ұлгілеріне тәрбиелеу, оларды тәуелсіз елінің бақытты болашағы үшін адал, белсенді енбек етуге міндеттілік сезімін қалыптастыру.

Сабактардың білімділік те, тәрбиелік те міндеттерін толық орындауға мүмкіндік жеткілікті. Олар: оқулық мәтініне қоса беріліп отырған қосымша материалдар, хрестоматия, дидақтикалық жинақтағы түрлі тапсырмалар, әсіресе XVIII—XX ғасырлардағы ұлт-азаттық қозғалыстардың оқигалары мен қайраткерлөрі туралы әртүрлі әдебиеттердің де, баспасөз материалдарының да көптігі. Тақырыпты оқыту барысында *толқу, наразылық, қозғалыс, ереуіл, қотеріліс, ұлт-азаттық қозғалыс, халық-азаттық*

қозғалыс деген термин-ұғымдар кездеседі. Оларды мұғалім де, оқушылар да жақсы біліп, тиісті орындарында ғана қолданулатын керек.

Ұлт-азаттық қозғалыстардың кезеңдері

Бұл тақырыпша — уақыттың негізгі бөлігі жана материалды оқытып-үйретуге бөлінетін типтен өтіледі.

Жаңа материалды оқыту жоспары

Тақырыптың зерттелу жайы мен ұлт-азаттық қозғалыстардың ерекшеліктері академик М.Қ.Қозыбаевтың ұлт-азаттық қозғалыстарды кезеңдерге бөлуі туралы мәтінінде көнінен әңгіме болады.

Тақырыптың маңызды мәселелерін тұтас қарастыру, оларды менгеруғе оқушыларды белсенді қатыстыру мақсатында бұл тақырыпты блоктық-тақырыптық жүйемен оқытуды ұсынамыз. Бұл блоктық жүйенің басқа артықшылықтарымен қатар уақытты ұнемдеуге (сағат санын азайтуға) де пайдасы тиеді. Ал тарихшы мұғалімдер бұл жүйені толық немесе жартылай басшылыққа ала ма, немесе оқытуды ұйымдастырудың басқа формаларын пайдалана ма, ол өздерінің еркінде.

Бұл жүйе бойынша 11 сағ-қа арналған тақырыпты 9 сағ-та өтүге болады деп жоспарлап отырмыз. Бірінші тақырып кіріспе сабак. Одан әрі оқулықтағы 5,6-параграфтардың екеуі де екі сабак болып, дәстүрлі тарих сабагы типімен өтіледі. Ал 7-8-параграфтарды 1 сағ көлемінде дәріс (лекция) оқу формасында өтуді ұсынамыз. 9 параграфта дәстүрлі тарих сабагы формасымен оқытылады. §§9-10. «1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалыс» тақырыбын оқытуды есептік лекция, семинар, тіпті практикалық-лабораториялық формасымен өтүге болады. §11. «1929 — 1931 жылдардағы шаруалар көтерілістері» тақырыбы дәстүрлі тарих сабагының типімен өтіледі. Ал соңғы 12-13 параграфтар «XX ғасырдың 20—80-жылдарындағы наразылықтар, көтерілістер, қозғалыстар» тақырыбын екі сабак бойы мектеп семинары ретінде өту ұсынылады. Бұл семинарда кейбір өткен мәселелер де, жаңа материал да қамтылады. Сөйтіп, семинар екінші жағынан өткенді еске түсіріп, бекітудің де міндеттін атқарады.

Оқулықтағы осы параграфтың сонында берілген бес сұрақты оқушылардың басым көпшілігі орта және одан

жоғары бағаға білсе, үстаздың сабак мақсатын ойдағыдай орындағаны.

§ 4. СЫРЫМ ДАТУЛЫ БАСТАҒАН ҮЛТ-АЗАТТЫҚ КӨТЕРИЛІС (1783 — 1797 жж.)

Жаңа материалды оқыту жоспары

1. Үлт-азаттық көтерілістің себептері және қозгаушы күштері.
2. Сырым Датұлы — шешен, би, қайраткер, үлт-азаттық қозғалыстың басшысы.
3. Кіші жүздеңі жағдай, оның көтеріліске әсері.
4. Көтерілістің жаңа кезеңі.
5. 1783—1797 жылдардағы үлт-азаттық қозғалыстың тарихи манзызы.

Жаңа материалдың мазмұны мен көлемі, бұл сабакты барлық негізгі элементтері бар сабак типімен өткізуге мүмкіндік береді. Демек, сабактың бұл типінің негізгі элементтерін: үйге берген тапсырманы сұрауға, өткен сабакпен бүгін өтілетін материалды байланыстыруға, жаңа сабакты менгеруға, оған оқушыларды белсene қатыстыруға, бүгінгі тақырыптың аса манзызды мәселелері бойынша пысықтауды үйимдастыруға толық мүмкіндік бар. Өсіреле, осы тақырыпша бойынша оқулықта қосымша материалдың молдығы сабакты тартымды өткізуге көмектеседі.

§ 5. ИСАТАЙ ТАЙМАНҰЛЫ МЕН МАХАМБЕТ ӨТЕМІСҰЛЫ БАСТАҒАН КӨТЕРИЛІС (1836 — 1838 жж.)

Сабактың мақсаты

Мұғалім сабакқа дайындалғанда оқулықта берілген қосымша материалдарды, хрестоматиядағы құжаттарды, дидактикалық жинақтағы сұрақтар мен тапсырмаларды тексеруі тиіс. Өсіреле оқулықта берілген Исатай Тайманұлы мен Махамбет Өтемісұлының жекебастарына қатысты материалдарды пайдалануға назар аударған жөн. Ол үшін осы мәселені сабакты баяндау жоспарына арнайы тармак етіп енгізген дұрыс.

Алдымен, үйге берілген тапсырма тексеріледі. Содан кейін өткен материал қорытылып, бүгінгі тақырыппен байланыстырылады. Бұл байланыс оқушыларды отаршылдыққа қарсы қозғалыс Қазақстан Ресейдің қол астына өткеннен бастап үздіксіз жүрді деген қорытындыға әкеледі.

Жаңа материалды оқыту жоспары

1. Көтерлістің себептері.
2. Исадай Тайманұлы мен Махамбет Өтемісұлы 1836 — 1838 жылдардағы үлт-азаттық көтерлістің үйымдастырушылары әрі басшылары.
3. Көтерлістің басталуы және барысы.
4. Көтерлістің женелі себептері.
5. Көтерлістің тарихи маңызы.

Оқушылардың Исадай мен Махамбет туралы біраз мәлімет білесіндейдіктері, оқулық пен хрестоматияда қосымша материал мен тарихи құжаттардың жеткіліктілігі сабакты тиімді үйымдастыруға мүмкіндік туғызады.

§§ 6-7. КЕНЕСАРЫ ҚАСЫМҰЛЫ БАСТАГАН ҮЛТ-АЗАТТЫҚ ҚОЗҒАЛЫС (1837 — 1847 ж.)

Бұл тақырыпты оқытудың үйымдастыру формасы 1 сағ-тық дәріс (лекция) болғаны тиімді. Әдетте, оқытудың дәрістік формасын үйымдастыру ісінде салмақ мұғалімге түседі. Ол көлемді тақырыптың ішінен шамамен 2 сағ-қа арналған тақырыпты немесе 1 сағ-тық болғанмен көлемді әрі күрделі тақырыпты таңдайды. Ондағы күрделі мәселе-лерді теренірек түсіндіру үшін қосымша материал іздейді, алдын ала жоспарлайды. 45 мин-тық сабакта мұғалім 30 әрі кетсе 35 мин-тай дәріс оқуға дайындалады. Бірақ оқушыларды жаһықтырмас үшін ара-арасында түрлі көр-некі құралдарды пайдаланады, оқушыларға сұрақ қойып, әңгімеге тартады, тарихи құжаттардан үзінділер оқиды, т.б.

Мұғалім дәрісінің түсініктілігіне, тартымдылығына, дауыс ыргағына, т.б. жоғары талап қойылады.

Әдетте мектептік дәріс кіріспе, шолу, тақырыптық, жинақтап-қорыту деген түрлерге бөлінеді. Біздің ұсынып отырғанымыз — тақырыптық дәріс. Оның жоспарын жасағанда мұғалім: дәрістің тақырыбын, мақсатын, окушыларға алдын ала берілетін тапсырмаларды, олардың оқуына ұсынылатын әдебиеттер тізімін, дәріс оқу кезінде пайдаланылатын әдістер мен құралдарды белгілейді, оқушылардың таным қызметін дамытуға, сондай-ақ пысықтауға қойылатын сұрақтарды алдын ала іріктейді.

Жаңа материалды оқыту жоспары

1. Қозғалыстың себептері. Патша өкіметінің Орта жүзде жүргізген реформаларының мәні және оған халық наразылығы.

2. Үлт-азаттық күрестің мақсаты, себептері, сипаты, қозғаушы күштері.
3. Үлт-азаттық қозғалыстың 20—30-жылдардағы ошактары.
4. Кенесары Қасымұлы — мәмілегер, батыр, колбасшы, халық-азаттық қозғалыстың басшысы.
5. Қозғалыстың басталуы және қанат жаоюы.
6. Кенесарының хан сайлануы және оның мемлекетінің өзіндік ерекшеліктері.
7. Патша өкіметінің үлт-азаттық қозғалысты басып-жаншу өрекеттері.
8. Үлт-азаттық қозғалыстың женілу себептері.
9. Қозғалыстың тарихи маңызы.

Оқулықтағы негізгі мәтіннің сонында берілген қосымша материалдар мен құжаттар, хрестоматиядағы материалдар, осының бәрі бұл дәріс оқуын жоғарыдағы мәселелер төңірегінде терең ашып көрсетуге мүмкіндік береді.

Оқушылар құр тыңдаушы болмайды. Олар мұғалімнің тапсырмасы бойынша дәріс тезисін, мүмкін болса, конспектілеп жазып отыруы тиіс.

§ 8. XIX ҒАСЫРДЫҢ 50—70-ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ЖӘНЕ XX ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДАҒЫ ҮЛТ-АЗАТТЫҚ ҚОЗҒАЛЫСТАР

Жаңа материалды оқыту жоспары

1. Жанғожа Нұрмұхамедұлы бастаған Сырдария қазактарының көтерілісі.
2. 1867 — 1868 жылдардағы Орал және Торғай облыстарындағы көтерілістер.
3. 1870 жылғы Маңғыстаудағы көтеріліс.
4. XX ғасырдың басында болған үлт-азаттық қозғалыстар.

§§ 9-10. 1916 ЖЫЛҒЫ ҮЛТ-АЗАТТЫҚ ҚОЗҒАЛЫС

Сабактың мақсаты

Бұл тақырыпты оқып-үйренуге оқытудың үйымдастыру формаларынан семинар формасымен өткен қолайлы. Өйткені ол мұғалімдерге таныс қосымша тарихи материал, әсіресе жаңа тарихи деректер де жеткілікті.

Біз өнгіме еткелі отырған семинарды да, тарихтың басқа тақырыптары бойынша семинар үйымдастырғанда да оған қойылатын тәмендегі талаптарды ескерген дұрыс.

Семинарды конференциямен шатастыру — тәжірибеде кездесетін қателіктердің бірі. Ұжымдық талқылаусыз семинар болмайды. Тағы бір қателік — семинарды қорытын-

ды-қайталау сабағымен шатастыру: онда оқушылар, негізінен, сол тақырыпты оқып-үйренген материалға ғана сүйене отырып сөйлейді. Ушінші қателік — семинарды лабораториялық-практикалық сабактармен шатастыру.

Осы жағдайлар мектептік семинардың кейбір белгілерін атап көрсетуді қажет етеді:

а) семинарға әзірлену барысында оқушылар жаңа әдебиеттерді, материалдарды өздігінен оқиды;

ә) семинарда жоспардағы негізгі мәселелер бойынша ұжымдық талқылау жүзеге асады.

Сонымен, семинардың алдында барлық оқушы өз бетімен жұмыс істеуі қажет.

Семинардың тақырыбын тандағанда төмендегі талаптарды ескерген дұрыс.

1. Семинар көбіне енді оқытылатын жаңа тақырып бойынша ұйымдастырылады, бірақ онда қарастырылатын бірқатар мәселелер оқушыларға бұрыннан таныс болғаны дұрыс.

2. Алынған тақырып білімдік, тәрбиелік, оқушылардың ойлау қызметін дамытушылық жағынан маңызды әрі оқушыларды қызықтыратын болғаны жөн.

3. Барлық оқушы оқулықпен қатар 2-3 қосымша әдебиет оқығаны ұттымды болады.

4. Оқушыларда өз бетімен жұмыс істеудің бірқатар біліктері қалыптасқан болуы шарт: қысқаша хабар жасау, баяндама жасау, талқылауға қатысу, пікір айтуды, т.б.

Семинарды дайындауға және өткізуға төмендегідей әдістемелік талаптар қойылады:

а) семинардың болатыны жөнінде оқушылар 3-4 апта бұрын хабардар етіледі, қаралатын мәселелер анықталып, міндетті және қосымша әдебиеттер тізімі көрсетіледі. 1 сағ-тық семинарға 3-4, ал 2 сағ-тыққа 7-8 сұрақ жеткілікті;

ә) оқушылардың келісімімен негізгі және қосымша баяндамашылар белгіленгені дұрыс. Міндетті қосымша әдебиеттерді оқушылардың бөрі оқиды, оған қоса шағын кітапша не бір-бір мақала оқыса өте жақсы;

б) мұғалім баяндамашыларға ақыл-кеңес береді, әдебиеттер тандауына, кітапханада, басқа да орындарда каталогтермен, мұрағат, баспасөз материалдарымен, тарихи құжаттармен жұмыс істеуіне көмектеседі.

§11. 1929 — 1931 ЖЫЛДАРДАҒЫ ШАРУАЛАР КӨТЕРИЛІСТЕРІ

Жаңа материалды оқыту жоспары

1. Мәселенің зерттелу жайы.
2. 1929 — 1931 жылдардағы шаруалар көтерілістерінің шығу себептері.
3. 1929 жылы болған көтерілістер.
4. 1930 жылы болған көтерілістер.
5. 1931 жылы болған көтерілістер.
6. Кеңес өкіметінің 1929 — 1931 жылдардағы көтерілістерді басып-жаншулары.

§§ 12-13. XX ФАСЫРДЫҢ 20—80-ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ НАРАЗЫЛЫҚТАР, КӨТЕРИЛІСТЕР, ҚОЗҒАЛЫСТАР

Жаңа материалды оқыту жоспары

1. Қазақстанда 1920 — 1980 жылдарда болған наразылықтардың, көтерілістердің, қозғалыстардың себептері, оның ішінде ең негізгі себептерін ашып көрсету.
2. 1920 — 1980 жылдарда болған белгілі көтерілістер олардың зерттелу тарихы туралы.
3. «Қазақ халқын қорғау одағы» қашап, қайда құрылды, алдына қандай мақсат койды, қызметті немен аяқталды?
4. Теміртау қаласындағы оқигалар қашап болды, олардың шығу себептері мен сипаты қандай, оқига немен аяқталды?
5. Қазақстанда «Неміс автономиясын» құрмақ болғандар кімдер, олар қандай мақсатты қөздеді? Бұл автономия неліктен құрылмай қалды?
6. 1986 жылғы Желтоқсандағы көтеріліс оқигаларының негізгі себептері қандай? Оның басталуына не түрткі болды? Оның тарихи маңызы және салдары.
7. Жаңаағен көтерілісінің себептері, сипаты, қозғаушы күштері және салдары.
8. 1920—1980-жылдардағы болған наразылықтар туралы пікірлерін.

Әдебиеттер:

- Оқулық. Хрестоматия. «Тарихи шындық өлі айтылып біткен жоқ». Егемен Қазақстан, 10 сөүір, 2002.
- «Үлт саясатының бүрмалануы». Егемен Қазақстан, 30 қантар, 2002.
- Коммунар Табей. «Қайсаар рухты қазақ».

II тарау. XX ФАСЫР БАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ САЯСИ ПАРТИЯЛАР МЕН АҒЫМДАР

§§ 14-15. ҚАЗАН ТӨҢКЕРІСІ ҚАРСАНЫНДАҒЫ САЯСИ ПАРТИЯЛАР

Сабактың бірінші саяты

Сабактың мақсаты

Оқушыларға Қазан төңкерісі қарсанындағы және кезіндегі, яғни XX ғасырдың басындағы Қазақстандағы саяси партиялар мен ағымдардың бағдарламасы, атқарған қызметі мен қоғамдағы рөлі жайлы толық түсінік беру.

Оқушылар XX ғасыр басындағы Қазақстандағы саяси партиялар мен ағымдар бағдарламасының мақсаты, талаптары, көсемдері жайлы мағлұмматтарды толық меңгеріп шығады. Сабак барысында оқушылар қазақ зиялыштары жайлы жазба жұмыс орындаиды. Мұғалім пысықтау, пікірталас барысында оқушылардың білімін бағалайды.

Көрнекі құралдар

Қазақстан Республикасының картасы.

Сабактың барысы

Тақырып өте күрделі, кең көлемді. Бұл тақырыпты оқытуға 2 сағ берілген. Жоспар мазмұнына қарай жасалған.

Жаңа сабак жоспары

1. Ресейде түрлі партиялардың пайда болуы.
2. Қазақстанда бұқаралық үйімдардың пайда болуы.
3. Қазақстандағы жастар қозғалысы, жастар үйімі, оның қызметі.
4. «Алаш» партиясы, стратегиясы мен тактикасы.
5. «Алашорда» автономиясының құрылуды.
6. «Үш жұз» партиясы, бағдарламасы.
7. «Қазак» газеті.

Мұғалім Қазан төңкерісі қарсанындағы Ресейде пайда болған партияларды атап, тақтаға жазады және оларға сипаттама береді. Мысалы, 1905 жылы қазан айында Конституциялық-демократиялық партия құрылды. Оның басшысы — П.Н.Милюков. Партияның бағдарламасы — либерализм идеясымен жалпы халықтың сайлау құқын және парламенттік жүйені енгізу, жекеменшікті қолдау. Кадет партиясы қоғамды революция жолымен өзгертуге

қарсы шықты, бұқарапың революциялық қозғалысын парламенттік жолға бағыттады.

1900 — 1902 жылдар аралығында социалист-революционерлер, эсерлер партиясы күрылды. Оның басшысы — В.М.Чернов. Бағдарламада социалистік талаптармен қатар демократиялық институттардың Ресей мемлекетінің ерекшеліктеріне сай болуын жақтады. Эсерлер террор жасауды саяси күрестің ең негізгі құралы деп санады. XIX ғасырдың аяғына қарай Ресейде социал-демократиялық үйымдар пайда болды. 1903 жылы большевиктер партиясы күрылды. Оны В.И. Ленин басқарды. Бұл партия жұмысшылардың мұддесін көздеді.

Осыдан кейін мұғалім Қазан төңкерісі қарсаңындағы Қазақстанда пайда болған бұқаралық үйымдарға да тоқтадады. Қазақ зиялыштары Ресейдің кейбір оппозициялық партияларының ықпалымен Қазақстанда саяси ой-пікірді дамытуға, демократиялық идеяларды насиҳаттауға, самодережавиялық тәртіпке карсы әрекеттер жасауға қатыса бастады. Бұлар кадеттер мен большевиктер партиясының бағдарламаларын қолдады. «Мұсылман жұмысшыларының біріккен одағы» қүрылды. Оны үйымдастырушы А.Розыбақиев болды.

Мұғалім бұқаралық үйымдарға сипаттама берумен қатар, XX ғасырдың басындағы қазақ жастарының үйымдары жөнінде мәлімет береді.

Жастар үйымының негізгі мақсат-міндеттері — ұлттық мәдениет пен әдебиетті насиҳаттап, қазақ халқын алдыңғы ұлттар қатарына қосу, оның рухын көтеріп, сезімін оятып, ұлттық қадір-қасиетін сақтау, жастарды елін, жерін, халқының салт-дәстүрін суюге баулу, әртүрлі саяси, мәдени шаралар жүргізіп, газет-журналдар шығару, театр үшін драмалық шығармалар тудыру, халық әдебиетін жинау, жариялау, мектептер үшін оқулықтар, көмекші оқу құралдарын бастыру, оқуға түсем деушілерге көмектесу курстарын ашу, қаржысыздарға материалдық көмек көрсету, әйелдерге бостандық өперу, кедейлерді үстем таптың қанауынан құтқару, ойын-сауық кештерін үйымдастыру. Мұғалім Қазақстанның қалаларында құрылған жастар үйымдарын атайды.

Бекіту сұрақтарын беру арқылы оқушылардың жаңа сабакты қаншалықты менгергенін байқайды.

Бекіту сұрақтары

1. Қазан төңкөрісі қарсаңында Ресейде пайда болған партияларды атаңдар.
2. Бұл партиялардың көзделеген мақсаттары қандай болды?
3. Қазақстанда қандай жастар үйымдары құрылды?
4. Қазақ жастары үйымдарының мақсаты қандай болды?

Үйге тапсырма

Қазақ зиялышарының өмірі мен қызметі жөнінде рефераттар даярлау. Оқушылардың шығармашылық ізденісін арттыру.

Сабактың екінші сағаты

Сабактың барысы

- I. Үйшімдестірудың кезеңі
- II. Үй тапсырмасын сұрау
- III. Жаңа сабак

1. Қазан төңкөрісі қарсаңында Ресейде пайда болған партиялардың бағдарламасы қандай болды?
2. Қазақстанда қандай саяси ағымдар пайда болды және олар қалай жұмыс жүргізді?
3. Қазақстанда құрылған жастар үйымының мақсаты неде?
4. Қазақ зиялышарының өмірі мен қызметі жайлы рефераттарды тексеру.

Мұғалім оқулықта берілген тақырыппаларды өңгімелей әдісі арқылы түсіндіреді. Мұғалім үйге берілген тапсырма бойынша қазақ зиялышарының өмірі мен қызметтері жөніндігі рефераттарды тыңдай отырып, толықтырып, жаңа сабактың негізі осыған байланысты екенін түсіндіреді.

1917 жылы 21—26 шілдеде Орынбор қаласында Бұқілқазақтық съезд өтті. Съезге Ақмола, Семей, Торғай, Орал, Жетісу, Сырдария, Фергана және Бөкей ордасының өкілдері қатысты. Съезде көптеген мәселелер қаралды. Олардың ішінде ең маңыздылары: мемлекеттік билік түрі, Қазақ автономиясы, жер, оқу, сот, земство, әйел теңдігі және басқалар. Сонымен қатар съездің күн тәртібіндегі аса маңызды мәселелердің бірі — қазақ партиясын құру еді. Сөйтіп, бірінші Бұқілқазақтық съезде «Алаш» партиясы құрылып, оның басшы органдарына Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы, Елдос Омаров,

Мұстафа Шоқай, Мұхаметжан Тынышпаев, Халел Габбасов, Мағжан Жұмабаев, т.б. сайланады. «Алаш» партиясының мақсаты — қазақ халқын отарлық езгіден құтқару, буржуазиялық-демократиялық үлгідегі мемлекеттілігіне қол жеткізу. «Алаш» партиясының жетекшісі Ө.Бекейханов болды. «Алаш» партиясының бағдарламасы «Қазақ» газетінде жарияланды. Одан әрі қарай хрестоматияда «Алаш» партиясы бағдарламасының жобасы баяндалады.

Бұдан кейін XX ғасырдың басында құрылған «Үш жұз» социалистік партиясы туралы әңгіме басталып кетеді. Партияның басшысы — Көлбай Төгісов. Осы партия халықты азаттық күреске шақырган қоғамдық үйім болды. «Үш жұз» партиясы Кенес өкіметінің бағыт-бағдарын қолдан отырды. Мысалы, Кенес өкіметі дүниеге келген сәтте-ақ, оның жариялаған декреттері «Үш жұз» партиясы тарапынан қызу қолдау тапты.

Мұғалім «Алаш» және «Үш жұз» партияларының атқарған қызметтерін салыстырмалы түрде оқушыларға жеткізеді.

Бекіту сұрақтары

1. «Алаш» партиясы қашан, қалай құрылды?
2. «Алаш» партиясының көсемдері кімдер?
3. «Алаш» газеті қай жылдары шықты, ол қандай қызмет атқарды?
4. «Алаш» партиясы бағдарламасының мақсаты неде?
5. «Үш жұз» партиясы қашан құрылды, көсемдері кімдер болды?
6. «Үш жұз» партиясы бағдарламасының мақсаты қандай еді?

Мұғалім сабакты пысықтау барысында оқушылардың білім деңгейін бақылайды.

Үйге тапсырма

Қазан тоңкерісі қарсаңдағы және кезіндегі саяси партиялар.

Тақырыптың соңындағы сұрақтар бойынша даярлық.

III тарау. XX ғасырдың 20—30-жылдарындағы Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық-саяси, мәдени жағдайы

Қазақстанда Кенес өкіметінің орнауымен елдегі қоғамдық өмірдің барлық салалары үлкен өзгерістерге ұшырады. Әдістемелік құралда қоғамдық өмірдегі осы өзгерістерді оқып-менгеру тәсілдері беріліп отыр.

Әр тақырыпты менгеру барысында мұғалімнің алдына қоятын үш міндеті — білімдік, тәрбиелік және дамытушылықты арттыру. Бұл міндеттерді әрбір жаңа тақырыпты менгеру барысында жүзеге асыру керек. Жаңа сабакты түсіндіру барысында мұғалім, алдымен, оқушылардың наzarын толық өзіне аударып алуы қажет. Бұл, әдетте, «сабакты үйимдастыру кезеңі» деп аталады.

Әр сабактың келесі кезеңі — үй тапсырмасын тексеруден басталады. Мұғалім бұл кезеңде өткен тақырып пен жаңа тақырып арасындағы сабактастықты айқындал көрсетеді.

Жаңа тақырыпты менгеру барысында оқулық материалдарын, оларға қоса хрестоматиялық, танымдық, көркем материалдар игерулеріне көніл болінуі тиіс. Бұл оқушының танымдық көзқарасы мен акпараттық білімінің молауына ықпал етеді.

Жаңа тақырыптарды игеру барысында мұғалім үш мәселеге тоқталады. Олар — оқигалар, деректер, тарихи процестер. Оқушылар 20—30-жылдарда Қазақстанда болған оқигалардың себебін, барысын, салдарын; деректердің көрсеткішін, орнын, маңызын; процестердің алғышартын, дамуын, қорытындысын білуі тиіс. Осы мәселеде оқушылар 20—30-жылдардағы қоғамдық өмірдегі өзгешіліктердің себептерін, барысын, салдарын және маңызын толық біле отырып, сол тақырып бойынша қорытынды жасай алуы керек:

- 20—30-жылдардағы тап күресінің шиеленісі, оған Коммунистік партияның жасаған ықпалы;
- тап күресінің әлеуметтік-экономикалық өмірге тигізген кері өсері және салдары;
- қазақ диаспорасының қалыптасуына себеп болған тарихи процестердің (оқигалар мен нақты деректер) алғышарттары, себептері, салдары;
- оқушылар осы үш мәселе (оқигалар, деректер, процестер) бойынша тақырыпты менгеру барысында интерактивті тәсілмен жұмыс істейді. Бұл тәсілді алуымыз — осы

Окуптылардын аты-жөнү	Үй тапсырмасының орындау	Сабак барысында	Жана бойыншасы	Өзиндік жұмыс іс-тегінде	Пікірлердің көрініштілігі	Өз көз карастарының галып-тасуы	Пікірлердің талқылаудағы белсенелілігі	Такырыпка түндік жасау	Бүгінгі күндеңіндеңін	Нәти же
1. Аблулбариев Балын	5	5	4	4	4	5	5	5	3	4
2. Данабеков Даңизар	2	2	4	3	2	3	4	3	3	33 балл
3. Касымова Мәдина	4	5	5	5	3	4	4	5	4	47 балл
4. Кудайбергенова Ақбөле	4	5	4	5	3	4	4	5	5	47 балл
5. Айттымова Мәдина	5	5	5	5	4	5	5	5	5	54 балл
6. Касенов Рустан	4	4	5	4	4	5	5	5	5	51 балл

кезең оқушылар тарарапынан белгілі дәрежеде қызығушылық туғызады.

Сабак нәтижесін қалай анықтауға болады? Бұл мәселеде мұғалім сыйнаптағы әр оқушының тақырыпты менгеру кезіндегі көңіл күйін, ынтасы мен белсенділігін бір сәтке де назардан шығармай қадағалап отыруы керек. Мысалы, мұғалім алдында әр оқушының тақырыпты менгеру нәтижесін анықтайтын кестесі жатады. Ол бірнеше бөліктерден тұрады және оқушының қабілеті мен ынтасына қарай ол бөліктер балдық немесе рейтингтік сандармен сабактың әр кезеңінде толықтырылып отырады.

Білім нәтижесін анықтайтын бұл кестенің әр бөлігін толтыру үшін мұғалім әр оқушыға жеке-жеке тоқталмай-ақ тақырыпты менгеру барысында олардың белсенділігін ескере отырып, толтыруына болады.

§ 16. ҚАЗАҚСТАННЫҢ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ЖАҢА ЭКОНОМИКАЛЫҚ САЯСАТ (ЖЭС) ЖЫЛДАРЫНДА

Сабактың базалық ұғымы

Қазақстан 20—30-жылдарда.

Сабактың тірек ұғымы

Қазақстан ЖЭС жылдарында.

Tіrек ұғымдар

Жаңа экономикалық саясат, жер-су реформалары, орташалар, ұсақ өнеркәсіп.

Сабактың төсілдері

Жұптасып жұмыс істеу, шығармашылық ізденіс, пікірталас.

Тақырып бойынша бірінші міндет — проблеманың көкей-kestілігін анықтау. Мұғалім оқушыларға тақырыпты менгеру ісіндегі негізгі қағидаларды көрсетеді. Олар:

1. ЖЭС қарсаңындағы ауыл шаруашылығының жалпы сипаттамасы.
2. ЖЭС-ке көшу, оның қындықтары.
3. Жер-су реформалары және олардың барысы.
4. ЖЭС-тің нәтижесі.

Мұғалім тақырыптың оқулықтағы мазмұнымен қатар оқушыларды көрнекі құралдармен, жеке зерттеулермен, осы



кезенге қатысты оқиғалармен (көркем шығармалар) және деректермен таныстырады. Бұдан кейін оқушыларға іздену дабылы (сигналы) айтылады:

Жаңа экономикалық саясат не үшін қажет болды?

ЖЭС-тің жалпы сипатынан қажетті ақпарат алған оқушылардың шығармашылық жұмысы мұғалім өзі үйымдастырыған ғылыми-зерттеу құралдарын пайдалану арқылы дамуы қажет.

Мұғалім оқушылардың жеке-жеке жұмыс істеуін қадағалайды. Берілген уақыт көлемінде оқушылар өз болжауларын ортаға сала бастайды. Мұғалім болжауларды мазмұнының жақындығына қарай үшке бөліп, тақтага жазып отыруы керек. Сөйтіп, ізденіс барысында оқушылардың көзқарасы бойынша үш топ пайда болады. Ал оқушылардың ізденіс жұмыстары мына мәселеге тіреледі:

Азамат соғысы жылдарындағы ауыл шаруашылығының құлдырауы мен шаруалар тұрмысының күйзелуі жедел реформаларды қажет етті.

Ізденіс барысында үш топқа бөлінген оқушылар өз болжауларын дәлелдеп, пікірталас үйымдастыра отырып, мәселені талқылайды. Талқылау барысында ЖЭС-тің жеке мәселелері (қыншылықтары, жер-су реформасы, нәтижесі) жан-жақты қарастырылады. Оқушылар білімінің нәтижесі төмендегі сұлбадан көрінеді.

Мұғалімнің міндеті төмендегі тірек сұлбаны сабак барысында іске асыра отырып, күткен нәтижеге қол жеткізу. Тақырыптың жеке мәселелерін талқылау барысында мынадай пікірлер туындаиды.



1. Қенес өкіметіне турақты экономикалық жағдайдың көрек болуы. Өз билігін шет аймактарда күшейту үшін мұндағы шаруашылықтың құлдырауын тоқтату қажет болды.

2. Ауыл шаруашылығын дамыту үшін тез арада реформалар жүргізу міндетті туындағы. Оны көтеру мақсатында ұсақ өнеркәсіп пен жеке қожалықтарға баса назар аударылды.

Оқушылардың талқылауларынан туындаған пікірлер осы мәселенің төнірегінен табылуы қажет. Оқушылардың ез пікірлерін дәлелдеу барысында оларға мұғалім тарарапынан төмөндегідей сұрақ қойылады.

Алғышарты

Елде болып өткен Азамат соғысынан кейін ауыл шаруашылығы күйзеліске ұшырады.

Себебі

Күйзеліске ұшыраған ауыл шаруашылығын тез арада сауықтырмаса, арты үлкен өлеуметтік-экономикалық апатқа соқтыратыны белгілі болды.



Барысы

1. Ауыл шаруашылығының құлдырауы тоқтатылды.
2. Жер-су реформалары іске асырылды.
3. Жеке шаруа қожалықтарын дамытуға жағдай жасалды.

Нәтижесі

1. Елдегі ашаршылық зардалтары жойылды.
2. Халықтың басқа республикаларға ағылуы тоқтатылды.
3. Орыс-казактардың меншігіне берілген жерлер қазақ шаруаларына қайтарылды.
4. Ауыл шаруашылығында орташаландыру процесі қарқын алды.
5. Ұсақ өнеркәсіп дамыды.

— Қазақстандағы ЖЭС-тің нәтижелері қандай болады?

Тақырыпты менгеру барысында оқушылар мәселенің алғышартын, себебін, барысын анықтайды. Енді оның нәтижесін де осы сұрақтардан шығаруы қажет. Ол үшін мұғалім мәселенің алғышарты мен себебін көрсетіп, нәтижесін күтеді.

Осы бес мәселенің терен талқылай отырып, сабак қорытындыланады. Қазақстандағы ауыл шаруашылығын ұжымдастыру мәселелерін жеке-жеке тақырыпшаларға бөліп қарастыруға болады.

Сабактың базалық үгымы

20-жылдардағы Қазақстандағы науқандар тарихы; ауыл шаруашылығын ұжымдастыру саясаты.



Үй тапсырмасын сұрау

Өткен сабак бойынша оқушы білімін тексеріп, тақырыпты менгеру дәрежесіне шолу жасайды. Жаңа тақырыпқа өтудегі сабактастықты көрсетеді.

Тақырыпшаны менгеру үшін мұғалім Қазақстандағы ауыл шаруашылығын ұжымдастыру саясатына қысқаша турде жалпылама шолу жасайды. Оқушылардың шығармашылық ізденістерін шебер үйимдастырып, олардың тақырыпшаны менгеруін бақылайды.

Оқушылар ойына қозғау салатын алғашқы мәселе — «Ұжымдастыру қарсаңындағы қазақ ауылының әлеуметтік-экономикалық жағдайы».

Тарих гылыминың негіздерін менгеру барысында оқушылар бойында қазақ ауылының тұрмысы, қазақ халқының ата көсібі — мал шаруашылығы және басқа көсілтері туралы білім қалыптасқан.

Бұдан мынадай сұрақтар туындаиды:

1. Неліктен ауыл шаруашылығын ұжымдастыру қажет болды?
2. Ауыл шаруашылығын ұжымдастыру науқаны қалай басталды?

Теориялық материалдармен танысқан оқушылар ауыл шаруашылығын ұжымдастыру науқанының алғышарттары мен себептері туралы өз көзқарастарын ортага салады. Ендігі міндет — оқушылар көзқарастары ішінен ең дәйектісін ірікten алыш, оған түсінік беру, шолу жасау.

Тақырыпты менгеру барысындағы екінші мәселе — «Ұлт қайраткерлерінің ауыл шаруашылығын ұжымдастыру науқанына көзқарастары».

Елдің әлеуметтік-экономикалық өміріне күрт өзгеріс енгізген науқан барысында ұлт қайраткерлерінің ұстанған бағыты туралы мұғалім қойған мына сұрақтарға оқушылар жауап іздейді:

1. Ұлт қайраткерлері неліктен бұл науқанға қарсылық көрсетті?

2. Голошекин тобы мен ұлт қайраткерлері науқанның қандай мәселелері бойынша келісімге келе алмады?

3. Ауыл шаруашылығы саясатының негізінде орталық қандай шараларды іске асырмақ болды және оған ұлт қайраткерлері қандай қарсылық жасады?

Сабактың осы түсінде соңғы кезде жарық көрген ауыл шаруашылығын ұжымдастыру науқанына қатысты газет-журнал мақалаларымен және кітаптармен жұмыс істеледі.

Ауыл шаруашылығын ұжымдастыру науқаны жөніндегі ұлт қайраткерлерінің көзқарастары оқушының адамгершілік, патриоттық қасиетін дамытады. Оқушылардың пікірталасын мұғалім қорытындылайды.

Оқушының білімін қалыптастырудагы үшінші мәселе «Ауыл шаруашылығын ұжымдастыру науқаны қалай жүргізілді және оның соңы неге әкеліп соқты».

Ұжымдастыру науқаны туралы жарық көрген материалдар мен теледидар хабарлары оқушының осы тақырып бойынша белгілі көзқарас қалыптастыруына көмектеседі. Оқушылар өз көзқарастарын ортаға салып, бір-бірінің пікірін талқылайды. Бұл пікірлер мына мәселелерге тоғысады.

1. Қазақстандағы ауыл шаруашылығын ұжымдастыру науқаны қандай сипат алды?

2. Асырасілтеушілік пен зорлық-зомбылық өдістері қалай жүзеге асып жатты?

3. Науқаның соңғы нәтижесі — қазақ халқының жаппай ашаршылыққа үшіпрауы мен шетелге кетуіне өкеп соқтырды.

4. Ауыл шаруашылығын ұжымдастыру науқанының елдің шаруашылық өміріне тигізген оң ықпалы болды ма?

Осы төрт мәселені түсіну және талдау барысында оқушылар тарихи деректермен жұмыс істейді. Әр мәселені оқушылар өздері талдап, пікірлерін өз ойымен жеткізіп отыруы қажет. Мұғалім оқушының сөйлеу мәдениетінін дұрыс қалыптасуын қадағалауы керек. Логикалық түрғыда дұрыс бағытпен дамыған сабак таным, түсінік, пікір, талдау, ой

қорытындылау нәтижесінде сөйлеу мәдениетін де жетілдіре түседі. Білімнің тәрбиелік маңызы бар осы талабы да тақырыпты менгеру барысында мұғалім назарынан тыс қалмауы керек. Оқушының тақырыпты қаншалықты менгергені — ой қорыту сөйлеу, есте сақтау нәтижесінен көрінеді.

Сабак сонында оқушының дамытушылық қабілетін көрсете алатын — осы тақырып бойынша ой қорыту мен есте сақтау қалыптасады. Мұғалім осы талаптар мен білімдерге сай сабақты қорытындылайды.

§ 17. ҚАЗАҚСТАН ИНДУСТРИЯСЫНЫҢ ДАМУЫ

Осы тақырыпты менгеру барысында оқытуудың үш өдісі: баяндау, жоспарлау және проблемалы оқыту өдістері қолданылады.

Бірінші ұсныныс. Баяндау өдісінің көмегімен оқушылардың ынталасын жаңа сабақты менгеруге жұмылдыру.

Материалдың сипаты	Материалдың игеру	Сабактың әдіс-тәсілдері
1	2	3
Тұтас деректік жеткізу	Баяндау	Апараттық баяндау, демонстрация, оқулықпен өзіндік жұмыс істеу
Біртұтас логикалық дәлелдеу	Проблеманы баяндау	Түсіндіру, талқылау, әвристикалық әңгімелесу, іздепіс сипатындағы өзіндік жұмыс, пікірталас
Біртұтас бейнелі — әмоциялау	Проблеманы баяндау	Суреттеп әңгімелесу, проблемалы шығармашылық жұмыс, әдеби мәтінмен жұмыс істеу, демонстрация және т.б.
Нақты фактологиялық суреттеу	Жоспарлы баяндау	Ақпаратты әңгімеледеу, оқулықпен жұмыс, бақылау
Нақты логикалық дәлелдеу	Проблеманы жоспарлау түрінде жеткізу	Шығармашылық талқылау, тапсырмалар мен проблемаларды шешудегі өзіндік жұмыс

Баяндау немесе ақпаратты қөрнекі құралдарды пайдалана отырып оқыту, осы қиын да маңызды тақырыпты менгеру ісінде жетекші рөл атқарады.

Екінші ұсныныс — оқытудың жоспарлы әдісі. Бұл әдістің қолданғанда тақырып материалы сатыларға бөлінеді. Тақырыптың бірінші әдісімен салыстырганда бұл әдістің бірнеше артықшылығы бар. Оқытудың ақпараттық көлемі үлгайып, кері байланыс күштейді және өзін-өзі бақылау мен білімін жетілдіру дағдысы қалыптасады.

Үшінші ұсныныс — проблемалы оқыту әдісі. Мұнда оқу материалы дайын күйінде емес, ізденіс объектісі ретінде беріледі. Проблемалық сұрақтарды шешу жолдары оқушылардың шығармашылық мүмкіндіктерін жүйелі дамыта отырып, олардың белсендігін арттырып, өз бетімен жұмыс істеу қабілеттерін қалыптастырады.

Мұғалім жана тақырыпты түсіндіру барысында, алдымен баяндау тәсілін қолданады. Бұл кезенде мұғалім мына мәселелерді оқушыларға таныстырады:

- Қазақстанның индустрияландырудың бет алуды және оның қыншылықтары;
- индустрияландырудың іске асырылуы;
- Қазақстандағы индустрияландырудың ерекшеліктері;
- индустрияландыруды іске асырудағы жұмысшы табының рөлі.

Сабакты осы мәселелер бойынша дұрыс дамыту үшін, негізгі дабылдарды анықтап алу қажет. Тақырып көлемі мұғалім тарарапынан толькі түсіндірлгеннен кейін оқушылар шығармашылық ізденіс арқылы осы дабылды анықтауды керек. Бұл дабылдан мына мәселелер көрінеді:

- Шаруашылықты қалпына келтіру аяқталмады. Ал өндіріс кәсіпорны 61%-таған жетті.
- Өндірістің даму деңгейі төмен болды.
- Республиканың жер қойнаулары зерттелмегі, байланыс және көлік нашар дамыды; жұмыс тобы аздық етті, техникалық интеллигенциясы жок болды.
- Экономикада ауыл шаруашылығы басым болды, (шаруашылық өнімінің 84,4%-ы ауыл шаруашылығынан алынды) халықтың 90 %-ы ауылда тұрды.
- ЖЭС-тің жетістіктері:
 - қирап қалған шахталар мен өндіріс орындарының қалпына келтірілуі;
 - кооперативтік өндіріс;
 - сауданың жандануы;
 - өнеркәсіпте шаруашылық есептің, өзін-өзі қаржыландырудың қолданылуы;

6. Индустрияландырудың Қазақстандағы міндеттері:
 - а) техникалық-экономикалық артта қалуды жою.
 - ә) ауыр өнеркәсіптің жетекші салаларын, әсіресе машине жасау өнеркәсібін дамыту.
 - б) жергілікті ресурстарға негізделген ауыр өнеркәсіптің барлық салаларын дамыту;
 - в) байланыс тараптары мен теміржолдарды салу;
 - г) жергілікті халық өкілдерін кең түрде тарта отырып, жұмысшы табы мен өнеркәсіптік-техникалық интеллигенция кадрларын қалыптастыру.
7. Голошекиннің «Кіші Қазан» науқанына бағытталған индустрияландыру жөніндегі идеялары.

8. Қазақстандағы индустрияландыру бағыттары туралы көзқарастың әртүрлілігі.

Оқушылар мұғалім баяндамасынан кейін көрнекі құралдармен, жеке әдебиеттермен жұмыс істеп, ізденіс үстінде болады. Оқушылар өз ізденіс нәтижелерін айта бастайды. Мұғалім нәтижелерді тақтага жазып, ен қажеттілерін анықтайды. Нәтижелері шамамен былай берілуі керек:

1. Қазақстандағы индустрияландыру болашақ өнеркәсіпке қажетті жер ресурстарын зерттеуден басталды.
2. 1927 жылы Турксіб құрылышы басталды.
3. Индустрияландыру өнеркәсіптің материалдық базасын жасау мен шаруашылық және мәдени құрылыш бағдарламаларына барлық халықтардың қатысуы арқылы іске асады.
4. Индустрияландыру шаралары шамадан тыс салық салу есебінен жүргізілді.
5. Индустрияландыру жолында өкімшілік әдістері қолданылды.

Тақырыпты менгерудегі келесі міндет — нәтижелерден жаңа нәтиже шығару.

Олар:

1. Құғын-сүргін саясаты.
2. Мемлекет тарапынан берілетін қаржылай көмек.
3. Қазба және химиялық өндірістің басымдылығы.
4. Индустрияландырудың жоғарыдан іске асырылуы.
5. Шикізат көздерін игерілді, соңғы өнім шығарылмады.
6. Кенттену процесі үлкен қарқын алды.

Оқушылар мәселенің алғышартын, даму дабылдарын, нәтижелерін тапқан соң мәселенің салдарын қарастырады. Мәселенің салдары екі түрлі болады — жетістіктері және зардалтары.

1. Индустрияландырудың шынайы іске асырылуы.
2. 1931—1933 жылдардағы ашаршылық салдары.
3. КСРО-ның басқа аудандарынан маман кадрлардың республикаға келуі.

4. Мемлекеттік жоспарды орындау барысында социалистік жарыстың өріс алуы.

5. Қысқа мерзімді курстардың, фабрика-зауыт мектептерінің кең жүйесінің құрылуды, техникалық үйрмелердің ашылуы.

6. Стакановшылар қозғалысы.

Мұғалім тақырыпқа талдау жасау барысында және негізгі мәселелерді анықтау кезінде оқушылардың осы тақырып бойынша қандай білімдері барлығын бағдарлайды.

Мұғалім сабакты қорытындылау кезеңінде оқушыларға мыналарды ескертеді.

1991 жылы Қазақстанның төуелсіздік алудымен қатар мемлекет алдында бірнеше экономикалық проблема туыннады. Өсіресе ұлттық өнеркәсіптегі олқылықтар аса еткір сезіле бастады. Олар:

1. Мәшине жасау өнеркәсібінің нашар дамуы.

2. Халық тұтыну тауарлары өнімдерінің жеткіліксіз дамуы.

3. Тұрмысқа қажетті өнеркәсіп өнімдерінің тапшылығы.

Ал осы жетіспеушілік Қазақстанда 20 — 30-жылдары КСРО-ның барлық аудандары секілді индустрияландырудан өткеніне қарамастан, байқалып отыр. Мұғалім сабак қорытындысында осы үстанимға сүйене отырып, оқушыларға тірек-аналитикалық триаданы ұсынады.

A	Экономика-дагы ауыл шаруашылығының басымдылығы	Өнеркәсіп-тің дамуының төменденгейі	Республика-ның жер-көйнаула-рының зерттелуі	Байланыс және көліктің нашар дамуы	Экономика-лық арттақалу-шылыққа байланысты жергілікті халықтың өнеркәсіпке нашар тартаулығы
Ә	Техникалық экономика-лық арттақалушылықты жою	Ауыр өнеркәсіпті, мәшине жасауды дамыту	Жергілікті өнеркәсіп-тің барлық салаларын дамыту	Теміржолдар мен байланыс техникалық күралдары құрылышын салу	Өндірістегі жергілікті халық өкілдерінен маман кадрлар қалыптастыру

Осы триаданың екі бөлімі сабак барысында талқыланады. Мұғалім енді оқушыларға жаңа дабыл береді. Бұл сабакты бекітудегі негізгі ұстанымдардың бірі.

— Ұлттық тәуелсіздікке қол жеткізу кезеңіндегі өнеркәсіптің қолайсыз жағдайларына себеп болған Қазақстан экономикасындағы индустрияландыру кезеңіндегі қандай жетіспеушіліктерді көрсете аласындар?

1. 90-жылдардың басындағы Қазақстан өнеркәсібіндегі қолайсыз жағдай (бұл қорытынды кезеңінде басында айтылды).

2. Осы жағдайдың мүмкін себептері мен басқа да жетіспеушіліктерін іздестіру қажет.

Осы ұстаным оқушыларды қорытынды ізденіске бағыттайды. Олар бірнеше болжаулар ұсынады. Мұғалім оқушылармен бірлесе отырып, осы болжаулардың ішінен ең дұрысын көрсетеді. Ол — «Қазақстан экономикасындағы қолайсыз жағдайдың қалыптасуына индустрияландыру процесі кезеңінде іске асыруға аса қажетті міндеттер орындалмады».

Сабак қорытындысы бойынша оқушыларда тәмендегідей тірек-триада қалыптасады.

1	2	3	4	5	6
Республиканың жер койнаулары зертте-лінді	Байланыс құралдар мен көлік дамыды	Қаражат құрал жабдықтарын сатып алған мен қалаларды азық-түлікпен қамтамасыз етуге жұмсалды	Голошечкиннің «Кіші казан» идеясы үстем болды	Индустрияландырудың заңды барысы 1931—33-жылдардағы ашаршылық	Мамандардың жетіспеушілігі
Өнеркәсіпке қажетті жер ресурстары зерттелді	1929 жылы Түркіб теміржол құрылышы басталды	Шаруаларға қатысты күғын-сүргін саясаты, ауыл шаруашылығын қанау	Шикізат көздері игерліді, соңғы өнім шығарыл - мады	Кенттенудің өсуі	К С Р О -ның басқа аудандарынан мамандардың ағылуы
Қазақстан КСРО-ның тү-	Теміржол Орталық Азия мен Сібірдің	Ауыл түрғындарының тұрмыс дәре-	Қазақстан КСРО-ның ши-	Қалалардың өсуі. Жергілікті халық өсу көрсеткі-	Жергілікті халық саны артты.

1	2	3	4	5	6
тас меголлогені екені дәлелденді	аудандарын байланыстырып, экономика мен мәдениеттің орлеуін камтамасыз етті	жесінің төмнедеуі	кізат базасы. Адам басына шаққандағы өнеркәсіп өнімдерін өндіруде артта қалды	шінің қала-ларда өсүі	Индустримальдыру ісі мамандармен қамтамасыз етілді

§ 18. ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ӨМІРІ

Сабактың өдісі

Интерактивті.




Осы тақырыпқа қатысты көптеген ақпараттық және танымдық мәліметтердің молдығына, сонымен қатар басқа пәндерден (әдебиет пәні) алған білімдеріне сүйене отырып, тақырыпты түсіну қағидасы бойынша оқушылардың белсенділігін арттыруға бірден кірсуге болады. Оқушылардың белсенділігін арттырудагы бірінші дабыл: Қазақстанда 20-жылдардағы қоғамдық саяси жағдай қандай болды?

Оқушылар белсенділігін арттырудагы осы алғашқы дабылдан кейін олардың шығармашылық ізденісі басталады. Жеке зерттеулер мен танымды материалдарға сүйене отырып, оқушылар 20-жылдардағы Қазақстандағы қоғамдық саяси өмірдің жалпы көрінісін анықтауды керек. Мұғалім тек бағыттаушы міндеттін атқарып, оқушылардың тақырып ауқымынан ауытқымаудың қадағалап отырады. Оқушылар берілген уақыт ішінде өз ізденістері нәтижесіндегі тапқан болжауларын ұсынады. Мұғалім оқушылардың болжауларын тақтаға жазып қоюы керек. Тақтаға жазылған болжауларды талқылау оқушы белсенділігін арттырудагы екінші дабыл болады. Мұғалім оқушылардан осы мәселе-лердің себебі мен барысын анықтаудың күтеді.


Мұғалім:

1. Елдің әлеуметтік өмірінде қандай өзгерістер болды?
2. Республикадағы Кеңес өкіметінің басқару жүйесі қандай сипат алды?



Осы екі мәселені анықтау арқылы оқушылар пікірталас үйымдастырады. Пікірталас барысында мұғалім осы мәселені ашатын сұрақтарды анықтауы керек. Мұғалім оқушылардың пікірталасынан ең қажеттісін атап көрсетеді. Сабактың бұл кезеңі төмендегі кестеге сәйкес құрылады.

Осы екі мәселе бойынша көрсетілген сұрақтарды талқылау барысында оқушы республиканың 20—30-жылдардағы саяси-қоғамдық өмірінен толық білім алуды тиіс. Талқылау кезеңінен бекітетін негізгі пікірлер шығады. Талқылау барысында оқушылардың ізденіс нәтижелері де көрінуі керек. Зерттеулер мен деректерді көркем бейнелеп айта отырып, өз көзқарастарын білдірген оқушылардың пікірлерін мұғалім дер кезінде тақтага жазып отыруы керек.



Осы жоғарыдағы сұлбаны пайдаланып оқушылардың білімін тиянақтауға болады. Талқылау қорытындысы бойынша алынған бұл пікірлер негізінде тақырыптың нәтижесін көрсету қажет. Мұғалім тақтага жазылған пікірлерге жалпы шолу жасайды келе, оқушылар алдына енді мынадай мәселе қояды:

20—30-жылдары елдегі қоғамдық-саяси өмірдің соңғы нәтижесі қандай болды?

Оқушылар тақырыпты менгеру барысында алған білімдерінің қорытындысын өздері көрсетуі керек. Ол мынадай сұлбамен анықталады: 1. Алғышарты. 2. Себептері мен барысы. 3. Нәтижелері.

1. Қазақстанда Кеңес өкіметінің жергілікті органдарын нығайтуға бағытталған іс-шаралар жүзеге асырылды. Алайда қазақ халқының өлеуметтік жағдайы есепке алынбады

2. Қазақстанда ұлт саясаты өрескел бүрмаланды. Республика басшылығынан ұлт қайраткерлері аластатылды. Ұлт қайраткерлері мен орталық арасында улкен көліспеушілік туды

3. Республикадағы қоғамдық-саяси өмірдің бүрмалануына Орталықтың өкімшілік басқару әдісі ықпал етті. Республикада өкімшіл өміршіл басқару жүйесі орынды. Ұлт қайраткерлерінің республиканы басқару ісінен шеттегілу үлтаралық катынасқа терең сызат түсірді. Ұлт қайраткерлері мен Орталық арасындағы көліспеушілік тің соны 1937—1938 жж. жаппай жазалауға өкеліп соқты

Тақырыптың нәтижесін көрсету — оқушылардың білімнің нақты қалыптасқанын анықтайды. Сабакты қорытындылау барысында мұғалім оқушылардың тәрбиелік қасиеттерін көтеру үшін 20 — 30-жылдардағы ұлт қайраткерлерінің қызыметтері туралы мәліметтермен қорытындылап, оқушылардың ұлттық-патриоттық тәрбиесін дамыта туседі.

§ 19. 20—30-ЖЫЛДАРДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН МӘДЕНИЕТІ

Сабактың әдісі

Өзіндік шығармашылық сабагы.

Сабактың базалық ұғымы

Қазақстан мәдениеті тарихынан.

Сабактың тірек ұғымы

20—30-жылдардағы Қазақстан мәдениетінің дамуы.

Тірек ұғымдар

Ағарту ісі, сауатсыздықты жою, жоғары және кәсіптік білім, Фылым академиясы, қазақ-кеңес әдебиеті, өнер.

Сабактың тәсілі

Шығармашылық ізденіс, жүптасып жұмыс істеу, пікірталас.

Жаңа сабакты менгеру оқушылардың шығармашылық, өзіндік ізденіс бағытында жұмыс істеуіне бағдарланады. Мұғалім бақылаушы және бағыт беруші ретінде қатысады.

Тақырыпты менгеру ісінде мыналар қарастырылады:

1. Білім беру ісі;

2. Фылым;
3. Әдебиет;
4. Өнер.

Оқушылар тақырыпқа қатысты ақпараттық-теориялық зерттеулермен жұмыс істей отырып, халық ағарту саласына қатысты нақты деректерді анықтайды. Деректерді анықтай отырып, ағарту саласындағы сандық көрсеткіштердің себептерін табу керек. Мысалы: Республикадағы сауаттылардың пайыздық көрсеткіштерінің төмен болуының себебі?

Осы мәселенің жауабын дұрыс таба білу оқушылардың сабак барысындағы өзіндік ізденістерін көрсетіп, келесі сұраққа жетелейді. Мысалы: Халық ағарту ісін дамыту қалай өрістеді?

Оқушылар осы мәселенің жауабын айтып, өз көзқарастарын ұсынады. Мұғалім айтылғандарды тақтаға жазып отыруы керек. Келесі кезекте оқушылар назары тақтаға жазылғандардың ішінен талқыланып отырған мәселеге тікелей қатыстыларын анықтайды.

1. Жаппай сауатсыздықты жою шаралары.
2. Орта білім беретін мектептердің көбеюі.
3. Үлттық оқулықтардың жазылуы.
4. Жоғары оқу орындарының ашылуы.
5. Қазақстан ғылыминың дамуы.

Келесі кезекте мәселенің екінші сұрағы түруы керек. Ол: Қазақстан әдебиеті мен өнерінің жағдайы қандай еді?


Бұл мәселе бойынша оқушылар ізденістерінің нәтижесінде алынған болжаулар ішінен мыналар талқылауға түседі:

1. Ақын-жазушылардың осы жылдары жарық көрген әдеби-көркем шығармаларының негізгі идеялары.
2. Халық ақындарының шығармашылық идеялары.
3. Қазақ өнерінің жетістіктері.
4. Мәдениеттің дамуына кері өсер еткен жағдайлар.

Осы болжауларға пікірлерге оқушылар өз көзқарастарын білдіре отырып пікірлерін айтады, талқылауға салады. Талқылауға түскен пікірлерді төмендегі сұлба бойынша көрсетуге болады.

Талқылау барысында оқушылар республика мәдениетінің тарихы бойынша қорытынды жасай отырып, туған халқының мәдениетіне деген құрмет сезімдері бекітіліп, мәдениет пен өнер қайраткерлерін естерінде сақтайды. Сабактың нәтижесінде оқушылар Қазақстан мәдениетінің 20—30-жылдары дүниеге келген өшпес асыл мұраларының әлемдік мәдениетте алар орнымен танысады. Олар 20—30-

жылдардағы Қазақстан мәдениеті мен өнерінің ерекшеліктеріне тоқтала отырып, тақырыптың маңызын айқындайды.



IV тарау. ҚАЗАҚСТАН ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ ЭТНОГРАФИЯСЫ

§ 20. ЭТНОГРАФИЯ ФЫЛЫМЫ

Сабақтың маңсаты

Қазақстан халықтарының этнографиясы жөнінде оқушыларға толық түсінік беру.

Мұғалімнің жетекшілігімен оқулықтан тыс материалдардың қызықтылығы мен тартымдылығы қамтамасыз етіледі. Рефераттар даярлаған оқушылар көрмені үйимдастыруға қатысқандармен «Өте жақсы» деген баға алады.

Көрнекі құралдар

Дүниежүзінің саяси картасы, «Қазақ тұрмысы» атты көрме материалдары.

Сабақтың барысы

Сабак семинар түрінде өтеді. Оқушылар екі апта бұрын алған тапсырмалары бойынша рефераттар даярлайды. Семинар сабакқа оқушылармен пікірлесе отырып, «Қазақ тұрмысы» атты көрме үйимдастырылады. Көрмеге кіз үйдің, ұлттық киім-кешектердің, үй жиһаздарының, ұлттық тағамдардың, зергерлік бұйымдардың, қару-жарактардың, тұрмыстық бұйымдардың арнағы жасалған суреттері қойылады. Көрмені үйимдастыру барысында мұғалім дәстүрлі мәдениетімізді зерттеуге арналған Х.Арғынбаевтың, М.Мұқановтың, Ә.Жәнібековтің, Ә.Марғұланның енбектерін пайдаланады.

Мұғалім тактаға жаңа сабақтың тақырыбын жазады. Бұгінгі өтілетін сабақтың ерекшелігі жөнінде 1-2 мин баяндайды. Одан әрі қарай тарих ғылымының салаларын атап, оның ішінде «Этнография» ғылымына жан-жақты токталады.

Мұғалім. Этнография гректің «этнос» — халық, «графия» — жазу, үйрену деген сөздерінен құралған. Өзінің мағынасы бойынша, этнография — халықтардың қоғамдық құрылыштарын, олардың арғы тегін, өзара қарым-қатынасын, материалдық және рухани мәдениеттерін зерттейтін ғылым. Қазақ этнографиясының басқа халықтардың этнографиясынан ерекшелігі бар. Бұл қазақ халқының ғасырлар бойы қалыптасқан салт-санасына, әдет-ғұрпына, қоғамдағы күн-

делікті өміріне, үлттық қасиеттеріне байланысты. Ал үқастығына мен беретін болсак, әр халықта тән белгі — олардың елеулі тұрақтылығы, белгілі бір ішкі бірлігі, жеке этности құрайтын адамдардың өзіндік сана-сезімі; тіршілігі, әдет-ғұрпы және т.б. Осы ерекшеліктерді дәлелдей шығу жолында қазақ этнографиясын зерттеуші ғалымдардың П.Н.Рычковтың, А.И.Левшиннің, В.В.Радловтың, Н.А.Аристовтің, А.Н.Харузиннің. Ш.Уәлихановтың, С.М.Дулиннің, Х.А.Арғынбаевтың, Ә.Марғұланнның, Ә.Жәнібековтің еңбектері және басқа зерттеушілердің ғылыми шығармалары пайдаланылады.

Осыдан әрі қарай семинардың әрбір тақырыпшасы бойынша оқушылар рет-ретімен баяндайды. Алдымен, мәдениет жөнінде:

1-оқушы. Өр халықтың мәдениетіне терең үңілу арқылы ғана сол халықтың таным деңгейінің терендігін тануға болады. Қазақ халқы ертеден қалыптасқан көне мәдениеттің мұрагері және сол дәстүрді дамытушы, жалғастырушы. Осыған орай халқымыздың этномәдени болмысы материалдық мәдениетімен де анықталады. Жалпы мәдениетті: *рухани* және *материалдық мәдениет* деп екіге болеміз. Адамдардың еңбек етуінің нәтижесінде жасалған бүйімдарды *материалдық мәдениет* дейміз. Оған әртүрлі еңбек құралдары, түрғын үйлер, киім, үй ішінің бүйімдары және т.б. жатады. Ал адамдардың ақыл-ой енбегінің жемісін *рухани мәдениет* дейміз. Олар дін, діни сезімдер, әдебиет, музыка, ғылым, тіл, тарих, математика және т.б. Мәдениетсіз халық болмайды. Халықтардың ғасырлар бойы өмір сүруі тілді, мәдениет пен тұрмысқа тән сипатты белгілерді үрпақтан-үрпаққа қалдырып отыру арқылы қамтамасыз етіледі. Этнографиялық деректерге арқа сүйей отырып, халықтың өткендеңі өмір салтын, мәдени болмысын, өнерінің сипатын, моральдық-этикалық қасиеттерін сарапал тануға болады.

2-оқушы. Этнос мүшелерінің тұрмыс салтының әртүрлі салаларында көзге түсетін ортақ белгілері мен айырмашылықтары бар. Сол салалардың ішіндегі аса маңыздысының бірі — *тіл*. Тіл тиісті этносқа жататын адамдардың негізгі қарым-қатынас құралы ретінде қызмет етеді. Ол басты этникалық белгілердің бірі. Осы белгілерге қарай халықтардың тарихи өзара байланысын, шығу тегінің жақын-алыстығын, шаруашылық, мәдени жағынан үқастығын байқауға болады.

Жер шарындағы халықтар екі мыңнан астам тілде сөйлейді. Тілші ғалымдар барлық халықтардың тілдерін морфологиялық және генеалогиялық принциптеріне негіздел тіл семьясына бөледі, олар — үндіеуропалық, семит-хамит, Орал-Алтай, Қытай-тибет, Малай-Полинезия, Дравид, Мунд, Банту, Кавказ, Монгхмер, т.б. Осы аталған өрбір тіл семьясына жататын мекендеуші халықтардың аумағын карта арқылы көрсетіп, нақтылайды.

3-окуши. Мал шаруашылығын кәсіп еткен қазактардың негізгі баспанасы киіз үй болған. Киіз үй көшіп-қонуға лайықтальып жасалған. Кереге, сықырлауық есік, уық, шаңырақ — киіз үйдің қаңқасын құрайды. Кереге ағаштарын бір-біrine түйенің терісінен жасалған таспамен көктейді. Керегенің басы, аяғы, сағанағы болады. Уық — шаңырақ пен керегені байланыстыратын бөлік. Уықтың керегеге жақын бөлігі — «ііні», ал шаңыраққа жақын бөлігі — «қары», төрт қырлы ұшы — «қаламы» деп аталады. Шаңырақ — киіз үйдің күмбезді төбесін құрайтын бөлігі. Қазактар шаңырақты қасиетті санайды. Ұл-қызына «Шаңырағың биік болсын!» деп бата береді. Шаңырақтың бір-бірімен айқасып тұратын шыбықтары — «құлдіреуіш» деп аталады. Сықырлауық есік кереге шенберіне басқұр арқылы кереге бауымен байланады. Есік — мандайшадан, табалдырықтан, жарма беттен тұрады.

4-окуши. Киіз үйдің сыртқы әбзелдерін туырлық, үзік, тұндік құрайды. Олар күн сәулесін, жел мен суды, найзағайды откізбеу, жылу сактау қызметін атқарады.

5-окуши. Киіз үйдің ішкі жабдықталуының да өз ерекшеліктері бар. Киіз үйдің оң жағына ағаш төсек қойып, үстіне көрпе-жастық жинаиды, оның тұсына тұсқиіз ұстап, шымылдық құрады. Төрге жұқаяқ қойып, оның үстіне абдыра немесе сандық қойып үстіне көрпе-жастық жинаиды. Төрдің сол жағына киім ілетін адалбақан уыққа тіреліп қойылады. Тамак сактауға арналған кебеже, ыдыс-аяқ сактауға арналған асадал үйдің оң жақ керегесіне ілінеді де шым шимен қоршап жабылады. Ал сол жақ босағаға ат әбзелдері — ер-тоқым қойылады.

6-окуши. Киіз үйде төсөнетін және тұтынатын заттар кілем, тұсқиіз, сырмак, алаша, бітпес, тулак, құрақ көрпеше, көшпік.

7-окуши. Жас жұбайларға арнап тігілгені киіз үй — «отау үй» деп аталады. Көші-қон кезінде демалыс ұшін уақытша тігілетін үйлер — қос, жолым үй деп аталады. Сондай-ақ

киіз үйдің — қалмак үйі, торғауыт үйі, күркө үй деген түрлері де болған.

3,4,5,6,7- оқушылар «Қазақ тұрмысы» деген көрменің материалдарын көрсете отыра баяндайды.

Мұғалім. Қошпелі мал шаруашылығымен айналысқан қазақтардың ыдыс-аяқтары көшіп-конғанда алыш жүргуге ыңғайлыш, төзімді болуы үшін теріден және ағаштан жасалған.

8-оқушы. Теріден — қымыз құятын саба, бие сауатын қөнек, сусын құятын мес, торсық, ұзын мойынды ыдыс — қазмойын жасалады.

9-оқушы. Ағаштан — саба, аяқ, табак, кесе, тостаған, саптаяқ, қасық, ожау, ағаш тайкерсен, тегене, шара, астau, қымыздықтар, сойыр сияқты ыдыстар, сондай-ақ тұрмыста қолданылатын үршық, күбі, күбіше, т.б. жасалады.

Мұғалім. Қазақтың ұлттық киім-кешектерінің халықтың этникалық мәдениетіне сәйкес өз ерекшеліктері бар. Жас адамға арнап тігілген киім-кешектің өшекейі көп, ал көрі және егде тартқан кісілердің киімінің өрнегі аз болады немесе мұлдем болмайды. Қазақтардың киімдері сыртқы, ішкі, сұлық, бір киер, баскіім, аяққиім болып бөлінген.

10-оқушы. Сырт киімдерге — тон, шапан, күпі шидем; іш киімдерге — жейде, көйлек, комзол, шалбар, көзекей; сұлық киімдерге — шекпен, қаптал шапан, желбегей, кебенек, кенеп, сырттық жатады. Ал бір киер деп той-думанға баарда, сапар шеккенде киетін қымбат матадан өшекейленіп тігілген сөндік киімдерді айтады.

11-оқушы. Тон мал терісінен тігіледі. Ишктер қасқыр, тұлкі, қарсак, күзен сияқты аң терілерінен сыртын масаты, барқыт матамен тысталап тігіледі. Түйенің не қойдың жүнінен тоқылған жаздық сырт киімді шекпен дейді. Шапандар түрлі түсті масатыдан тігіліп, қапсырмасы, ілгектері өшекейленеді.

12-оқушы. Баскіімдерге — тақия, бөрік, сөукеле, орамал, жаулық, күндік, кимешек, тымак, малақай, қасаба жатады. Қызы балаға арнап тігілген тақия көп өшекейленіп, үкі қадалады. Қыздар қыстық бөріктерін үкі тағып, шекеліктер қадап өшекейлейді. Сөукеле — ұзатылар қыздың үйінен аттанаарда киетін баскіімі, келін болғаннан кейін орамал, жаулық салып, қасаба кисе, балалы болып, егде тарта бастағаннан кейін күндік, кимешек киген. Ер адамдардың баскіімдерінде өшекей болмаған, тек сал-серілер бөріктеріне үкі таққан.

13-оқушы. Қазактың аяқкиімдерін — байпақ, етік, кебіс, мәсі құрайды. Етікті былғары, құрым теріден тіккен. Қыз-келіншектер оюланған қызыл түсті былғарыдан етік кисе, ер адамдар қара түсті былғарыдан етік киген. Мәсінің етіктен айырмашылығы — қалың табаны мен өкшесі болмаған, мәсінің сыртынан кебіс киген.

Қазақтың материалдық мәдениетінің бір саласын дәстүрлі тағам жүйесі құрайды. Қөшпелі мал шаруашылығын көсіп еткен қазақтардың негізгі асы — ет пен сүт тағамдары болған. Тағам жүйесіне мұғалім кіріспе жасағаннан кейін оқушылар үлттық тағамдар жөнінде өз білгендерін ортаға салады.

14-оқушы. Сүт төрт түліктің атына сәйкес — бие сүті, түйе сүті, қой сүті, ешкі сүті, сиыр сүті болып бөлінеді. Бие сүтінен — қымыз, түйе сүтінен — шұбат, сиыр сүтінен — айран дайындалады. Ал қой-ешкі сүтін шайлық сүтке, балаға ішкізуге және ірімшікке пайдаланған. Сүт тағамдарының көптеген түрі сиыр сүтінен жасалады. Олар — қатық, айран, шалап, сұзбе, құрт, ірімшік, қаймак және тағы басқалар.

15-оқушы. Қазақ халқының ең жақсы көретін негізгі астарының бірі — ет. Қазақтар қыс жақындағанда соғым сойған. Соғым — мал қыстың суығынан арықтап, союға жарамай қалған кезде азықтан қысылмау үшін сойылған. Қазақтар жылқы еті мен қой етін қадір тұтқан. Ен сыйлы қонақтарға семіз қой етін бүтіндей үйітіп, тұтас тарту көдесі болған. Сондай-ақ жылқының қазы-қарта, жал-жая сияқты көдөлі еттерін тартқан.

16-оқушы. Ежелгі қазақ халқы өшекейлі бұйымдарды көп пайдаланған. Қазақ зергері, негізінен, өйелдердің сөнді өшекей заттарын (сырға, білезік, жұзік, шашбау, т.б.) өсем етіп жасай білген. Зергерлік өнердің туындылары жауға — айбар, жақынға — мактаныш, аруға — ажар, жігітке — жігер беретін болғандықтан, батырлардың көрсеткен ерлігіне ақындардың тапқырлығына, озып шыққан жүйріктің құрметіне сый ретінде берілген. Қазақ шеберлері жасаған зергерлік бұйымдар біздің ата-бабаларымыздың он саусағынан өнері тамған, шебер, өздері сері, жандары сұлу болғанын паш етеді.

17-оқушы. Қазіргі замандағыдай бұрынғы кезде де өскердің құрамы қару түрлеріне қарай бөлінген. Өр қаруды жете менгерген жауынгерлерден — садақшылар, наизашылар, қылышшылар, айбалташылар, шоқпаршылар өскери бөліктері құрылған.

Әр қарудың жорыққа шыққанда сарбаз бойында ілінетін орны бар. Садақ пен қыльш белге, наиза қолдың қарына ілінген, айбалта ердің қасына байланып, шоқпар тоқымға қыстырылған. Қазақ батырларының соғыста қолданған ер қаруы бесеу болғанмен, олардың бірнеше түрі бар және қалыптасқан қолдану өдіс-тәсілдері де сан алуан.

Батырларға арналған асыл қарулар өте қымбат тұрган. Жаумен айқаста жеңіске жету үшін шабуыл ғана емес, жаксы корғаныс құралдары да қажет. Корғаныс құралдарының дамуы, жетіліу, қолданылуы қай халықтың болсын соғыс өнерінің деңгейін білдіретін көрсеткіш.

«Қазақ тұрмысы» атты үлттық көрмегеді «Үлттық тағам», «Зергерлік бүйім», «Қару-жаарақ» деген тақырыптардағы буклеттер арқылы оқушылар рефераттарын толықтырады және нақтылады.

Оқушылар сабакқа өзірлік кезінде дайындаған «Қазақ тұрмысы» атты көрмені тарих кабинетінің ішінде өдістемелік көрnekілік ретінде калдырады.

Үйге тапсырма

«Қазақстан халықтарының этнографиясы» деген тақырыпқа байланысты «Мениң қиялымдағы қазақ қогамы», «Өткен замандагы қазақ тұрмысы» атты шығармалар жазу.

§ 21. ҚОЛДАНБАЛЫ ӨНЕР ЖӘНЕ ОНЫҢ САЛАЛАРЫ

Сабактың мақсаты

Оқушыларға қазақ халқының қолданбалы өнері, сөүлөт ескерткіштері, халық құнтізбесі жайлы жан-жақты толық білім беру.

Мұғалім әрбір тақырыпты баяндағанда көрнекі құралдар мен оқулықтан тыс қосымша материалдарды пайдаланады. Сабак барысында үнемі оқушылармен пікірлесіп отырады. Оқушылар халықтың белгілі бір тарихи кезеңдеріндегі таным-түсінігі, өмір-салты, сұлулық, талғамы туралы мәлімет алады. Оқушылардың өткен тарихты білуге қызығушылығы мейлінше байқалады, себебі мұғалім оны қазіргі өмірмен тығыз байланыстыра баяндайды. Мұғалім сабактың нәтижесінде оқушылардың белсенді қатысуымен толық меншергегеніне көз жеткізеді.

Көрнекі құралдар

Қазақстан Республикасының картасы. «Қолданбалы өнер» буклеті, «Тарихи ескерткіш» стенді, сұлба, музика аспаптары.

Сабақтың барысы

- I. Үйымдастыру кезеңі
- II. Үй тапсырмасын сұрау
- III. Жаңа сабақ

Мұғалім үйымдастыру кезеңінен кейін, үйге берілген жазба жұмысы мен сұрақтарды талдауға кіріседі. «Менің қиялымдағы қазақ қоғамы», «Өткен замандағы қазақ тұрмысы» атты жазба жұмысы бойынша сыныптағы үш қатардағы үш оқушыдан ауызша түрде сұрап, оқушылармен пікірлесе отырып бағалайды. Ал қалған оқушылардың жазба жұмысын жинап алғып, әрбір оқушының пікірлері мен тұжырымдарын ой елегінен өткізіп, бағалайды. Сонымен бірге өткен сабаққа байланысты төмендегі сұрақтардың жауабы айтылады.

1. Қазақ этнографиясының басқа халықтардың этнографиясынан қандай ерекшеліктері және ұқасстықтары бар?
2. Қазақтың киіз үйінің болімдері бойынша сипаттама беріндер және олардың атқаратын қызметтері қандай?
3. Қазақ халқының ұлттық тағамдары нeden жасалған?
4. Қазақтардың ертедегі қару-жарактарын бүгінгі күні пайдаланып жүрген қару-жарактармен салыстырындар.
5. Қазақ халқының ұлттық киімдерінің ерекшеліктері неде?
6. Зергерлер қандай бұйымдар жасаған?

Жаңа сабақ жоспары

1. Қазақ халқының қолданбалы өнері жайлы мәлімет беру.
2. Қазақ жеріндегі сөүлет ескерткіштеріне сипаттама беру.
3. Қазақтардың халық күнтізбесі жайлы түсінік беру.

Қолданбалы өнер ежелгі мәдениет салттары негізінде сактардың, үйсіндердің және гүндардың заманында дамыған. Қазақ халқының ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық мәдениетінің рухани да, материалдық та қазынасының қомақты бөлімі — ұлттық қолөнері. Халық өнерінің тамыры халықтың өмір сүру салтымен, өмір сүру салты халықтың шаруашылық дәстүрімен тығыз байланысты. Қазақтың қолөнері де өзінің төлтума бітім-қасиетімен, көркемдік мән-мағынасымен ерекшеленеді, қолөнер ұлгілері тек қана эстетикалық мұра емес, сонымен бірге халықтың белгілі бір тарихи кезеңдері таным-түсінігінен, өмір салтынан, сұлулық туралы талғамынан хабар береді.

Өнер ескерткіштері көркемсүрет өнерінде, ұсталық, зергерлік, құйма, ағаш және тоқыма өнерінің өндірісінде жақсы көрініс алған дей келе, мұғалім өрі қарай «Қолданба-

лы өнер» деген тақырыптағы буклет арқылы бүйімдардың өркайсысының жасалуы және оның атқаратын қызметтері туралы толық мағлұмат бере отырып баяндайды. Бұдан кейін әр оқушы өз ойын білдіреді, мұғалім толықтырады. Кілемді өрмекпен, түрлі-түсті тоқыма жілтермен тоқиды. Кілемнің бірнеше түрі болады. Тұғі жоқ тықыр кілемдер жерге төсөліп немесе қабырга тұсына ілінген, тұкті кілемдер тұска ілініп, үйдің көркі болған. Үй ішіндегі көздің жауын алатын қой-ешкінің жүнінен иіріліп тоқылған әсем бүйімдар, әртүрлі ою салынған киіз, сары ала текемет, қара ала сырмак, мақпалдан ойып жасалған тұсқиіздер көз қызықтырады.

Өнерлінің қолы алтын демекші, өнерлінің қолынан шыққан бүйімдар түрмистық тұтыну, безендіру, әшекайлеу үшін қажет болған әрі көшпелі өмірдің салт-дәстүрінен, әдет-ғұрпынан халықтың дүние танымынан сыр шертетіні даусыз.

Дәстүрлі мәдениеттің бір түрі — *музыка аспаптары*. Олардың кең тараған, көне түрі — *домбыра*. Домбыра кептірлген қарағайдан ойып жасалады. Ішегі қой мен ешкі ішегінен ширатылып жасалады. Қазақ қауымына кең тараған аспаптың бірі — *қобыз*. Қобыздың ысқышы жылқының құйрық қылынан жасалады. *Сыбызғы* — үрлеп ойнайтын аспап. Сыбызғыны қамыстан немесе жұмсақ ағаштың өзегін үңгіп жасаған. Оның саусақпен басып ойнайтын төрт тесігі болады. Сыбызғы да ете ертеден белгілі. Сыбызғыны малшылар көп тартқан. *Асатаяқтар* ұрмалы аспаптар қатарына жатады. *Шаңқобыз* саз балшықтан жасалады. Сонымен қазақтың музыка аспаптары *ишекті*, *ұрмелі*, *ұрмалы* аспаптар болып болінеді. Музыка аспаптары жөніндегі жоғарыда берілген мәліметтер оқулықтан тыс қосымша материалдардан алынды. Мұғалім музыка аспаптарын көрсете отырып баяндайды.

Енді мұғалім сөүлет ескерткіштерін баяндамас бұрын сыйып оқушыларына мынадай екі сұрақ қояды.

1. Қандай ежелгі қалаларды білесіндер, оларды картадан көрсетіндер?

2. Өздерің білетін ескерткіштерді, мазарларды, мешіттерді атандар.

Мұғалім оқушылардың жауаптарын толықтырып, нақтылау үшін «Тарихи ескерткіштер» деген тақырыпта тақтаның сол жақ шетінде орналасқан көрнекілік арқылы баяндайды.

Құрылым техникасы мен сөүлет өнерінің дамуы қалалардың есімен байланысты болды. Улкен қалаларда қоғамдық құрылымтар, яғни сарайлар, керуен сарайлары, моншалар

салынған. Аталған мәдени құрылыштар тастан және күйген кірпіштен сыланған. Осындаи құрылыштардың болғанын біз жазба ескерткіштерден ғана емес, ежелгі Отырар, Тараз, Баласағұн, Түркістан және тағы басқа қалалардың орында-рында жүргізілген археологиялық қазбалардан білеміз.

Мұғалім әрі қарай қазақ халқының халық құнтізбесі жөнінде мәлімет береді. Алдымен, он екі жылдық мүшел жүйесінің аттары, жылдары жазылған сұлбаны тақтаға іліп, мүшел жасын есептеуді және жыл санаудың орналасу ретін есте сақтауды үйретеді.

Қазақ хандығы құрылғаннан кейін көне түріктердегідей қазақтарда да мүшел жүйесі құн мен түннің теңелген құні, 22-наурыздан басталатын болды. Жыл санаудың мүшел жүйесінің айрықша ерекшелігінің бірі — онда жылдар санмен емес рет-ретімен, жан-жануарлардың аттарымен атальшп, он екі жыл сайын дәл осылай қайталанып отырады. Адамдар төтемдік хайуанаттардың айрықша қасиеттеріне сенгендіктен өздерінің шығу тегін белгілі бір жануарлармен байланыстырыған. Халықтар оларды қатты құрметтеп, жәберлеуге, өлтіруге тыйым салған. Бұл құнтізбемен бірге қазақтар хижра бойынша мұсылмандық жыл санау жүйесін де пайдаланған.

Қазақтың халықтық құнтізбесі бойынша жыл 22 наурыздан басталады, наурыз тойы өткізіледі. Ұлыстың Ұлы құні аталған бұл құнді қарсы алу жөнінде оқушылардың ойы тындалады, мұғалім мұны толықтырып отырады.

Ал қазір жержүзінің көптеген елдері Григориан құнтізбесін қолданады. Ол әлемнің бүгінгі жетекші елдерімен тарихты бірге жасасып уақытты бірге санауға мүмкіндік береді.

Бекіту сұрақтары

1. Қолданбалы өнер қалай дамыды және бұл өнердің ерекшелігі нede?
2. Қазақ жеріндегі сөүлет ескерткіштерінің қайсысын білесіндер? Оларға сипаттама беріндер.
3. Қазақтардың халық құнтізбесі қашан пайда болды?
4. Тоқыма өнері, оның ішінде кілем току жайлы айтып беріндер.
5. Ағаштан қандай тұрмыстық заттар жасалады?

Бекіту сұрақтары арқылы мұғалім оқушылардың жаңа сабакты қандай дөрежеде менгергенін біледі.

Үйге тапсырма

Қолданбалы өнер. Тақырыптың сонындағы берілген сұрақтар мен тапсырмаларды орындау.

V тарау. КЕҢЕС ДӘУІРІНІң АЛҒАШҚЫ КЕЗЕҢІНДЕГІ ЭТНОДЕМОГРАФИЯЛЫҚ АХУАЛ

§ 22. 20—30-ЖЫЛДАРДАҒЫ ЭТНОДЕМОГРАФИЯЛЫҚ АХУАЛ

Сабактың мақсаты

Оқушыларға 20—30-жылдардағы патша өкіметінің отарлау мен қоныстандыру саясаты жөнінде және Қенес өкіметінің көші-қон саясаты барысындағы этнодемографиялық ахуалды толық мәліметтер алады.

Сабактың нәтижесінде оқушылар қазақ халқының басынан кешікен, тарихтан алар орны ерекше оқығалардың барысы жайлы толық мәліметтер алады.

Көрнекі құралдар

Қазақстан Республикасының саяси-өкімшілік картасы, Дүниежүзінің саяси картасы, сұлба.

Сабактың барысы

- I. Ұйымдастыру кезеңі
- II. Үй тапсырмасын сұрау
- III. Жаңа сабак

Мұғалім ұйымдастыру кезеңінен кейін, үйге берілген тапсырма бойынша сұрақ-жауап арқылы оқушылардың білім сапасын тексеріп, бағалайды.

Сұрақтары

1. Мал шаруашылығының қазақтардың материалдық мәдениетіне тиғізген әсерін неде? көреміз?
2. Колданбалы өнер қалай дамыды және бұл өнердің ерекшелігі неде?
3. Қазақ жеріндегі сөүлет ескерткіштерінің қайсысын білесіндер? Оларға сипаттама беріндер.
4. Ертеде қазақтар аспан денелері арқылы уақытты қалай білген?

Мұғалім жазба жұмысын жүргізу арқылы 3 оқушының білім деңгейін тексереді.

1. Халық қүнтізбесі туралы не білесіндер?
2. Хижқа жүйесі туралы не тусяндіндер?
3. Григориан қүнтізбесінің ерекшелігі неде?

Жаңа сабак жоспары

1. Қоныстандыру саясаты жайлы мәлімет беру.
2. Үйгырлар мен дүнгендердің қоныс аударуы.
3. Қенес өкіметінің көші-қон саясаты.

Мұғалім: Қазақстан Республикасында қазақ халқынан басқа бірнеше ұлт өкілдері тұратынын білесіндер. Қане, оларды атап көрелік!

Оқушылар: орыс, татар, украин, корей, үйғыр және т.б. Осыдан мынадай сұрақ туады.

Қазақстанның көпүлттү мемлекетке айналуының негізгі себебі неде?

Мұғалім оқушылардың назарын осы сұрақ төңірегіне аудара отырып, жаңа сабактың түпкі мақсатын ашады.

Қазақстанның көпүлттү мемлекетке айналуының негізгі себебі XVIII ғасырдың 30-жылдарынан басталған Ресейдің қоныстандыру саясатын жүргізуіне байланысты болды. Осы кезеңнен бастап Қазақстанға орыстар және тағы басқа ұлт өкілдері орналасты.

Қоныстандыру саясатының жүзеге асырылуы салда-рынан орыс шаруалары Қазақстанның шұрайлы жерлеріне қоныс аударды. Бұл жерлер жергілікті халықтан тартып алынды. XX ғасырдың басына дейін қазак жеріне екі миллиондай орыс, украин, поляк шаруалары қоныстанды. Жерінен айырылған халық экономикалық күйзеліске үшырады, саяси-әлеуметтік бостандығынан айырылып, құнарсыз шөлді аймақтарға ығыстырылды.

Жалпы, Қазан төңкерісіне дейінгі кезенде патша өкіметі таралынан қазак жерін отарлау кең қолемде және қарқынды түрде жүргізілді.

Мұғалім оқушыларға патша өкіметі таралынан қазак елін отарлау және қазак жеріне қоныс аудару саясатының жүргі-зілген ерекшеліктеріне тоқтала келіп, сабакты оқулықта берілген «Жетісуда шаруаларды қоныстандыру туралы уақытша ережелер», «Сібір теміржолының ерекше комитеті» жөніндегі тарихи деректерге сүйене отырып баяндайды.

Ал XIX ғасырдың соңғы ширегінде Қазақстан халқының құрамында өзгеріс пайда болды. 70–90-жылдары Қытайдан үйғырлар мен дүнгендер қоныс аударды.

Отарлау саясатының барысында қазак жерінде қонысташуыштардың көбеюіне байланысты қазак елінің этнодемографиялық құрамы өзгеріске үшырай бастады. Ресей империясындағы 1897 жылғы халық санағының деректері бойынша Қазақстанның мекендеген халықтардың саны мен ұлттық құрамы мынадай болды:

Ұлттар	Саны	Пайызы
Қазақтар	3392,8	81,8
Орыстар	454,4	11,0
Өзге ұлт өкілдері	300,6	7,2

Жалпы, Республиканың этнодемографиялық құрылымында мынадай жағдай байқалды. Бір жағынан, қазақ халқына қарсы жүргізілген Кеңес өкіметінің зорлық-зомбылығының нәтижесінде, оның бір бөлігі өз жерін тастап, шетелдерге кетуге мәжбүр болса, екінші бір бөлігі аштықтың құрбаны болды. Осы кезенде республикаға қоныс аударушылардың, оның ішінде Шығыс славян халықтары өкілдерінің саны көбейді. Сөйтіп, республиканың қазіргі уақыттағы этнодемографиялық құрылымының негізі сол кезенде қаланды.

Халқымыздың өткен өмір шындығы мен төл болмыс бітімін жете танып-білуіміз қасиетті қазыналарымыз бер асыл мұраларымызды бүтінгі және ертеңгі күннің игілігіне айналдыруымыз үшін керек.

Бекіту сұрақтары

1. Қазақстан көпүлтты мемлекет болып қашан қалыптасы?
2. Патша өкіметі қоныстандыру саясаты бойынша қандай мақсатты алдына қойды?
3. Ресейден Қазақстанға қандай халықтар келіп қоныстанды?

Мұғалім жаңа сабакты пысықтау барысында оқушылардың өзара пікірлерін ескере отырып, сабактың нәтижесі өз дәрежесіне жеткенін байқай алады.

Үйге тапсырма

20 — 30-жылдардағы кеңестік жүйе қалыптасу қарсанаңдағы этнодемографиялық ахуал. Тақырыптың сонындағы берілген сұрақтар мен тапсырмаларды орындау және тақырыпқа сәйкес қосынша көркем әдебиеттерден, тарихи құжаттардан үзінділер жинақтау.

§ 23. САЯСИ ҚҰҒЫН-СУРГІН ЖӘНЕ ХАЛЫҚТАР ДЕПОРТАЦИЯСЫ

Сабактың мақсаты

Қазақстанның көпүлтты мемлекет болуына әсер еткен тарихи жағдайлар жайлы түсінікті оқушыларға толық мәнгерту.

Сабактың нәтижесінде оқушылар Ұлы Отан соғысы, тың және тыңайған жерлерді игеру және тәуелсіз Қазақстан жылдарындағы демографиялық саясат жөніндегі мәліметтерді толық мәнгереді. Мұғалім пысықтау барысында сұрақтар қою арқылы оқушылардың берген жауаптарын бағалап, сабактың өз дәрежесінде өткенін көре алады.

Көрнекі құралдар

Қазақстан Республикасының саяси-өкімшілік картасы.

Сабактың барысы

I. Үйымдастыру кезеңі.

Жаңа сабактың өткен сабакпен өте тығыз байланысты екенін ескере келіп, үйге берілген тапсырманы талдаудан бастайды. Үйге берілген тапсырма тақырыпқа сәйкес көркем әдебиет, тарихи құжаттардан қазақ халқының басынан кешкен тарихи оқиғалары жөнінде мәліметтер жинақтау болатын. Талдау барысында мына төмендегі сұрақтарды негізге алу қажет.

1. Қазақстанда 20-жылдардағы демографиялық ахуал қандай болды?
2. Қазақстан жеріне қандай ұлттар, кай кезеңнен бастап қоныстانا бастады?
3. Қазақстан лагерьлер өлкесі деп неліктен аталды?
4. Қош-қон саясатының қазақ халқының демографиясына тигізген өсері және оның зардалтары қандай болды?

Оқушылар тақырыпқа сәйкес даярлаған мәліметтері негізінде жоғарыдағы сұрақтарға толық жауап береді.

Жаңа сабактың жоспары

1. Елден қуудың басталуы.
2. Ұлы Отан соғысы кезіндегі елден қуу саясаты.
3. Тың және тыңайған жерлерді игерудің демографияға тигізген өсері.
4. Тәуелсіз Қазақстанның демографиялық жағдайы.
5. «Қазақ тілі» қогамы және «Қазақстан халықтарының Ассамблеясы».

Өткен сабак негізінде жүргізілген қызу пікіралысудан кейін, жаңа сабактың жоспарымен таныстырылған соң елден қуу деген ұғымның мәні ашып көрсетіліп, сол жөнінде мағлұмат беріледі. *Елден қуу дегеніміз* (депортация) — белгілі бір адамдар тобын немесе халықтарды жаза ретінде туған жерінен басқа өлкеге жер аудару. Бұл саясат соғысқа дейін-ақ қолданылды. Қазақстанға өз елінен қуылғандарды қоныстандыру саясаты кейінгі жылдарда жалғасты. Сөйтіп, Қазақстан 30-жылдары елінен қуылған халықтардың өлкесіне айналды. Қазақстанға елінен қуылған халықтарды жаппай қоныстандыру 1937 жылдан басталды.

1954—1964 жылдар аралығындағы нақты деректерге сүйенсек тың және тыңайған жерлерді игерудің де демографияға өсер еткенін көреміз, Қазақстанға одактың түкпір-түкпірінен 102 ұлт өкілі 600 мыңдан астам адам келген.

Тәуелсіз Қазақстан Республикасының егемендік алыш, алғаш рет демографиялық саясатын өзі қалыптастыра бастауының тұңғыш кепілі 1992 жылы Жоғарғы Кеңесте

қабылданып, 1993 жылдан бастап Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың қол қоюымен өз күшіне енген «Қөші-қон» туралы заңы болды. Осы заңның күшімен 1991 жылдан бері елімізге жұз мындаған оралман көшіп келді. Оқулықта берілген деректерді мұғалім тақтага жазып, оқушыларға салыстырмалы түрде оралман санының есү деңгейін көрсетеді. (Мұғалім соңғы статистикалық деректерді пайдалана алады.)

Одан әрі мұғалім Тәуелсіз Қазақстан Республикасының бүқаралық үйымдары «Қазақ тілі» қоғамына, «Қазақстан халықтары Ассамблеясына» тоқталады.

Мұғалім мен оқушылар арасында мемлекеттік тіліміздің қоғамдағы алатын орны қандай дәрежеде болып отыр?— деген сұрақ төңірегінде пікір алмасу басталады. Қазақ ұлттының болашак даму жолында мемлекеттік тілдің — қазақ тілінің қазіргі таңда ең негізгі мәселе екеніне көз жеткізу керек.

Осыған байланысты кейінгі жылдары Қазақстан үкіметінің мемлекеттік тілді дамытуға шындалап бет бұрып, бірқатар илілкіті шаралар жүзеге асып жатқанына назар аударылады.

Сонымен қатар мұғалім Қазақстан халықтары Ассамблеясының жүргізіп жатқан жұмыстары жөнінде баяндайды.

Ассамблея елдегі үлттық келісім мен саяси тұрақтылықтың сақталуына ықпал етеді, еліміздегі әртүрлі үлт өкілдері арасындағы достық қарым-қатынасты нығайтады. Олардың рухани-мәдени жағынан қайта өркендеуі мен дамуына, азаматтардың демократиялық нормаларға негізделген саяси мәдениетін қалыптастыруға әсерін тигізетін ұсыныстарды өзірлейді.

Жаңа сабакты оқушылардың қандай дәрежеде менгергенін пысықтау барысында анықтай алады.

Бекіту сұрақтары

1. Қазақстанның көп үлт өкілдері мекендейген мемлекет болуына қандай жағдайлар себеп болды?
2. Елден куу дегеніміз не?
3. Ұлы Отан соғысы кезіндегі демографиялық ахуалға сипаттама беріндер.
4. Тың және тыңайған жерлерді игерудің демографияға тигізген әсері қандай?
5. Қазақстан халықтары Ассамблеясы қашан құрылды?
6. Қазақстан халықтары Ассамблеясының атқаратын қызметі қандай?

Үйге тапсырма

Саяси құғын-сүргін жөне халықтарды елінен қуу саясаты. Тақырыптың соңындағы сұрақтарға жауап өзірлеу.

VI тарау. ҚАЗАҚСТАН КОММУНИСТИК ПАРТИЯСЫ МЕН КОМСОМОЛЫ ТАРИХЫНАН

§ 24. ҚАЗАҚСТАН КОММУНИСТИК ПАРТИЯСЫНЫҢ ТАРИХЫ

Сабактың өдісі

Интерактивтік тәсіл.

Сабактың базалық ұғымы


Қазақстанның қоғамдық-саяси тарихы.

Сабактың тірек ұғымы

Қазақстан Коммунистік партиясының қызметі.

Тірек ұғымдар

Социал-демократтар, большевиктер партиясы, Коммунистік партия, марксизм идеясы, Лениндік ұлт саясаты, ұлт қайраткерлері, революциялар, ұлттық мемлекет идеясы, қуғын-сүргін.



Сабактың тәсілдері

Шығармашылық ізденіс, ойлауды дамыту, пікірталас, өзіндік жұмыс, талқылау.

Тақырыпты менгеру осы кестедегі жүйе бойынша өтеді. Мұғалім оқушылардың шығармашылық ізденістерін қамта-

масыз етіп, тақырыптағы мәселелердің толық айқындалуын қадағалайды. Мұғалім тақырыптың өзекті мәселелерін ғана көрсетіп отыруы керек.

Жаңа тақырыпты менгерудің кіріспесі, оқушы білімділігін дамытудағы бірінші дабыл — *Коммунизм идеясының пайдасы болуы және алғашқы коммунистік үйымдардың қызметі*. Бұл кезеңде оқушылар коммунизмнің негізгі идеяларымен танысады. Ресейдегі коммунистік-маркстік үйірмелердің қызметін көрсетеді.

Оқушыны жаңа ізденіске жұмылдыратын екінші дабыл — *Қазақстан Коммунистік партиясының қызметі*. Оқушылар танымдық материалдармен жұмыс істей отырып, Қазақстанда құрылған социал-демократиялық үйымдарды және олардың қызметін анықтайды. Оқушылар ұсынған болжаулардан олардың ізденісі байқалады. Тақтага жазылған болжаулардан олардың ішінен ең дәйектілері сұрыпталып алынады. Бұлар шамамен мынадай сұрақтарды қамтиды.

1. Қазақстанда социал-демократиялық үйымдар, алдымен, жұмысшы табы шоғырланған өнеркәсіпті қалаларда пайда болды.
2. Қазақстанда марксизм идеясының таралуына жер аударылып келген саяси тұтқындар ықпал етті.
3. Коммунистік партия кетарындағы ұлт қайраткерлерінің саяси белсенділігі артты.

Осы үш мәселе бойынша оқушылардың пікірталасы үйімдастырылады. Пікірталас барысында мұғалім мына сұраққа жауап іздеуі керек.



Қазақ халқы коммунизм идеясын қалай қабылдады?

Бұл сұрақ сабактың келесі дабылы болады. Оқушылар ізденісі мына мәселелерді айқындауы қажет.

1. Қарапайым халықтың Кенес өкіметіне көзқарасы.
2. Қазақстандағы Кенес өкіметінің алғашқы жылдарындағы большевиктер партиясының қызметі.

3. Ұлт қайраткерлерінің саяси белсенділігі.

Кестеде қарастырылған үш мәселе пікірталас нөти-жесінде жаңа ізденістер тудырады. Оқушылардың ізденісі үш мәселенің себебін анықтауы керек. Олардың пікірлері тақтага дер кезінде жазылып, ішінен дәйектілері сұрыпталып алыныу тиіс. Мысалы:

1. Фасырлар бойы патшалы Ресейдің отары болып келген Қазақстан	2. Қенес өкіметі саяси билікті күштегі аса мүдделі болды	3. Қазақ революционерлері Қенес өкіметі қазак халқының өркендеуіне мүдделі деңгел идеяга толық сенід
--	--	--

Өкімшіл-әміршіл басқару жүйесінің құрылуды

Қенес өкіметінің алғашқы жылдарында халық сеніміне ие болған Коммунистік партия келесі жылдарда өзінің билігін нығайту мақсатында басқарудың әкімшілік жүйесіне көшті. Оның көрінісі Қазақстандағы саяси жағдай болды. Осы мәселе бойынша оқушылар ізденісі мынаңдай үш пікір туғызады.

1. Қазақ революционерлерінің ұлттық мемлекет құру жөніндегі идеялары.
2. Республикадағы басқару ісінің біржактылығы. Голощекин мен ұлт қайраткерлерінің тайталасы.
3. Коммунистік партияның Қазақстандағы тап куресін шиеленістіруі.

1. Қазақ революционерлерінің онышыл тобының (Ә. Жангелдин, т.б.) республиканы басқару идеялары	1. Голощекиннің Қазақстанды басқару жүйесін қайта құруға кірсіүі	1. Республикада жүргізілген «Кіші Қазан» саясаты тап куресін шиеленістіріп жіберді
2. Т. Рысқұлов және оның «Түркістан Республикасы» туралы идеялары	2. Голощекин және Ұлт қайраткерлері арасындағы идеялық тартыстың ұлғаюы	2. 1928 жылы ірі байлады төркілеу науқаны елдегі саяси жағдайды шиеленістірді
3. Алаш зиялышарының ұлттық мемлекет туралы идеялары	3. Ұлт қайраткерлеріне «Ұлтшыл» деген айып тағызып, олардың республикадан қуылуы	3. Өкімшіл-әміршіл басқару жүйесі 1931—1932 жылдардағы геноцидке ұласти
4. Ұлттық мемлекет күру туралы идеяның күйреуі	4. Қазақстандағы Ұлт қайраткерлеріне Орталық тараپынан сениміздік көрсетілді	4. Ұлт қайраткерлері 1937—1938 жылдары жаппай қуындалды, атылып, сотталды

Коммунистік партияның республиканы басқаруында әскери-әміршілдік жүйе үстем болды

§ 25. ҚАЗАҚСТАН КОМПАРТИЯСЫ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ТОҚЫРАУ

Сабактың өдісі

Интерактивті.

Сабактың барысы

Кестеде көрсетілген.

Сабактың базалық ұғымы

Қазақстан КСРО құрамында.

Сабактың тірек ұғымы

Қазақстан Мәскеудің шексіз билігінің қол астында.

Тірек ұғымдары:

Өкімшіл-әміршіл басқару жүйесі, социализм, тоталитаризм, тоқырау жылдары, қайта құру, ұлт саясаты.

Сабактың тәсілі

Өзіндік ізденіс, пікірталас, ойды дамыту, талқылау.



Үй тапсырмасын сұрау


Үй тапсырмасымен жұмыс істеу оқушыларды жана шығармашылық жұмысқа талпындырады.

Демек, бірінші дабыл — *Республикада орталықтың қатан әкімшіл-әміршіл басқару жүйесі үстемдік етті*. Осы мәселе бойынша оқушылардың назары оның себептерін ашуға бағытталуы керек. Мұғалім оқушыларды қажетті материалдарды игеруге бағыттап отырады. Берілген уақыт ішінде оқушылар нақты деректермен, оқиғалармен, тарихи процестермен танысып, өз болжауларын ортаға салады. Мұғалім оқушылардың өзіндік жұмысы барысында ұсынылған болжауларды мазмұндық идеясына қарай үш топқа бөліп тақтаға жазады. Мұғалім болжауларға түсінік беріп, оқушыларды өз көзқарастарын талқылауға бағыштайды.

Сонымен оқушылар қандай болжаулар ұсынады?

1. КСРО-да әміршілдік басқару жүйесі қалыптасты.
2. Қазақстандағы социализм құрылышы жалаң ұран сипатына ие бола бастады.

Оқушылар осы болжаулардың себептерін оқулық пен қосынша материалдардағы мәліметтер арқылы анықтайды.



Осы кестеде көрсетілген мәселелер оқушылардың ізденіс объектісі болып табылады. Мәселенің себебін, барысын, салдарын іздеу нәтижесінде оқушылар өздерінің жана зерттеу объектісін анықтайды. Ол — *Қазақстан Компартиясының тоқырау жылдары*.

Оқушылар Қазақстан Компартиясының тоқырау жылдарындағы деректермен танысып, өздерінің ізденіс мүмкіндіктерін көнегіте түсуі керек. Оқушы ізденісі мынадай мәселелерді қарастырады:

1. Әкімшіл-әміршіл басқару жүйесінің мәдениет пен тылымның дамуына тигізген кері өсері.
2. Елдің әлеуметтік-экономикалық дамуының тоқырауы.

Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық, саяси және мәдени дамуына әкімшіл-әміршіл жүйенің тиғізген өсери (1945—1980 ж.)

1. Республиканы басқарып отырган әкімшіл-әміршіл жүйе бюрократиялық-шовинистік сипат ала бастады.
 2. Республиканы басқару ісінде жергілікті ұлт кадрларына орталық сенимсіздік көрсетті.
 3. Әкімшіл-әміршіл жүйеге қарап стихиялық қарсылыктар болды (Ақмола, Теміртау оқигалары).

1. Тын игеру науқаны елдің әлеуметтік тұрмысына кері өсерін тиғізді. Жер ерозияға ұшырады, осы науқан салдарынан солтустік облыстарға коныстанушы өзге ұлт өкілдері жергілікті халық көрсеткішінен асып түсті.
 2. Қазақстан КСРО-ның өсекири-сынақ аланына айналды. Халықтың денсаулығы нашарлады. Арал тенізі тартылды.
 3. Ауыл шаруашылығы айтарлықтай дамыды. Өнеркәсіп саласы бойынша Қазақстан КСРО-ның шикізат базасы болып қала берді.

1. Қазақ жазушылары мен ғалымдарына “ұлтшыл” деген айып таңылыш, олар қуғынға ұшырады.
 2. Қазақстандағы ғылыми ой мен қоғамдық пікірге шектеу салынды.
 3. Республиканың ғылыми кадрлары мен зиялдылары басқа республикаларға қоныс аударды.

Осы кестеде көрсетілген деректер, оқигалар, тарихи процестер бойынша оқушылар өз көзқарастарын дәлелдейді. Демек, олардың Қазақстан КОКП-ның тоқырау жылдары туралы ізденісі мына мәселелерді көрсетуі керек:

1. Қазақстан тоқырау жылдарында.
2. Д. Қонаевтың қызметі.

Бұларды зерттей келе оқушылардың Коммунистік партияның елді басқару жүйесінің тиімсіз, экономиканың дағдарыска ұшырауы занды құбылыс екеніне көздері жетеді. Осы мәселелер бойынша өзара пікірталас үйимдастырады.

Бұл пікірталас мына мәселелерді қарастырады:

1. КСРО-дағы саяси-әлеуметтік және экономикалық жағдай шұғыл реформалар жүргізуіді қажет етті.
2. Қайта құру саясаты өз нәтижесін бермеді.
3. Қоғамды қайта құру барысында ұлт саясаты есепке алынбады.
4. Алматыдағы Желтоқсан оқиғасы Компартияның құлдырауының жарқын көрінісі болды.

Осы мәселелерді талқылау барысында оқушылар Компартияның елді басқару әдістерінің толық күйреу себептерін анықтай алады.

§ 26. ҚАЗАҚСТАН КОММУНИСТИК ЖАСТАР ОДАҒЫНЫҢ ТАРИХЫНАН

Сабактың базалық ұғымы


Қазақстанның 20—30-жылдардағы қоғамдық-саяси өмірі.

Сабактың тірек ұғымы

Қазақстандағы жастар қозғалысы.

Тірек ұғымдар

Комсомол үйімі, жастар қозғалысы, пионер үйімі, Желтоқсан қаһармандары.



Сабактың тәсілдері

Өзіндік жұмыс, шығармашылық ізденіс, пікірталас.

Бұл сабактың білімділік міндеті — оқушыларды Қазақстан жастар қозгалысының тарихымен таныстырып, жастар және қоғам туралы, жастардың сол қоғамдағы рөлі туралы білім негіздерін түсіндіру.

Осы міндетті қарастырғанда Қазақстан жастарының ерлік дәстүрімен таныстыра отырып, оның қорнекті өкілдеріне деген құрмет сезімін қалыптастыру. Осы екі міндетті дамытта отырып, оқушыларды қоғамның белсенді мүшесі болуға, қоғамдық өмірдің алдыңғы сапында болу үмтүлісінә тәрбиелеу.

Пікірталас барысында оқушылардың белсенділігі көрінеді. Олар мұғалім қойған сұрақтарға жауап береді. Тақырып бойынша әр оқушының өз көзқарасы қалыптасады. Мұғалім кестеде көрсетілген тақырыпты менгеру барысынан әр кезеңінде оқушылар білімін рейтингтік жүйемен белгілеп отырады. Бұл әдіс сабак қорытындыланғанда оның толық нәтижесін көрсетеді.

Оқушылар оқулықпен, танымдық материалдармен және қосымша әдебиеттермен жұмыс істейді. Оқушылардың бұл әрекеті мыналарға бағытталады:

1. Қеңес өкіметінің алғашқы жылдарында Қазақстан жастарының белсенділігінің артуы.

2. Қазақстан жастарының патриоттық, ерлік дәстүрі.

3. Пионерлер қозғалысы.

4. Қазіргі жастар қозғалысының мәселелері.

Сабак барысы осы төрт мәселені қарастыру арқылы дамиды.

Оқушылар берген уақыт ішінде осы тақырыпқа қатысты материалдармен, деректермен жұмыс істеу нәтижесінде турлі болжауларды ұсынады. Оқушылардың көзқарасына қарай мұғалім бұл болжауларды үшке бөліп, тақтага жазады.

1. Жастардың қоғамдық белсенділігі.

2. Жастардың патриоттық тәрбиесі.

3. Қазіргі жастардың проблемасы.


Оқушылардың болжаулары осы үш мәселенің алғышартын, себебін, барысын және салдарын анықтауға бағытталады, жұмыс жарыс тәсілі бойынша жүргізіледі.

Оқушылардың өзіндік ізденіс жұмыстары төмендегі мәселелерді міндетті түрде қарастырады және осы мәселелерді анықтап, талқылап, өз пікірлерін ортага салады.



Сабак барысында пікірлер негізделген соң, қорытынды шығарады.

Сабак қорытындысын төмендегідей кестемен көрсетуге болады.



VII тарау. ҚАЗАҚ ДИАСПОРАСЫ

§ 27. ҚАЗАҚ ДИАСПОРАСЫНЫҢ ПАЙДА БОЛУ ТАРИХЫ

Сабактың өдісі

Шығармашылық-зерттеулер өдісі.


Сабактың барысы

Кестеде берілген жоспар бойынша.

Көрнекі құралдар

Теориялық-тәндық материалдар және зерттеулер.

Қосымша материалдар, көркем әдебиет, газет-журнал материалдары.



Сабақтың базалық ұғымы

Қазақ диаспорасының пайда болу тарихы.

Сабақтың тірек ұғымы

Қазақ диаспорасының қалыптасуы.

Тірек ұғымдар

Диаспора, ирредент, репатриант, маргинал, демография, миграция, эммиграция.

Сабақтың тәсілдері

Жұптастып жұмыс істей, өзіндік жұмыс, зерттеу, пікірталас.

Мұғалім жаңа тақырыпты менгеру барысында тек нұсқау беріп, бағыттаушы рөлінде ғана көрінеді. Тақырыпты менгерудегі бірінші дабыл — диаспораға байланысты ұғымдардың мәнін анықтауга бағытталады.

Оқушылар тірек ұғымдардың мәнін ашу, анықтау жұмысы кезінде қазақ диаспорасының ерекшеліктерін көрсете алса, тақырыптың бірінші кезеңі өз жемісін береді.

Бұл кезеңдегі оқушылардың басты білімі қазақ диаспорасының демографиялық көрсеткішін, шетелдегі қазақтар санын және олардың арасалмағы көрсеткіштерін білу. Бұл орайда 2002 жылы Туркістан қаласында өткен Дүниежүзі қазақтарының II Құрылтайында жарияланған демографиялық көрсеткіштерді басшылыққа алған жөн («Шалқар» газеті, 2002 жыл).

Тақырыпты менгерудің екінші кезеңдегі мәселе — қазақ диаспорасының зерттелу жайы.

Шетелдік және Қазақстандық ғалымдардың зерттеулерімен таныса отырып, оқушылар екі мәселені қарастыруы керек.

1. Қазақ диаспорасының пайда болуының алғышарттары мен себептері.

2. Қазақ диаспорасының қалыптасу негіздері.

Оқушылар арнайы зерттеулерден қандай мәселелерді анықтауы керек. Оны төмендегі кесте арқылы білуге болады.

Қазақ диаспорасы туралы зерттеулер

Г. В. Астафьев «Шыңжан қазактары» Шыңжан қазактарының тарихи-этникалық мәселелері	Н. Н. Мингулов «Жалпы Қытай революциясының бір болігі. Шыңжан халықтарының үлт-азаттық жолындағы күресі». Шығыс Түркістандағы Үлт-азаттық қозғалыстарға қазақтардың қатысуы туралы	Годфри Лиас «Қазақтардың шығуы» Шыңжан қазактарының трагедиясы туралы
Н. Фаритулла «Алтай-дағы қанды түндер» Шыңжан қазактарының мәдени-саяси жағдайымен Туркия-дағы қазақ диаспорасының қалыптасуы туралы	Х. Оралтай, Х. Алтай, Б. Гуревич, З. Златкин, М. Кларк, С. Бурк, Г. Сердюгенко, Л. Бенсон, Г. Мендікұлова, К. Есмағамбетов еңбектеріндегі қазақ диаспорасы туралы	Қ. Жұмаділов «Тағдыр», «Сонғы көш» дастандарында Шыңжан қазактарының саяси-әлеуметтік өмірі баяндалады

Тақырыптың үшінші кезеңін төмендегі кесте бойынша еткізуге болады.

Қазақ диаспорасының пайда болуы

1-кезең	2-кезең
Қазақ диаспорасы XVII–XVIII ғасырлардағы қазақ-ойрат қатынастары кезінде пайда болды. Қазақ диаспорасының қалыптасуының бірінші кезеңі еki жағым ғасырға созылды	Қазақ диаспорасының қалыптасуының екінші кезеңі Ресей-Қытай мемлекеттік шекараларын анықтау нәтижесінде пайда болды. Осы кезде Қытай мемлекеті құрамында 100 мынга жуық қазақ өз қандастарынан бөлініп қалды

Пікірталас кезінде мұғалім оқушылардың айтқан пікірлерін тактага жазып отырады. Оқушылар шамамен мына мәселелерге жауап беруі керек.

1. Қазақ-жонғар соғыстары салдарынан қазақ рулары өз атамекендерін тастап кетті.

2. Цин өкіметінің Шығыс Түркістандағы жаулаушылық саясатына байланысты ондағы қазақ рулары диаспораға айналды.

3. Ресей-Қытай келіссөздері нәтижесінде Алтай, Тарбагатай, Іле өзенінің жоғары ағысындағы қазактар өздерінің ата жүртүшінан біржолата ажырады.

Оқушылар өз пікірлерін білдіру арқылы білімдерінің қорытынды сапасын көрсетеді. Мұғалім оқушылардың пікірлері негізінде сабак қорытындысын шығарып, оны тақтага жазып қояды.

§ 28. XX ГАСЫРДЫҢ БІРІНШІ ЖАРТЫСЫНДАҒЫ ТАРИХИ ОҚИГАЛАРДЫҢ ҚАЗАҚ ДИАСПОРАСЫНЫҢ ҰЛГАЮЫНА ТИГІЗГЕН ӘСЕРІ

Сабактың әдісі

Интерактивті.

Сабактың барысы

74-бетте берілген кестедегі жоспар бойынша.

Сабактың базалық ұғымы

Қазақ диаспорасының тарихы.

Сабактың тірек ұғымы

XX гасырдың бірінші жартысындағы қазақ диаспорасы.

Тірек ұғымдар


Диаспора, ұлт-азаттық көтеріліс, тәңкеріс, Қенес өкіметі, ұжымдастыру, геноцид, Ұлы Отан соғысы.

Сабактың тәсілдері


Топтасып жұмыс істеу, өзіндік жұмыс істеу, пікірталас, пікірлерді талқылау.

Жаңа тақырыпты менгеруге кірісер алдында мұғалім еткен тақырыпқа қысқаша шолу жасау арқылы оқушылар білімін пысықтайды. Диаспораға қатысты ұғымдарды оқушылардың есіне салу арқылы қазақ диаспорасының пайда болу тарихын еске түсіреді. Бұл жаңа тақырыпты менгеруге бағытталған кіріспе дабыл. Кіріспе кезең оқушылардың белсенділігін оятуға көмектеседі.

Жаңа тақырыпты менгерудегі бірінші дабыл — қазақ диаспорасының шетелдерде ұлғаюына қатысты XX гасырдың I жартысындағы тарихи оқигалар мен үдерістер туралы мәліметтермен танысу.



Сабактың бұл кезеңін мұғалім төмендегі кестеге сүйене отырып үйімдастырады.



Сабактың келесі кезеңінің дабылы — осы тарихи үдерістердің нәтижесінде қазақ диаспорасының күшіне түсінің себептерін, барысы мен салдарын анықтау. Оқушылар осы үш ұстаным бойынша тақырыпқа қатысты материалдармен өз бетімен жұмыс істейді. Берілген уақыт ішінде оқушылар ізденісі өз нәтижесін көрсетуі керек. Осыдан кейін оқушылар өз пікірлерін ортаға салады. Мұғалім бұл пікірлерді тақтага жазып отыруы тиіс. Оқушылардың пікірлері шамамен мына мәселелер төнре-гінде болуы керек.

1. Патша өкіметі тарарапынан жүргізілген отарлау саясаты қазақтарды атамекенінен айрып, шетелдерге кетуге мәжбүр етті.

2. 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалысты басып-жанышу кезінде жазалаушы әскерлерден қашқан қазақ ауылдары Қытай, Монголия, т.б. көрші елдерге ауып кетті.

3. Елде Кенес өкіметінің орнауы мен большевиктердің үстемдігінің бекуі нәтижесінде қазақ ауылдары шетелдерге ете бастады. Азамат соғысы кезінде қашқан қазақ ауылдары бұл көшті ұлғайта түсті.

4. 20-жылдарда өзінің ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрлі шаруашылығынан айрылған қазақ халқы жана өмірді қабылдай алмады. Бұл жағдай қазақ ауылдарының шетелге кетуінің тағы бір себебі болды.

Казак диаспорасының кальптасты кезеңдері

Патша өкіметі отарлық саясат жылдары	1916 жылты үлт- а заттық қозғалыс	Казан тәңкерісі мен азамат сонысы жылдары	20—30-жылдар- дағы саяси науқандар
Ішкі Ресейдің орыс шаруалары- ның Казакстанға коныс ауда- руы казактардың шетелге ауа көшүн төзелтті.	Патша жарлыбына кар- сы көрерілген казак хал- қының үлт-а заттық коз- ғалысты басып-жашынча шықкан жаззалауды өс- керден кашкан казак ауылдары шешелге кетуге мөжбүр болды.	Казак халқының бір бөлгі Кенес өкіметіне сенбеді. Бул Кенес өкіметінің алғашкы күндерінде ак казактардан корші елдерге ауа ғешуінен корінді.	20-жылдардың со- нындағы науқандар казак халқының үлттық мұддесіне сай келмеді.
Столыпиннің реформасы негі- зінде казактардың 18 млн деся- тина жері коныс аударушылар- ға берілуі тиіс болды. 1911 жылты санак, бойынша, Кытайга ауған казактар саны 224 мың 900 адамға жетті.	1 млн-ра жуык казактар Кытай жеріне етті, 43 млн десятина жерді патша өкіметі тартып алды.	Бул кезеңде казактар Кытайга, Өзбекстанға, Иранға және Ауғанстанға көпті.	Халықтың ауқатты болғы мал-жанда- рын алдып, шетел- дерге ауып кетті. Бул жағдай шаруа- шылықтың дамуы- на көрі өсерін тигізді.
Столыпиннің реформасы неги- жесінде Казакстанға ішкі Ресей- ден коныс аударушылар казак шаруаларының шұрайты же- лерін басып алды. 1902 — 1913 жылдың санак, бойын- ша казактар саны 8-9%-ға кемдін.	1916 жылты патша өкі- меті елде жаптап террор жүргізді. Жазалаудан кашкан казак ауылдары Кытайға көпті. Бул кун- корістіе косымша киын- дыхтар тузылды.	Кенес өкіметінің орнауы, 20 - жылдардағы одан кейінгі азамат соғысы казак халқының өлеуметтік жағдайының күйзелуіне екеліп сокты.	Кенес өкіметінің орнауы, 20 - жылдардағы саяси науқандар ха- лық наразылығын туғызы, арты ка- рулы көтеріліске үласты.

5. Кенес өкіметінің Қазақстандағы науқандарының арты қолдан жасалған геноцидке ұласты.

6. Шетелдердегі қазақ диаспорасының соғыс кезеңі — Ұлы Отан соғысы болды. Соғыс жылдарында тұтқынға түскен қазақтар соғыс біткен соң елге оралудан, мұндағы жазалау шараларынан қорқып, шетелдерде қалып қойды.

Оқушылар өз пікірлерінің дәйектілігін көрсете білу керек. Әр кезеңдегі тарихи процестердің ықпалынан қазақтардың шетелге кетуінің алғышартын, себебін, барысын, салдарын және сонымен қатар олар кеткен кездегі елдің әлеуметтік-саяси жағдайын көрсете алулары тиіс. Бұл мәселелер сабактың келесі кезеңінегізі болмак.

Сабактың келесі кезеңі — оқушы білімінің қортындылашы. Оқушылар қазақ диаспорасының күшеюіне әсер еткен тарихи процестер мен оқигалар кезеңдегі Қазақстандағы қоғамдық-саяси және әлеуметтік-экономикалық жағдайды толық анықтайды. Қазақтардың шетелге көшуінің себептерін, барысын, салдарын және оның Қазақстандағы қоғамдық санаға тигізген ықпалын көрсетеді. Сабактың бұл кезеңінде мұғалім оқушылар білімінің қорытындысын бекіту мақсатында тірек-аналитикалық триада қолданады. Сөйтіп ол қорытынды кезеңде оқушы, назарына ұсынылады. Оқушылар өз білімдерін өздері анықтауға мүмкіндік алады.

Осыдан барып оқушының жаңа тақырыпты менгерудегі білім нәтижесі көрінеді.

Оқушының білім нәтижесі — тарихи оқигалар мен үдерістердің алғышарты, себебі, барысы, салдары негізінде күштейген қазақ диаспорасының тарихын толық анықтау болып табылады.

Жоғарыда берілген триада мұғалімге үлгі ретінде ұсынылып отыр.

§ 29. ТМД ЕЛДЕРІНДЕГІ ҚАЗАҚТАР. ОЛАРДЫҢ ТӨҮЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫМЕН ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫ. ДУНИЕЖҰЗІ ҚАЗАҚТАРЫНЫҢ ҚҰРЫЛТАЙЫ

Сабактың әдісі

Шығармашылық ізденіс жұмысы.

Сабактың барысы

Төмендегі кестеге сәйкес.

Сабактың базалық ұғымы

Қазақ диаспорасының тарихы.

Сабактың тірек ұғымы

ТМД қазақтары мен Дүниежүзі қазақтарының Құрылтайлары.

Тірек ұғымдар

ТМД, жақын шетел, оралман, құрылтай.

Сабактың тәсілдері

Шығармашылық жұмыс, шығармашылық ізденіс, жұптастып талқылау, пікірталас.

Сабак барысының алғашқы кезеңінде оқушылар өткен тақырып бойынша үйде орындаған шығармашылық жұмыстарын көрсетеді. Үй тапсырмасы бойынша оқушылар «Қазақ диаспорасының тарихы» атты тарихи шығармалар дайындауды тиіс. Ол жаңа сабактың бірінші кезеңінде мұғалім тарарапынан бағаланады.

Осыдан кейін мұғалім жаңа тақырыпты тусіндіруге көшеді. Оқушыларды шығармашылық ізденіске жұмылдырудагы мұғалімнің бірінші нұсқауы:

ТМД-ның құрылуы және ондағы қазақ диаспорасының әлеуметтік жағдайы.

Оқушылар 80-жылдардың соңындағы КСРО-ның әлеуметтік-саяси ахуалының ерекшеліктерін де айқындауды тиіс. Өйткені осы жылдардағы тарихи үдерістер ұлтаралық қатынастарға үлкен ықпалын тигізген еди. Сабактың бұл кезеңінде оқушылар шығармашылық ізденіс арқылы мына мәселелерді анықтауды керек.

1. 90-жылдардағы жаппай көші-қон ерекшеліктері мен оның Қазақстандағы халық санағының көрсеткішіне тигізген әсері.

2. Көші-қонның әлеуметтік-экономикалық себептері.

Оқушылардың шығармашылық ізденісі осы мәселелердің жауабын анықтауда тиіс. Бұл мәселелер бойынша оқушылардың берген жауаптарын мұғалім тақтага жазып отырады. Оқушылар жауабы шамамен тәмендегідей сипатта болуы керек.

1. 1991 жылы Одектас республикалардың өз тәуелсіздігін жариялаудына байланысты елде бұрын-сонды болмаған көші-қон өршіп кетті.

2. Басқа ұлттардың тарихи Отанына оралуы орын алыш, бұл Қазақстандағы демографиялық көрсеткішке әсерін тигізді.

3. Қазақтардың да басқа мемлекеттерге қоныс аударуы байқалды. Олар шетелдердегі қазақ диаспорасының қатарына қосылды. Оқушының шығармашылық ізденісін одан өрі дамытудағы мұғалімнің екінші нұсқауы — қазіргі замандағы алыс-жақын шетелдердегі қазақ диаспорасының жағдайы туралы мәселені айқындау болады. Бұл кезеңде оку-

90-жылдардағы көші-қон	Қазақ диаспорасының әлеуметтік жағдайы	Қазақ диаспорасының мәдени жағдайы
1	2	3
90-жылдардың басында Республика экономикасының толық тоқырауға үшін тоқырау халықтың әлеуметтік тыныс-тіршілігінің төмөндеуіне әкеліп соқты. Бұл жағдай күнкөріс көзін іздеген қазақтардың алыс-жақын шетелдерге кетуіне себеп болды.	Алыс-жақын шетелдердегі қазақ диаспорасының жұмыспен қамтамасыз етіліп және мамандығына сәйкес бизнеспен шұғылдануы, олардың сол елдерде тұрактанып қалуына себеп болып отыр.	Алыс-жақын шетелдердегі қазақ диаспорасының мәдениетіне, дініне, әдет-салтына ешқандай тыйым салынып отырған жоқ.
Қазақстаннан қоныс аударғандардың 68%-орыстар, 10%-украиндар, 4.6%-қазақтар алыс шетелдерге 1% қазак кетті. Білікті мамандардың көші-коны елдің әлеуметтік-экономикалық дағдарысының терендеуіне ықпалын тигізді.	Шетелдерде қазақ диаспорасының қоғамдары жұмыс істейді. Қазақ жастары шетелдердің жоғары оқу орындарында білім алып жатыр. Кейбір мемлекетте казақ диаспорасының бизнесі өркендеген, жеке көсіп орындары бар. Шетелдің казақ бизнесмендері тарихи Отанына келіп, өз бизнесін Қазақстан экономикасын дамытуға бағыттай бастады.	Шетелдерде қазақ диаспорасының үлттых салт дәстүрлері сакталған. Белгілі мәдениет жөнө ғылым қайраткері Х. Алтай. Х. Оралтай, М. Мұхаммедқызы, Ш. Сапарғалиқызы, М. Өзтурік қазақ диаспорасының өкілдері. Қазақ диаспорасы қазақ халқының үлттых мәдениетін дүниежүзіне паш ету ісінде орасан көп қызметтер атқарып жатыр.

шылар тірек-аналитикалық триаданы толтыру арқылы шығармашылық ізденістері мен зерттеулерін дамыта туследі.

Осы триада бойынша такырыпта қаралатын бірінші мәселе тиянақталады.

Мұғалімнің үшінші нұсқауы — дүниежүзі қазақтарының өзара қарым-қатынасын анықтау.

Оқушылардың бұл мәселеде басты назар аударатын объектісі — 1992 жылы Алматыда, 2002 жылы Түркістанда болып өткен Дүниежүзі қазақтарының Құрылтайларының маңызын ашып көрсету. Оқушылар төмөндегі екі кестемен жұмыс істейді.

Дүниежүзі қазақтарының I Құрылтайы 1992 жыл Алматы

Құрылтайдың күн тәртібінде қаралған мәселелері	
Құрылтайдың қабылдаған қараплары	
Құрылтайдың қазақ халқына жолдаған Үндеуі	

Дүниежүзі қазақтарының II Құрылтайы 2002 жыл Түркістан

Құрылтайдың күн тәртібінде қаралған мәселелері	
Құрылтайдың қабылдаған қараплары	
Құрылтайдың қазақ халқына жолдаған Үндеуі	

Сабактың келесі кезеңі — қазақ диаспорасының тарихи Отанына оралу мәселесін қарастыру:

1. ТМД елдеріндегі қазақтардың оралуы.
2. Алыс шетелдердегі қазақтардың оралуы.
3. Оралмандарды орналастыру жөнінде атқарылып жатқан іс-шаралар.
4. Қазақ диаспорасының тарихи Отанына оралу ерекшеліктері мен қыншылықтары.

Жоғарыдағы мәселелерді шеше алса, сабактың келесі кезеңінде оқушылар қазақ диаспорасының қазіргі проблемаларын толық түсінеді. Осы кезеңде оқушылар түсінігінде үш түрлі пікір қалыптасады.

1. 90-жылдар экономиканың құлдырауынан қазақтардың шетелдерге жұмыс ізден, қоныс аударуы байқалды.
2. Дүниежүзі қазақтарының Құрылтайы шетелдердегі қандастардың тұрмысымен таныстырып, оларды тарихи Отанына жақындана түсті.
3. Шетелдердегі қазақ диаспорасының өзінің тарихи Отанына қайтып келуі басталды.

Мұғалім оқушылардың білім нәтижесін бекітуі үшін, Дүниежүзі қазақтарының II Құрылтайында ресми түрде жарияланған шетелдердегі қазақ диаспорасының санымен таныстырады (деректер белгілі зерттеуші М.Тәтімовтің енбектерінен алынған).

Қазақ диаспораларының жалпы саны

1. Шетелдердегі қазақ диаспорасының жалпы саны — 5 млн-нан астам адам

2. Алыс шетелдердегілер — 2 млн 240 мың адам	
3. ТМД елдеріндегілер — 2 млн 882 мың адам	
Жақын шетелдердегі қазақтардың саны	
1. Өзбекстанда	1 млн 650 мың адам
2. Ресейде	1 млн адам
3. Туркменстанда	140 мың адам
4. Қыргызстанда	95 мың адам
5. Украинада	15 мың адам
6. Арменияда	15 мың адам
7. Тәжікстанда	10 мың адам
8. Беларусьта	5 мың адам
9. Әзіrbайжанда	4 мың адам
10. Грузияда	3 мың адам
11. Молдавияда	2 мың адам
12. Латвияда	1 мың адам
13. Литвада	0.8 мың адам
14. Эстонияда	0.7 мың адам
Алыс шетелдердегі қазақтар	
1. Қытайда	1 млн 990 мың адам
2. Монголияда	110 мың адам
3. Ауганстанда	30 мың адам
4. Туркияда	25 мың адам
5. АҚШ-та	14 мың адам
6. Иранда	10 мың адам
7. Германияда	9 мың адам
8. Канадада	7 мың адам
9. Францияда	6 мың адам
10. Пәкстанда	5 мың адам
11. Англияда	4 мың адам
12. Үндістанда	3 мың адам
13. Швецияда	2 мың адам
14. Арабияда	1 мың адам
15. Израильде	0.9 мың адам
16. Австрияда	0.7 мың адам
17. Аргентинада	0.5 мың адам
18. Бельгияда	0.4 мың адам
19. Нидерландта	0.4 мың адам
20. Иорданияда	0.2 мың адам
21. Египетте	0.2 мың адам
22. Австралияда	0.2 мың адам
23. Сирияда	0.1 мың адам
24. Мороккода	0.1 мың адам
25. Таиландта	0.1 мың адам
26. Индонезияда	0.1 мың адам

VIII тарау. ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ (1991 — 2011 жж.)

Мұнда Тәуелсіз Қазақстанның қоғамдық-сақаси, әлеуметтік-экономикалық, сыртқы саясаты және тағы басқа салаларында болған негізгі өзгерістер баяндалады.

Әр сабакты өткенде оқылатын материалдың мазмұны мен сипатына қарай оқытудың түрлі формалары мен әдістері қолданылады. Оқытудың әдіс-тәсілдері көп, оларды орында да тиімді пайдалануға мүғалімнің шығармашылық түрғыдан қарағаны дұрыс.

Оқушыларға сапалы білім, саналы тәрбие беру барысында мүғалімге жаңа міндеттер жүктеледі. Себебі бүгінгі таңда қоғамымыздығы әлеуметтік өмірде және экономикада болып жатқан он өзгерістер жайында терең білім және үлттық тәлім-тәрбие беру жолында үлкен ізденіс қажет. Ол үшін тараудың әрбір параграфын өмірмен байланыстыра отырып, тарихи материалдың өміршендігіне баса назар аударған дұрыс. Оқыту тек әрбір сабактың мақсатын қөзdemей, сол сабакта не оқытылатыны және оқушылардың одан қандай қорытынды шығаратынын мүғалім үнемі ескеріп отырады.

Сабак барысында мүғалім жаңа материалды талдап түсін-друге, кейде окулық материалын толықтыруға көніл бөледі.

Осы тарауды оқыту барысында мүғалім, кіріспеде көрсетілгендей, кезекті сабакта кездесетін термин сөздерге, олардың бүрын өтілген-өтілмегеніне қарамастан, түсінік беру керектігін ескереді.

Мүғалім әлеуметтік, халықаралық, дін, үлттық-мәдени орталық, мемлекеттік тіл, казақ диаспорасы, т.б. өзекті мәселелерге баса назар аударады. Бұлармен қатар төмендегі мәселелерге де көніл аударылады:

- әр сабакта жаңа тақырыпты міндетті түрде бекітіп отырады;
- оқушылардың қоғамдық дамудың түрлі құбылыстарына өздігінше баға беріп, қорытынды жасап, шығармашылықпен үғыну қабілетін дамытады;
- түрлі тарихи және осы заманғы деректерді, құжаттарды талдап, пайдалана білуге үйретеді;
- алған білім жүйесіндегі құндылықтарды менгеруге ерекше көніл бөледі;
- жеке сабактардың буындарының, элементтерінің үйлесуін ескеріп отырады.

§ 30. ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ САЛАДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР

Сабактың маңсаты

Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алғаннан кейінгі кезде оның қоғамдық-саяси, әлеуметтік өмірінде болған түбегейлі өзгерістерді оқушыларға берік менгерту.

Сабакта оқушылар Тәуелсіз Қазақстан жайында көптеген мәліметтермен таныса алады. Оқушылардың сабакқа деген қызығушылығы арта түседі, әсіресе оқулық пен хрестоматияда берілген қосымша материалдар арқылы түсіндіргендеге оқушы тәуелсіздік алғаннан кейін республиканың қоғамдық-саяси, әлеуметтік өмірінде болған өзгерістер жайлышын толық мәлімет алады.

Мұғалім жаңа сабакты пысықтауда барысында жай жөне күрделі сұрап қою арқылы оқушылардың оларға берген жауаптары арқылы білімді қашшалықты менгергенін біле алады, сабактың сонында оқушылардың білім деңгейіне қарай топқа беліп, жазба жұмысы арқылы білім сапасын тексереді.

Көрнекі құралдар

Қазақстан Республикасының картасы, карточкалар, кестелер.

Сабактың барысы

I. Үйімдастыру кезеңі

II. Үй тапсырмасын сұрау

Сабактың жоспары

1. Тақырыпқа шолу жасау.
2. Тәуелсіз Қазақстанның саяси жүйесі. Мемлекеттік құрылымы.
3. Қазақстан Республикасының мемлекеттік рөміздері, мемлекеттік тіл.
4. Бұкаралық ақпарат қуралдары (БАҚ).
5. Қазақстан Республикасындағы саяси тұрақтылық негіздері.
6. Саяси партиялар мен қозғалыстар.

Мұғалім жаңа тараудың жаңалығы да, қындығы да мол өзгерістерге бай кезең екенін ескере келе әрі өткен сабакты пысықтай отырып, бүгінгі үлкен, мазмұны кең жаңа тақырыпқа ауысады. Тақырыпқа жалпы шолу жасалады.

Оқушылардың ойлау қызметін дамыту үшін төменде-гідей сұрақтар беріледі:

- Қазақстан Республикасының мемлекеттік егемендігі туралы Декларация қашан қабылданды, оның қандай маңызы бар?
- Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы Конституциялық Заң қай уақытта қабылданды?

- Төуелсіздіктің тарихи маңызы неде?
- Қазіргі қоғамдық жүйемен кеңестік қоғам жүйесін салыстырындар.

Мұғалім сұрақтың алғашқы екеуінің жауабын тақтага кесте арқылы хронологиялық-синхрондық әдіспен орналас-тырады. Кестенің үлгісі:

Жылдар	Саяси өмір	Әлеуметтік-экономикалық жағдай
1990 жыл, 25 қазан	«Қазақ КСР-інің Мемлекеттік егемендігі туралы Декларация» қабылданды.	
1991 жыл, 16 желтоқсан	«Қазақстан Республикасының Мемлекеттік төуелсіздігі туралы» Конституциялық Зан қабылданды.	

Алғашқы тақырыпша — «Төуелсіз Қазақстанның саяси жүйесі. Мемлекеттік құрылымы». Мұғалім сабакты Қазақстанның төуелсіз мемлекет ретіндегі мемлекеттік құрылымының негізгі ұстанымдары 1993 жылғы 28 қаңтарда қабылданған бірінші Конституцияда жария етіліп, екінші Конституцияда (1995 жылы 30 тамыз) бекітілген болатын, — деп баяндаудан бастайды.

Мұғалімнің Президент сайлауына және Президенттің атқаратын қызметіне кеңірек тоқталғаны жөн. Сол сияқты парламент пен үкіметтің негізгі міндеттері мен атқаратын қызметтеріне ерекше көніл бөлгөн абзal.

Бірнеше оқушыға карточка таратылады. Себебі оқушылардың ой қорытындысы мен біліктіліктерін байқататын әдіс — сұрақ-жауап арқылы жүргізіледі.

Оқушыларға таратылатын карточкалардың мазмұны төмендегі үлгідегідей болады.

1. Елтанбага сипаттама беріңдер.
 2. Ту жайында түсінік беріңдер.
 3. Қазақстан Республикасы Өнүранының мазмұнын талдаңдар.
 4. Мемлекеттік тілдің қазіргі жағдайына баға беріңдер.
- Осы тақырыпша бойынша мұғалім карточкадағы сұрақтың жауабын толықтыруға оқушыларды қатыстыра отырып, мынадай қорытынды жасайды. Мемлекеттік рөміздер белгілі бір елдің өзіндік өмір салтын, бүкіл болмыс ерекшелігін,

айрықша арман аңсарын, басқалармен байланыс мұратын білдіретін белгі. Шынайы дербестік нышандары болып табылатын Қазақстан Республикасы Тұның, Елтаңбасының және Әнұранының қабылдануы жаңа өмір жылнамасына алтын әріптермен жазылған оқиғаға айналды.

Қай нышаннаның кайдан туындал, қалай өрбігенін тарихқа сілтеме жасай отырып түсіндіру оқушының санасын тереңдете түсуге септігін тигізеді. Өйткені елдік таңбаның ең басты мұраты — өз еліңе деген мақтанышқа тәрбиелеу.

Бұқаралық акпарат құралдары деген тақырыпша бойынша оқулықпен жұмыс жүргізіледі. Оқулықтағы берілген сандық мәліметтерге көбірек көніл бөлінеді.

Бекіту сұрақтары

1. Қазақстан Республикасының Егемендік күні және Тәуелсіздік күні деген тарихи даталардың қандай айырмашылықтары бар?
2. Тәуелсіздік алғаннан кейінгі Қазақстан Республикасының қоғамдық-саяси өміріндегі өзгерістерді атандар.

Үйге тапсырма

Қазақстан Республикасының қоғамдық-саяси саладағы өзгерістері. Тақырыптың соңында берілген тапсырма мен сұрақтар бойынша дайындық жасау.

§§ 31-32. ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЭКОНОМИКАСЫ

Сабактың бірінші сағаты

Сабактың мақсаты

Тәуелсіздік алғаннан кейінгі Қазақстан Республикасының экономикасында кездескен қындықтар мен кемшіліктерді, даму ерекшеліктерін, ауыл шаруашылығында жүзеге асырылған шараларды оқушыға толық менгерту.

Бүгінгі сабактың нәтижесінде оқушы нарықтық экономиканың моделін, Қазақстан Республикасы экономикасының даму ерекшеліктерін, экономиканы дамытудағы мұнай-газ өнеркәсібінің рөлін, ауыл шаруашылығы реформасының нәтижелерін, шағын және орта бизнестің мәні мен маңызын толық менгереді. Сабак барысында мұғалім мен оқушының өзара белсенділігі негізгі рөл атқарады. Осының нәтижесінде мұғалім оқушылардың сабакты қаншалықты менгергенін байқайды.

Сабак барысында өңгімелесу, тақырыпқа сәйкес көрнекі құралдарды пайдалану, оқулықпен жұмыс істеу, т.б. әдістер пайдаланылады.

Көрнекі құралдар

Тәуелсіз Қазақстан Республикасының картасы, сұлбалар, диаграммалар.

Сабактың барысы

1. Үйімдастыру кезеңі.
2. Үй тапсырмасын сұрау.
3. Жаңа сабак.

Жаңа сабактың жоспары

1. Экономикалық токырау және оның зардалтары.
2. Нарықтық экономиканың моделі.
3. Республика экономикасын дамытудағы мұнай-газ өнеркөсібінің рөлі.
4. Жекешелендіру — экономикалық реформаның маңызды бағыттарының бірі.
5. Шағын және орта бизнес.
6. Ауыл шаруашылығын реформалаудың нәтижесі және болашағы.
7. Инвестициялық саясат.

Бұл тақырыпшаны оқытуға 2 сағ берілген. Тақырып ете күрделі, кең көлемді, сандық мөліметтердің көп екенін ескере отырып, мұғалім төмендегі кестелердің көмегімен оқушылардың берік білім алу жолдарын қарастырады. Оқушы 9-сыныпта «Қазақстан тарихы» және «Адам. Қоғам. Құқық» пәндері бойынша алған білімдерін одан әрі қарай жетілдіре туседі.

Сабактың мазмұнына назар аудару үшін мұғалім оқушыларға:

90-жылдардың бірінші жартысында Қазақстан экономикасының деңгейі қандай дәрежеде болды, сипаттама беріңдер — деген сауал арқылы жауап ала отырып, оны әрі қарай жетілдіре туседі.

Экономикаға берілген сипаттаманы мынадай бөліктеге бөліп, дәлелдейді:

- дәстүрлі шаруашылық байланыстары жүйесінің бұзылуы;
- Қазақстандық тауарлардың бәсекелестікке қабілетсіз болуы;
- сыртқы сауданың ырықтандырылуының өндірістің құлдырауына әкеліп соқтыруы;
- көптеген кәсіпорынның тоқтап қалуы;
- жұмыссыздықтың көбеюі;
- халықтың тұрмыс дәрежесінің төмендеуі;

— өндірістің жыл сайын 15—20%-ға (орта есеппен) төмендеуі.

Картамен жұмыс

Картадан Қазақстан Республикасының аумағын көрсете отырып, Менделеевтің «химиялық элементтердің периодтық жүйесі» кестесіндегі әр элементтің Қазақстан жерінде кездесітін айтып төмендегі кестені баяндайды.


Қазба байлықтар

Алтын — 9%	Мырыш — 50%
Темір — 10%	Вольфрам — 53%
Марганец — 13%	Күміс — 55%
Боксит — 22%	Уран — 56%
Молибден — 29%	Қорғасын — 70%
Мыс — 31%	Барий — 80 %
Титан — 40%	Хром — 95%

Мұғалім экономикалық дағдарыстың салдарынан өнеркәсіп өндірісінің құлдырау көрсеткіштері жөніндегі оқулықта берілген мәліметтерді пайдалана отырып, бұлардың мәнін мына диаграмма арқылы түсіндіреді.


1991—1996 жылдардағы Қазақстандағы өндіріс өнімінің көрсеткіштері.

1. Түсті металл
2. Электр қуаты
3. Кара металл
4. Отын өнеркәсібі
5. Машине жасау
6. Химия саласы
7. Ағаш өндеу
8. Құрылым
9. Женіл өнеркәсіп



Мұғалім оқулықпен шектеліп қалмай, төмендегі диаграмма деректерін қосымша пайдаланады.

Өндірістің құлдырау көрсеткіштері.



Бұл жағдайда нарықтық экономикаға көшу (1991ж.) сауда-экономикалық байланыстардың жаппай үзіліуі, бирынғай қаржы-несие саясаты жүргізілуінің үйлестірілмеуі, өндірістік қатынастардың ескі жүйесінің шұғыл бұзылуды салдарынан орын алған дағдарыс жағдайларында басталғанын ескеру керек. Ал жаңа нарықтық тетіктер енді ғана қалыптаса бастаған еді.

Экономиканың даму деңгейін, стратегиялық мақсатын іске асыру үшін нарықтық экономикаға өтіп, оның моделін жасау қажет болды.

Еске тұсіру

(9-сыныпта алған білімі.)

— Нарықтың сипаты.

— Нарықтың негізгі белгілері.

— Нарықтық экономикаға көшүдің қажеттілігі.

Мұғалім оқушыларға Қазақстанның рынокқа өтуі экономика саласында мынадай басым бағыттарды көздегенін көрсетеді.

— бәсеке жағдайында, яғни мемлекеттік және жекеменшік формаларына негізделген нарықтық экономиканы қалыптастыру (мемлекеттік меншік үлесі үнемі кемітін болады);

— адамның өзін-өзі билеу үстанылдарын жүзеге асыру үшін құқықтық нормалар мен басқа да қажетті жағдайлар жасау;

— еңбекке деген ықылас-ынталасын күшепіту, өрбір қазақстандық отбасының тұрмыс жағдайын жақсарту және өлеуметтік тұрақтылықты қалыптастыру мақсатында тұтыну рыногін толықтыру;

— Қазақстанның экономикасын жаңғырту негізінде дүниежүзілік тауар рыноктарында нақты позицияларға қол жеткізу;

— Шетелдік инвестициялар тарту және оларды Қазақстанның дамуы үшін тиімді пайдалану;

— үлттық валюта енгізу.

Бес жыл өткен соң, 1997 жылдың қазан айында, ел Президентінің «Қазақстан — 2030. Қазақстандықтардың ғулденуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының жақсаруы» атты Қазақстан халқына жолдауында мемлекеттің осы бағыттағы жұмысының кейбір көрінісдері көрсетілген. Оның көрінісінде экономикалық және өлеуметтік дамудың бүдан бері оның жолдары да белгіленген. 2030 жылға дейінгі оқушылар мұқият түсініу керек.

Мұғалім келешекте мұнай-газ өнеркәсібінің ел экономикасын дамытудағы рөлінің зор екенін баяндай отырып, картадан мұнай кен орталықтары орналасқан аумақтарды түгел қамтып көрсетеді. Қазақстан жерінде мұнай мен табиғи газ қорының болжам бойынша сандық көрсеткіштерін тақтага жазады, оқушылар дәптерлеріне түсіреді. Ұлттық мұнай компанияларының атап, олардың келешекте экономиканың дамуы барысында ерекше рөл атқарының, яғни Республикаға келетін шетел инвестициясының бір бөлігі екенін нақтылайды.

Мұғалім осы сәтте инвестиция терминіне анықтама береді. Оқушылар берілген тапсырманы дәптерлеріне жазып алады. (Терминдік ұғымдарға анықтама қосыншада берілген.)

Бекіту сұрақтары

1. 90-жылдардың бірінші жартысында өнеркәсіп өнімінің құлдырауы неліктен?
2. «Нарықтық экономика моделінің» қандай ерекшеліктері болды?

Тапсырма.

Төменде берілген үлгі бойынша кестені толтырыңдар.

Мұнай кеніштерінің орналасқан жері	Компания атаулары	Компанияның сипаттамасы	Өндірілген өнім

Мұғалім оқушылардың жаңа сабакты қаншалықты мемгергенін бекіту сұрақтары мен тапсырманы орындау барысында бақылап, бағалай алады.

Сабактың екінші сағаты

Сабактың барысы

1. 90-жылдардың бірінші жартысындағы Қазақстан экономикасына сипаттама беріндер, оның кері кету себептері қандай?
2. «Нарықтық экономика моделінің» мәнін түсіндіріндер, оның ерекшеліктері қандай?
3. Жазба жұмыстарын тексеру.

Мұғалім сабак мазмұнын оқулықта берілген тақырып-шалар бойынша әнгімелеп, баяндау әдісін қолдану арқылы түсіндіреді.

Мемлекет иелігінен алу және жекешелендіру жолымен нарықтық қатынас субъектілерін жасау жөнінде көлемді жұмыс жүргізілді. Жекешелендіру экономикалық реформа-

лардың басты құрамдас бөліктерінің бірі болды. Бұған қоса, жекешелендіру кәсіпорындарды қайта үйімдастыру мен жаңғырту, сондай-ақ өндіріске инвестициялар тарту жолындағы маңызды құралға айналды.

Мемлекет иелігінен алу мен жекешелендіру жөнінде жүзеге асырылған шаралар құштеуді — экономикалық мұдде мен қырсызықты өз меншігіне және еңбегінің нәтижелеріне үқыпты қараумен, өндірушілер монополизмін — олардың бәсекелестігімен, техникалық тоқырауды — прогрессен алмастыруды.

Мұғалім жекешелендіру туралы жалпы шолу жасағаннан кейін, қабылданған бағдарламаларға сәйкес республикада жекешелендіру бес бағытта жүргізілгенін баяндайды.

Олар:

1. Шағын жекешелендіру
2. Жаппай жекешелендіру
3. Жеке жобалар бойынша жекешелендіру
4. Аграрлық кешендегі жекешелендіру
5. Ақылы жекешелендіру

Оқушыларға олардың түрған жерінде жекешелендірудің қандай бағыттарда жүргізілгені туралы сұрақ койылады. Осылан орай оқушылар кестедегі тапсырманы орындаиды.

Реті	Жекешелендіру бағыттары	Максаты	Қабылданған зандар

Шағын және орта бизнес жөнінде баяндағанда мұғалім оның мәні мен маңызын былай ашып береді.

Қазіргі таңда қай салада болсын шағын және орта бизнестің маңызы зор. Өсіресе өнеркәсіп салаларында жана шетел технологияларын енгізуге, кәсіпорындарда халықтың жұмыспен қамтамасыз етуге баса назар аударылуда. Соңғы жылдары мемлекеттің өлеуметтік-экономикалық саясатының аса маңызды артықшылықтарының бірі шағын бизнесі қолдау мен дамыту болып отыр.

Қазақстан инвестициялық саясатқа ерекше назар аударып, арнайы мемлекеттік комитет құрды. Шағын бизнесі дамыту ісінде шетелдік инвестицияның маңызы зор.

Оқушы берілген қосымша материалдарды және кестелерді пайдалана отырып, ауыл шаруашылығы реформасының нәтижесін баяндайды.

Ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру

	млрд тенге	Бұрынғы жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда, % есебімен				
		2000 жылғы қантар- желтоқсан	2000 жылғы қантар- ақпан	2000 жылғы желтоқсан	1999 жылғы қантар- ақпан	1999 жылғы желтоқсан
Ауыл шаруашылығының жалпы өнімі, барлығы	399,1	96,7	96,3	128,0	96,0	
Ауыл шаруашылығы	217,3	92,7	100	166,2	140,9	
Мал шаруашылығы	181,8	101,3	96,3	101,0	96,0	
	2000 жылғы қантар- желтоқсан	2000 жылғы қантар- ақпан	2000 жылғы желтоқсан	1999 жылғы қантар- ақпан	1999 жылғы желтоқсан	
Астық	115782,0	81,2	—	223,0	—	
Картоп	1694,2	99,9	—	134,2	—	
Көкөніс	1535,3	119,3	—	119,3	—	
Ет (сойыс салмағы)	627,9	98,8	93,4	98,6	93,4	
Сүт	3701,3	106	110,6	104,6	115,3	
Жұмыртқа, мың дана	1692,2	112	123,2	108,9	96,5	

Bекіту сұрақтары

1. Жекешелендіру және оның бағыттары жайлы не тусіндіндер?
2. Инвестициялық саясаттың мәнін және оның тиімділігін ашып көрсетіндер.
3. Неліктен 2003 — 2005 жылдар «Ауылды өркендету жылдары» деп аталды?

Үйге тапсырма

Мұғалім үй тапсырмасын сабактың соңында түсіндіріп, нақтылайды. Тақырып соңындағы тапсырма мен сұрақтар бойынша даярлану тапсырылады.

§ 33. ҚАЗАҚСТАННЫҢ ДУНИЕЖҰЗІЛК ҰЙЫМДАРМЕН, ШЕТЕЛДЕРМЕН ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫ

Сабактың мақсаты

Қазақстан Республикасының төуелсіздік алғаннан кейінгі кезде беделді халықаралық ұйымдармен, шетелдермен экономикалық байланысының маңызы жайын оқушыға толық менгерту. Конференция сабағы барысында оқушылардың шығармашылық ізденісін «өте жақсы» деген бағамен бағалауға болады. Мұғалім мен оқушының өзара белсенді қатысуымен, сабактың тиімді өрі білімнің толық менгерілгені байқалады.

Көрнекі құралдар

Қазақстан Республикасының картасы, сұлбалар.

Сабактың барысы

Сабак мазмұнына қарай конференция түрінде жүргізледі. Оқушылар алған тапсырмалары бойынша баяндама жасайды. Ең соңында конференция жұмысын жетекші мұғалім қорытындылайды.

Оқушыларға алдын ала екі апта бұрын мынадай тапсырма беріледі. Қазақстанның Америка, Еуропа, Азия елдерімен, Туркия республикасымен және басқа да шетелдермен экономикалық байланысы жөніндегі мәліметтерді жинақтап, реферат немесе баяндама даярлау.

Мұғалім жаңа сабактың тақырыбын тақтага жазады. Картадан Қазақстан Республикасының аумағын көрсетіп, бас қаласын сұрайды.

Оқушылар. — «Астана».

Мұғалім. Міне, біз Астана қаласында өткелі отырған конференцияға қатысамыз.

І бөлім. Мемлекеттік төуелсіздікке қол жеткеннен кейін, Қазақстан Республикасы дүниежүзі мемлекеттерінің басым көшпілігінің тануы мен қолдауына ие болып Дүниежүзілк қоғамдастықтың толық құқылды мүшесіне айналды. Еліміз-

дін төуелсіздігін 115 ел мойындады, 108 елмен дипломатиялық қарым-қатынас орнады.

Төуелсіздікке қол жетуі Қазақстанның көптеген дамыған және дамушы мемлекеттермен экономикалық байланыстарын жолға қоюға, бұрынғы әріптестермен қарым-қатынастарды қайта құруға, дүниежүзлік рынокке кіру жолымен ілгері басуға мүмкіндік берді.

Дүниежүзінде қандай халықаралық үйімдар бар деген сұрақ бойынша оқушылардың жауабы тындалады. Оқушылар атаған үйімдарды мұғалім тақтаға жазып, қажеті болып жатса толықтырады.

Олардың кейбіреуін келтіре кетейік: Еуропалық Қоғамдастық, Біріккен Ұлттар Үйімі, Бүкіл дүниежүзлік сауда үйімі, ВОЗ (Денсаулық сақтау), ОЭСР (Экономикалық ынтымактастық пен даму үйімі), ЮНЕП (Коршаған ортаны қорғау) және т.б.

Төмендегі сұлба бойынша сабактың I бөліміне қорытынды жасалады.

Пікір алмасу түрінің мүмкіндігі	Оқушының жетекшілік позициясын нығайтады	Сыныпта өзара ашық қатынастарды қамтамасыз етеді	Бірлесіп білім алу ісінде жауапты іс-әрекет жасайды
---------------------------------	--	--	---

II бөлім. Конференцияға келген шетел елшілері оқушылар мұғалім үстелінің қасына оқушыларға қарсы қарташып қойылған парталарға отырады. Олар — Еуропа елдерінен келген 5 елші (Германия, Италия, Франция, Англия, Польша) және Азия елдерінен келген бес елші (Қытай, Жапония, Оңтүстік Корея, Туркия, Сауд Арабиясы) және АҚШ елшісі. Елшілердің мақсаты: Қазақстанның шетелдермен экономикалық байланысы жөніндегі даярлаған баяндама немесе рефераттарын күнделікті өмірмен байланыстыра отырып баяндау. Қалып кеткен деректерді мұғалімнің өзі толықтырып отырады.

Бұл тәсіл (оқушылардың тақырыпқа алдын ала дайындалуы) — оқушылардың өздігінен ізденуіне, тарих пәніне қызығушылығына әсер етеді.

Елшілер мәліметінен соң, мұғалім оқушылар көнілін тақтаға ілініп қойылған, қосымша материал ретінде беріліп отырған кестеге аударады. Бұл кесте арқылы оқушыларға Сыртқы сауда айналымының экспорты мен

импортының 1999—2000 жылдар аралығындағы пайыз есебімен берілген сандық көрсеткіштерін салыстырмалы турде түсіндіреді.

Сыртқы сауда айналымының серпіні

	2000 жылғы қантар—қараша (млн АҚШ доллар)	2000 жылғы қараша (млн АҚШ доллар)	2000 жылғы қантар—қараша. 1999 жылғы қантар—қараша, % есебімен	2000 жылғы қараша 1999 жылғы қараша, % есебімен
Сыртқы сауда айналымы оның ішінде:				
1263,53	1411,7	156,7	157,2	
Экспорт	8184,0	948,3	171,8	165,0
ТМД-дан тыс елдер	6006,0	705,6	169,1	165,0
ТМД елдері	2178,0	242,7	179,8	133,8
Импорт	4451,3	463,4	134,9	143,5
ТМД-дан тыс елдер	2011,1	234,6	105,6	132,0
ТМД елдері	2440,2	228,8	174,6	157,5

Мұғалім конференцияға келген шетел елшілерінің (окушылардың) енбегін бағалайды. 11 елші қатысты. Үйге берілген тапсырма бойынша қосымша сұрақтар да қойылды.

1. Жекешелендірудің бағыттарын атап айтыңдар.


2. Инвестиция деген терминге анықтама беріңдер.

Әрине, қосымша сұрақтың көп болуының қажеті жок. Себебі оқушылар сабакты ретімен айттып түсіндірген соң, мұғалім жақсы дайындалған оқушыларды мадақтап, олардың материалдарын арнағы папкаға салып қояды.

Үйге тапсырма

Мұғалім сабактың соңғы 2-3 мин-да үйге берілетін тапсырманы түсіндіріп, тақтаға жазады.

Жаңа сабактың оқушылар үшін тиімді болғанын төмендегі сұлбадан көруге болады.



§ 34. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ СЫРТҚЫ САЯСАТЫ ЖӘНЕ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖАГДАЙЫ

Сабактың маңсаты

Қазақстан Республикасының тәуелсіздік алғаннан кейінгі сыртқы саясатының негізгі бағыттары туралы оқушыларға толық білім беру.

Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алғаннан кейінгі кезде аймақтағы көршілерімен байланыстары, ынтымақтасығы ұлғайып, нығайғандығын оқушы осы сабактың төніре-гінде толық меңгер алады.

Мұғалім сабак барысында оқушылардан сұрап арқылы жауап ала отырып, олардың тақырыпты қаншалықты мен-гергенін біледі.

Көрнекі құралдар

Тәуелсіз Қазақстан Республикасының картасы, глобус, сұлба.

Сабактың барысы

Бұл сабактың өтілетіні алдын ала ескертіледі. Себебі оқушы бұл тақырып жөнінде жаңа ақпаратты, еліміздің сыртқы саясаты мен халықаралық жағдайының ерекшеліктерін білуге құштар. Осы арқылы пәнге қызығушылығы арта түседі.

Тақырып бойынша назар аударылатын сұрақтар:

1. Сыртқы істер министрлігі қашан құрылды?
2. Кеңес Одағының құрамында болған кезде ол қалай аталды?
3. Сыртқы істер министрі болғандардың қайсысын білесіндер?

4. Тұңғыш Сыртқы істер министрі болған кім?

5. Қазір Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрі кім?

Осы сұрақтардың жауабын мұғалім оқушылармен ынтымақтаса отырып пайымдаң, жаңа шығармашылық шешімді топшылайды.

География пәнімен байланыстыра отырып, алған білімдерін нақтылау үшін сынның оқушыларына мынадай сұрақ қойылады.

— Қазақстанның геосаяси жағдайына сипаттама беріп, (жер көлемі, халқының саны, шекара ұзындығы) картамен жұмыс жүргізіледі.

Оймен саяхат жасай отырып, оқушы төмендегі кестені толтырады.

Қазақстан Республикасының геосаяси жағдайының қолайлы жақтары	Қазақстан Республикасының геосаяси жағдайының қолайсыз жақтары	Геосаяси жағдайдың сыртқы саясатпен байланысы

Дүниежүзі елдері неліктен Тәуелсіз Қазақстанды таныды? — деген сауалды сынның оқушыларына жария ете отырып, мұғалім олардың ойын тыңдайды әрі толықтырады. Ол тақырыптың соңында берілген тарихи құжаттардан, басқа да материалдардан үзінділер келтіріп, солар бойынша баяндау, пысықтау, нақтылау жұмыстарын жүргізеді.

Үйге тапсырма

Мұғалім әдеттегідей үй тапсырмасына уақыт бөледі. Қазақстан Республикасының сыртқы саясаты мен халықаралық жағдайын және тақырыптың соңында берілген сұрақтар мен тапсырмаларды түсіндіреді.

ҚОРЫТЫП-ҚАЙТАЛАУ САБАҒЫ

Сабақтың мақсаты

Оқушылардың пәнге деген ынтасын арттыра отырып, Қазақстан Республикасының өлеуметтік, экономикалық, саяси жағдайларының даму ерекшелігін танып-білуін бағалау.

Қорытып-қайталашу сабағында оқушылардың оқығандарын тек есте қалдыру ғана емес, сонымен қатар оқып жүрген материалдарды менгергенін тексеріп, тұтас бір кезеңнің материалын олардың қорытуына, тарихи дамудың заңдылығын анықтауына көмектескенін байқап отырмыз. Яғни, сабак барысында оқылышп отырган деректер мен оқығалардың тууы мен дамуына, жаңа ұғымдарды итеруіне, тарихи процестің дамуын айқындайтын бірнеше даталарды атап өтүіне байланысты жүргізілген жұмыстар арқылы оқушылар алған білімдерін нақты, жинақы, сапалы менгергенін дәлелдей, өздеріне тиісті баға алады.

Сабақтың көрnekілігі

Қазақстан Республикасының картасы, сұлбалар: «Тесттренинг», «Төуелсіз Қазақстан».

Сабактың сайыс түріндегі үлгісін ұсынып отырмыз.

Сабақтың барысы

Мұғалім оқушылардың назарын өзіне аудару үшін, дауыс ырғағын, нақышына келтіре отырып:

Байқалар оқушының бар жақсысы,

Қайсаңлық, тапқырлық пен талмас күші, — дей келе бүтінгі сайыс сабағымызды бастаймыз деп хабардар етеді. Алдымен, өділ қазылар алқасын сайладап алады (2 оқушы немесе 2 пән мұғалімі). Оқушыларды екіге бөліп, біріншісі «Көк бөрі», ал екіншісі — «Барыс» тобы деп аталауды. Оқушылар сайыстың шартымен хабардар болу үшін, мұғалім тақтандың оң жақ шетіне төмөндегі үлгі шартты іліп қояды.

Сайыстың шарттары

1. Таныстыру.
2. Сурақ-жауап.
3. Картамен жұмыс.
4. Оқулықпен жұмыс.

5. Сергіту сөті (жұмбак-сұрақ).
6. Берілген тапсырманы орындау.
7. Терминдік ұғымдарға анықтама беру.
8. Тест-тренинг әдісі бойынша жазба жұмысы.
9. Топ басшыларының сайысы.
10. Хронологиялық-синхрондық әдіс бойынша жазба жұмысын жүргізу.
11. Ребус шешу.

Сайыстың алғашқы шарты бойынша екі топтың басшылары өз танбаларымен таныстырып, сөлемдеседі.

Таныстыру: «Көк бөрі» тобы:

Олимпиада болып жатқан мезгілде,
Осынау кеш Ордаға,
Көк бөрідей топты құрып,
Келіп қалдық ортаға.
Қарсы алындар қуанышпен,
Шапалактап біздерді.
Әділқазы алқасы,
Бізді әділ бағала!

Топтың «Көк бөрі» аталу себебі: көк — ауызбірліктің белгісі, бөрі — бүкіл түркі халықтарының киесі, Ай — мұсылмандықтың белгісі, алты бұрыштың жұлдызы — казақтың алты алашы бірігіп, қазақтың жұлдызының жарқыратса деген ой.

Таныстыру: «Барыс» тобы:

Қазағымның тау-тасын,
Өзен-көлін қырқасын,
Оқимыз да, білеміз.
Ауасы мен даласын —
Қазағымның үрпағы,
Біз боламыз жеткіншек.
Ата-баба аруағы,
Қолдай жүрсін келешек.

Топтың «Барыс» деп аталу себебі — 2030 жылға қарай Қазақстан Орталық Азияның Барысына айналады және өзге дамушы елдер үшін үлгі болады. Жануарлар әлемінде жолбарыс туыстас болғанымен барыстың өзіндік еркешеліктері де бар. Ол өзіне тән тектілігімен, алғырлығымен, жас-қануды білмейтін батылдығымен, айлалығымен дараланады.

Сайыстың екінші шарты бойынша, екі топтың да окушылары алма-кезек шығып, қоржыннан нөмірленген асықты алып, соған сәйкес нөмірленген конверттегі сұрақтарға жауап береді.

1. «Қазақ КСР-інің мемлекеттік егемендігі туралы Декларация» мен «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Конституциялық заңының арасындағы айырмашылықты түсіндіріндер.
2. Қазақстан Республикасының Егемендік күні мен Тәуелсіздік күнінің тарихи маңызы нede?
3. Тәуелсіздік алғаннан кейін Қазақстан Республикасында қандай саяси партиялар мен қозғалыстар құрылды?
4. Ауыл шаруашылығы реформасы туралы не білесіндер?
5. Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін Сыртқы істер министрлігінің жұмысын қалай үйімдастырды?
6. Қазақстанның сыртқы саясатының негізгі мақсаты қандай?
7. Мемлекеттердің Еуразия Одағын құруға бастамашы болуына не себеп болды?

Сайыстың келесі шарты *картамен жұмыс*. Қазақстан Республикасының аумағы және облыс орталықтарын белгілі бір шартты белгі (нүктө немесе төртбұрыш) арқылы белгілеп, көрсетілген кескін картаны тақтаға ілеміз. Оқушылар облыс орталықтарының аты жазылған қалаларды осы кескін картага ретімен өз орнына орналастыруы тиіс. Себебі оқушы Тәуелсіз Қазақстан Республикасының физикалық картасымен күнделікті жұмыс жасап үйренген, сондықтан оны жылдам орналастырады.

Келесі шарт бойынша берілген тапсырманы көрнекі құрал арқылы түсіндіреді. Оқушылар көрнекі құралды пайдалана отырып, берілген тапсырма бойынша мына сұрақтарға жауап даярлайды.

1. Қазақстан Республикасының Елтаңбасына жалпы сипаттама беріндер.
2. Қазақстан Республикасы Өнүранының қыскаша мазмұнын айтындар.
3. Қазақстан Республикасының Тұына жалпы сипаттама беріндер.
4. Ұлттық валютасын ерекшеліктерін атаңдар.

Бұл шарт бойынша бір-екі оқушымен шектелмей, екі топтың оқушыларына да сұрақтарға жауапты толықтыруға мүмкіндік берген дұрыс.

Сайыстың келесі шарты бойынша, терминдік ұғымдарға анықтама беріледі. Мұғалім магниттік тақтаға мынадай терминдерді (инвестиция, кредитор, ассоциация, конвенция, корпорация, кондиция, ведомство, кредит, интеграция, унитаризм) іліп қояды. Осы терминдерге екі топтың оқушылары алма-кезек жауап береді.

Сайыстың келесі шарты бойынша, тақтага тест-тренинг өдісі бойынша плакат ілініп, окушылар жазба жұмысын жүргізеді.

Тарихи жағдай	Мерзімі	
Қазақстан Республикасының БҮҮ-га енуі	1989ж. 1992ж. 2002ж.	1992 ж.
Дүниежүзі қазактарының II Құрылтайы	1985ж. 2000ж. 2002ж.	2002 ж.
Қазақстанның Ислам Конференциясы ұйымына кіруі	1995ж. 1999ж. 2001ж.	1995 ж.
Қазақстан Жастарының II конгресі	1986ж. 1989ж. 2002ж.	2002 ж.
Семей ядролық сынақ алаңын жабу	1991ж. 1993ж. 1997ж.	1991ж.

Мұғалім мерзімі деген бөлікке әртүрлі уақытты жазады, ал окушылар соңғы бөлікке дәл уақытты тауып жазу керек.

Жазба жұмысынан кейінгі шарт бойынша екі топтың басшылары ортаға шақырылады, олар кезекпен төмендегі сауалдарға жауап береді, өзара сайысқа түседі.

1. Азиядағы Өзара ІІңпалдастық және Сенім шаралары жөніндегі Кенесте қандай мәселелер қаралды?
2. Дүниежүзі елдері төуелсіз Қазақстанды неліктен таныды?
3. Төуелсіздік алғаннан кейінгі еліміздің мемлекеттік құрылымын түсіндіріндер.
4. Қазақстан Жастарының II Конгресінде қандай мәселелер қаралды?
5. Қазақстан халқы Ассамблеясы қандай маңызды міндеттерді атқарады?
6. Дүниежүзі қазактарының II Құрылтайында қандай мәселелер қаралды?

ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАН

Осы сәтте топ басшыларымен ауызша жұмыс барысында сыныппен жазба жұмысы қатар жүргізіледі. Окушылар хронологиялық-синхрондық әдіспен орналасқан «Тәуелсіз

Қазақстан» деген тақырыппен берілген кестені сыйып толтырады. Кестенің берілген бағаналарында Тәуелсіз Қазақстанның әртүрлі тарихи кезеңдеріне сайси, өлеуметтік-экономикалық жағдайы туралы, негізгі тарихи деректер мен жағдайларға байланысты қысқа, жинақта-лынған, нақты түсініктемелер берілді. Бұл кестені оқушылар тарау бойынша өтілген негізгі мәселелерді еске түсіре отырып толтырады. Кестенің үлгісін беріп отырымыз.

Сабак сайыс түрінде жүргізілгеннен кейін, қазылар алқасы екі топтың да балдық жүйесін есептеп, жария етеді.

Қорытынды

Тәуелсіз Қазақстанға қорытынды жасалып, оқушылардың білімі толық бағаланады.

Тәуелсіз Қазақстан

Жылдар	Саяси өмір	Өлеуметтік-экономикалық жағдай
		1
1990 жыл, сөүір	<p>Қазақ КСР Жоғарғы Кенесінің Н.Ә.Назарбаевты Қазақ КСР-дың президенттік қызыметіне сайлауды.</p> <p>Азаматтық «Азат» қозғалысын құру (1991 жыл күз саяси партия).</p> <p>Үлтаралық қозғалыс «Бірлікті» (Единство) құру, Қазақстанның Социал-демократиялық партиясының құрылуы.</p> <p>«Алаш» партиясының құрылуы.</p> <p>Қазақстанда 100-ден аса саясаттандырылған қоғамдық үйымдардың құрылуы</p>	<p>Малшаруашылық өнімдерінің азайып кетуі</p> <p>Ақша эмиссиясы, ақшаның құнсыздандынуы, бағаның өсуі, халық тұтынатын тауарлардың же тіспеушілігі</p> <p>Тамак өнімдері мен халық тұтынатын тауарларды бөлү ісінде карточка жүйесінің кеңеюі</p> <p>Экономикалық дағдарыстың одан әрі шиеленісі</p>
1990 жыл, 25 қазан 1991 жыл, 19 тамыз	<p>Қазақ КСР-ның «Мемлекеттік егемендігі туралы Декларацияның» қабылдануы.</p> <p>Мәскеудегі мемлекеттік төңкеріс жасау әрекеті</p>	Жаңа банк құрылымдарының құрылуы (бірінші халықаралық банк Сауд Арабиясының қатысуымен құрылды)

Жалгасы

1	2	3
1991 жыл	<p>Н.Ә.Назарбаевтың республика халқына үндеуі.</p> <p>«Қазақ КСР-ның қауіпсіздік Кенесін күру туралы»,</p> <p>«Одақтық бағынудағы мемлекеттік кәсіпорындар мен үйымдардың Қазақ КСР үкіметінің қарамағына өтуі туралы», Қазақ КСР-дың «Алтын қоры мен алмас қорын күру туралы», «Семей ядролық сыйнақ алаңын жабу» мен басқа да мәселелер туралы Жарлықтарының шынуы</p>	
1991 жыл, қыркүйек	Қазақстан Компартиясының кезектен тыс төтенше съезіндегі Қазақстан Компартиясын тарату туралы шешім қабылданды.	Ақшаның құнсызда-нуының (инфляцияның) есе тусуі, халықтың не-гізгі бөлігінің құнкөріс деңгейінің төмендеуі.
қазан	Қазақстан Халық Конгресі партиясы құрылды. Қазақстан ЛКЖО-сы Қазақстан Жастар одагы болып өзгерілді	Нарықтық экономиканы дамытуға жасалған бетбұрыс
1 желтоқсан	Қазақстан Президентін бүкілхалықтық сайлау	
10 желтоқсан	Қазақстан Президенті Н.Ә. Назарбаевтың өз қызметіне кірсіуі. Республика Жоғарғы Кенесінің Қазақ КСР-ын Қазақстан Республикасы деп атауы туралы	
8 желтоқсан	РКФСР, Беларусь және Украина басшыларының Минск қаласындағы кездесуі. Төуелсіз Мемлекеттер Достастығын (ТМД) күру жөніндегі шешім	
12 желтоқсан	«Қазақстанда 1986 жылдың 17-18 желтоқсандағы оқиғаларға қатысқаны үшін жауапқа тартылған азаматтарды актая туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы	

1	2	3
16 желтоқсан	«Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Конституциялық Зан қабылданды	
20-21 желтоқсан	ТМД-ға мүше республикалар басшыларының Алматыдағы кездесуі: ТМД-ны құруға байланысты мәселелерді талқылау	
1992 жыл, кантар	Қазақстан Республикасының ішкі өскерлерін құру	Республика Президенттің бағаны босату жөніндегі Жарлығы. Бағаның күрт өсіі, өндірістің құлдырауы
1992 жыл	Алматыда Дүниежүзі қазақтарының тұңғыш Құрылтайы болды	
1992 жыл, 2 наурыз, маусым	Қазақстанның тольғы өкілетті мүше ретінде БҮҮ-на кіруі. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туы мен Мемлекеттік Елтанбасын бекіту	
казан	Қазақстанның халықаралық экономикалық Бірлестік үйіміна мүше болып кіруі (ОЭС)	
1993 жыл, 15 қараша	ҚР Ұлттық тәнгесін ендіру	
қараша	Халықаралық байланыстардың кеңеюі. Президент Н.Ә.Назарбаевтың АҚШтың, Қытайдың, Туркияның, Францияның, Иранның, Австрияның және басқа да елдердің басшыларымен жоғары деңгейдегі кездесулері	Өнеркәсіптік және коммерциялық объектілерді жекешелендіру процесінің кеңеюі
1994 жыл, наурыз	ҚР Жоғарғы Кенесінің сайлауы. Байқоңыр Космодромын Ресейге 20 жыл мерзімге жалға беру, бұл мерзімді онан өрі созуға болатындығы жөнінде Қазақстан мен Ресей арасындағы келісім	Өндірістің одан өрі құлдырауы

Жалгасы

1	2	3
мамыр	КР Жоғарғы Кеңесінің Республика үкіметінің әлеуметтік-экономикалық және құқықтық саясатына сенімсіздік білдіруі. Орта-Азиялық Одак — Қазақстанның, Қыргызстанның және Өзбекстанның арасында ортак экономикалық кеңістік жөніндегі келісімге қол қойылды	Рынокты халық тұтынатын тауарлармен және тамак өнімдерімен біртінде толтыру
1994 жыл, қазан	КР үкіметінің өз қызметін дөғаруы: үкіметтің Жаңа құрамының құрылуы	Министрлер кабинетінің мұнай өнімдерінің бағасын босату туралы қаулысы
қараша	Қазақстан тарыхшесі Т.Мұсабаевтың халықаралық әкипаждың құрамында «Союз ТМ-19» кораблімен үшпүү. Президент Н.Ә.Назарбаевтың АҚШ-ка, Жапонияга, Италияға, Сауд Арабиясына және басқа елдерге ресми сапарлары	Желтоқсанда өндірістік емес сала қызметкерлері жалақысының есүі
1995 жыл, қаңтар	Беларусьтың, Қазақстанның, Ресей мен Қыргызстанның Кеден Одағының құрылуы	
наурыз	Конституциялық соттың сайлау мен оның өкілдегітігі заңсыз деп табуына байланысты Жоғарғы Кеңестің депутаттарының Қызметін тоқтатуы	Жаңа салық Кодексінің бекітілуі
29 сәуір	Президенттің өкілдігін 2000 жылдың 1 желтоқсанына дейін ұзарту жөніндегі Бүкілхалықтық референдум	
30 тамыз	КР-ның Жаңа Конституциясын қабылдау (Бүкілхалықтық референдумның нөтижелеріне сәйкес)	
желтоқсан	Республика парламентінің жаңа құрамын сайлау. Қазақстанның Ислам Конференциясы үйімінен кіруі	

Жалгасы

1	2	3
1996 жыл, наурыз	Ресей, Қазақстан, Беларусь, Қыргызстан арасында экономикалық және қоғамдық салалар бойынша интеграцияны тереңдете беру жайлы Көлісімге қол қойылуы. (1998 жылдың сөүірінде бұған Тәжікстан Республикасы қосылды)	
1997 жыл	Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев мемлекеттік дамудың бағдарламасын жариялады. «Қазақстан Республикасында тіл туралы» заңның қабылдануы. (Қазақстандағы тілдер кызметінін құқықтық негіздері белгіленді)	«Қазақстан—2030» стратегиясы Қазақстан Республикасы экономикасына шетел капиталин жан-жақты тартуға бағыт ұстай
1997 жыл, сөүір	Президенттің «Қазақстан Республикасының өкімшілік-аумақтық құрылышын реттеу жөніндегі шараптар туралы» Жарлығы: Талдықорған (аумағын Алматы облысының құрамына ендиру) және Торғай (аумағын Ақмола және Қостанай облыстарының құрамына ендиру) облыстарын тарату	Бір кызметкердің номиналдық орта жалақысын (1994 жылдан 1998 жылдың басына дейін) 2,6 есе өсіру
мамыр	Жезқазған (Қарағанды облысымен біріктіру), Қоқшетау (Солтүстік Қазақстан облысының құрамына ендиру) және Семей (Шығыс Қазақстан облысының құрамына ендиру) облыстарының таратылуы	«Қазақстан Республикасында азаматтардың деңсаулығын корғау туралы» базалық заңның қабылдануы
қараша	Н.Ә. Назарбаевтың АҚШ-қа сапары; мунай-газ саласындағы бірсызыра көлісімдерге қол қою және Қазақстан-Америка қатынастарының «Стратегиялық-серіктестік» деңгейіне жеткізу	Шаруа (фермерлік) ко-жалақытары санының өсуі (1991 жылдың 1 қантарындағы 324-тен 1998 жылғы 1 қантарда 51347-ге жетті)

Жалгасы

1	2	3
желтоқсан	БҮҮ-ның Бас Ассамблеясының 52 сессиясының (Қазақстанның бастамасымен) Семей ядролық сынақ полигонында ядролық қаруларды сынаудың зардабын жоюға көмек көрсете туралы шешім қабылдауы	
1998 жыл, шілде	Қазақстан және Қыргызстан Республикалары арасында мемлекеттік шекараларды болуді ретке келтіру жөніндегі Меморандумға кол қойылды. ҚР-дың жаңа астанасы Астана қаласының тұсаукаесері	Республикалық «Халық денсаулығы» бағдарламасы жарияланды
1998 жыл	Қазақстан Республикасы Парламентінің 1999 жылдың 10 қантарына белгіленген ҚР Президентінің сайлауын мерзімінен бұрын отқізу туралы шешімі	Шағын көсіпкерлікти дамытудың Мемлекеттік қоры күрылды
1999 жыл, 10 қантар	ҚР-дың Президентін бірінші рет баламалық негізде сайлау. Аса басым дауыстармен жеті жылдық мерзімге Н.Ә. Назарбаев Президент болып сайланды	
1999 жыл, ақпан—наурыз	Үлттық тұрғындар санағы өтті	
1999 жыл, 17 қыркүйек	Сенат палатасының сайлауы	
1999 жыл, 10 қазан	Мәжіліс палатасының сайлауы	
2000 жыл	Мәдениетті қолдау жылы	
2000 жыл	«Алтын адам қоры», (төрағасы Е.Қанапиянов) арқылы құрылған Үлттық қоғамдық кеңестің шешімімен «Фасыр адамы» больштанылғандар: Ә.Бекейханов, А.Байтурсынұлы, Д.Нұр-	Жер қатынастарын жетілдіру

Жалгасы

1	2	3
	пейісова, М.Әуезов, Қ.Сәтбаев, Б.Момышұлы, Д. Қонаев, Н.Назарбаев, О.Сүлейменов, Т.Әубекіров	
2000 жыл, 5 ақпан	Ауылшаруашылық өндірісін дамытудың 2000—2002 жылдарға арналған бағдарламасын жүзеге асыру жөніндегі іс-шаралар	
2000 жыл, 10 ақпан	Қазақстан Республикасының өскери доктринасын бекіту	
2000 жыл, 29 шілде	Семей ядролық полигонындағы ядролық сынқартарға арналған соңғы штольняны жою	
2001 жыл, мамыр	Астанада «Ежелгі түркі өркениеті: жазба ескерткіштері» тақырыбында Халықаралық Конференция өтті	
2001 жыл. 29 тамыз	Семей полигонының жабылуына 10 жыл толуына және Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 10 жылдығына арналған «XXI ғасыр ядролық қарудан босатылған әлемге бағыт алу» тақырыбында Халықаралық Конференция болып өтті	
2001 жыл, 7 қыркүйек	Ақтау қаласында өткен Қазақстан жастарының I Конгресі	
2001 жыл, 16 желтоқсан	Қазақстан Тәуелсіздігінің 10 жылдығы	
2002 жыл	Денсаулық жылы	
2002 жыл, наурыз	Қазақстанның 2030 жылға дейінгі Даму стратегиясын іске асыру жөніндегі одан аргы шаралар туралы	

Жалгасы

1	2	3
2002 жыл, 8-9 сәуір	II «Еуразия экономикалық Саммиті» (Алматы)	
2002 жыл, 4—6 маусым	Азиядағы ықпалдастық пен сенім шаралары жөніндегі Кеңестің I Саммиті (Алматы)	
2002 жыл, 23-24 қазан	Дүниежүзі қазактарының II Құрылтайы (Түркістан)	
2002 жыл, қараша	Қазақстан Жастарының II Конгресі	
2003 жыл	Ауылды колдау жылы	
2003 жыл	Ресейдегі Қазақстан жылы болып жарияланды	
2004 жыл	Қазақстандағы Ресей жылы	
2004 жыл, 19 қыркүйек	ҚР Парламенті мәжілісі сайлауы	
2004 жыл, 11 қазан	ҚР Президенті жарлығымен Қазақстанда 2005—2010 жылдары білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасы бекітілді (бағдарлама біртіндеп 12 жылдық білім беруге көшуіді көздейді)	
2004 жыл, 24 желтоқсан	Астанада Президент Резиденциясы Ақорданың ашылуы	
2005 жыл	Қауіпсіздік пен еңбекті қорғау жылы	
2005 жыл	Қазақстандық жастарға «Болашак» бағдарламасы бойынша АҚШ пен Батыс Еуропа елдерінің жоғарғы оқу орындарында білім алуға мүмкіндік берілген	

Жалгасы

1	2	3
2005 жыл, 28—30 қыркүйек	Дүниежүзі қазактарының III Құрылтайы (Астана)	
2005 жыл, 4 желтоқсан	Президент сайлауы болып, Н.Ә.Назарбаев басым дауыспен (91,15%) жеңіске жетті	
2006 жыл, қаңтар	Қазақстан Республикасының жаңа Өнүраны қабылданды. Авторлары: Ж.Нәжімеденов; Н.Назарбаев (сөзі), Ш.Қалдаяқов (әні).	
2006 жыл, 31 наурыз	ҚР Парламентінің №222 қау-лысы Қазақстан Республикасы үкіметінің 2006—2008 жылдарға арналған бағдарламасын және Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 1 наурыздагы «Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті елу елдің қатарына кіру стратегиясы» атты Қазақстан халқына Жолдауын бекітті.	
2010, 1-2 желтоқсан	Астана қаласында ЕҚЫҰ-ның саммиті өтті	
2011 жыл 31 қаңтар — 6 ақпан	Астана мен Алматы қалаларында VII Қызықы Азия ойындары өткізілді	
2011 жыл, 3 сәуір	Қазақстан Республикасында кезектен тыс Президент сайлауы өтті. Онда көпшілік дауыспен Н.Назарбаев жеңіске жетті.	

МАЗМУНЫ

I тарау. Қазақ халқының XVII—XX ғасырлардағы ұлт-азаттық, тәуелсіздік жолындағы күресі	
§ 1. XVII — XVIII ғасырлардағы жонғар шапқыншылығына қарсы азаттық күрес	14
§ 2. Жонғар шапқыншылығына қарсы курестің көшбастаушылары	15
§ 3. Қазактардың Ресей империясының үстемдігіне қарсы ұлт-азаттық қозғалысы (XVIII—XX ғг.)	17
§ 4. Сырым Датұлы бастаған ұлт-азаттық көтеріліс (1783 — 1797 жж.)	19
§ 5. Исадай Тайманұлы мен Махамбет Өтемісұлы бастаған көтеріліс (1836—1838 жж.)	19
§§ 6-7. Қенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық қозғалыс (1837 — 1847 жж.)	20
§ 8. XIX ғасырдың 50—70-жылдарындағы және XX ғасырдың басындағы ұлт-азаттық қозғалыстар	21
§§ 9-10. 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалыс	21
§ 11. 1929 — 1931 жылдардағы шаруалар көтерілістері	23
§§ 12-13. XX ғасырдың 20—80-жылдарындағы наразылықтар, көтерілістер, қозғалыстар	23
IІ тарау. XX ғасыр басындағы Қазақстандағы саяси партиялар мен ағымдар	
§§14-15. Қазан төңкерісі қарсанындағы саяси партиялар	24
III тарау. XX ғасырдың 20—30-жылдарындағы Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық-саяси, мәдени жағдайы	
§16. Қазақстанның ауыл шаруашылығы Жана экономикалық саясат (ЖЭС) жылдарында	30
§17. Қазақстан индустрисының дамуы	36
§18. Қазақстанның қоғамдық-саяси өмірі	41
§19. 20—30-жылдардағы Қазақстан мәдениеті	44
IV тарау. Қазақстан халықтарының этнографиясы	
§20. Этнография ғылымы	47
§21. Қолданбалы өнер және оның салалары	52

V тарау. Кенес дәүірінің алғашқы кезеңіндегі этнодемографиялық ахуал

§ 22. 20—30-жылдардағы этнодемографиялық ахуал	56
§ 23. Саяси құғын-сүргін және халықтар депортациясы	58

VI тарау. Қазақстан Коммунистік партиясы мен комсомолы тарихынан

§ 24. Қазақстан Коммунистік партиясының тарихы	61
§ 25. Қазақстан Компартиясы басқару жүйесіндегі тоқырау	64
§ 26. Қазақстан Коммунистік Жастар одағының тарихынан	67

VII тарау. Қазақ диаспорасы

§ 27. Қазақ диаспорасының пайда болу тарихы	70
§ 28. XX ғасырдың бірінші жартысындағы тарихи оқиғалардың қазақ диаспорасының ұлғаюына тигізген өсері	73
§ 29. ТМД елдеріндегі казактар. Олардың Тәуелсіз Қазақстан Республикасымен қарым-қатынасы. Дүниежүзі қазақтарының Құрылтай	77

VIII тарау. Тәуелсіз Қазақстан Республикасы (1991 — 2011 жж.)

§ 30. Қоғамдық-саяси саладағы өзгерістер	83
§§ 31-32. Тәуелсіз Қазақстанның экономикасы	85
§ 33. Қазақстанның дүниежүзілік үйымдармен, шетелдермен экономикалық қарым-қатынасы	92
§ 34. Қазақстан Республикасының сыртқы саясаты және халықаралық жағдайы	95
Қорытып-қайталуа сабагы	97
Тәуелсіз Қазақстан	100

Учебно-методическое издание

Турлыгул Тотай Тажиулы
Адамбосынов Кайрат Жұмажанович
Раймбекова Майра Тасболатовна

ИСТОРИЯ КАЗАХСТАНА

Методическое руководство

Пособие для учителей 11 классов естественно-математического
направления общеобразовательных школ

(на казахском языке)

Второе издание

Редакторы Е.Жақыпов

Көркемдеуші редакторы Ж. Болатаев

Техникалық редакторы А. Сәдуақасова

Корректоры Ж. Баймагамбетова

Компьютерде беттеген А. Ахметханқызы

Баспаға Қазақстан Республикасы Білім және ғылым
министрлігінің № 0000001 мемлекеттік лицензиясы
2003 жылы 7 шілдеде берілген

ИБ № 2853

Басуға 29.04.11. қол қойылды. Пішім $84 \times 108^{1/32}$. Офсеттік қағаз.

Әріп түрі «Мектептік». Офсеттік басылым. Шартты баспа
табагы 5,88. Шартты бояулы беттаңбасы 5,98. Есептік баспа
табагы 6,02. Таралымы 2000 дана. Тапсырыс №

“Мектеп” баспасы, 050009, Алматы қаласы, Абай даңғылы, 143-үй

Факс.: 8(727) 394-37-58, 394-42-30.

Тел.: 8(727) 394-41-76, 394-42-34.

E-mail: mektep@mail.ru

Web-site: www.mektep.kz